

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**

Д.Әбдіқадырова, С.Қоңырбаева, Б.Сәрсембаева

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ ПЕДАГОГИКАСЫ
Оқу құралы

«Қыздар университеті» баспасы
Алматы, 2014

УДК
ББК
Ә

Баспаға Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Редакциялық баспа кеңесі мақұлдап ұсынған

Пікір жазғандар: Г.А. Мұратбаева – пед. ғылым. д., профессор;
Н.С. Дускаева – пед. ғылым. канд., профессор

Д.Р.Әбдіқадырова, және т.б.

Ә Дене шынықтыру және спорт педагогикасы: Оқу құралы/
–Алматы: Д.Р.Әбдіқадырова, С.С.Қоңырбаева, Б.А.Сәрсембаева.
«Қыздар университеті» баспасы. 2014.- 160 б.

Оқу құралында Дене шынықтыру және спорт педагогикасы білімдер саласы ретінде теориялық-әдістемелік негіздері, негізгі бағыттары мен әдістемелік мүмкіндіктері, жалпы педагогикалық процесте тұлғаны қабілетіне сай дамыту мен жан-жақты қалыптастыру мәселелері қарастырылған.

Оқу құралынан студенттер теориялық біліммен қатар, өзін-өзі бақылауға қатысты тест тапсырмаларын, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті «дене тәрбиесі және валеология кафедрасының» болашақ дене шынықтыру пәні мұғалімдерін даярлаудағы педагогикалық тарихы мен спорттағы жетістіктерімен жан-жақты танысады.

Оқу құралы студенттер мен магистранттарға, педагог-жаттықтырушыларға арналған.

УДК
ББК

ISBN

© Д.Р.Әбдіқадырова, және т.б.,2014
© «Қыздар университеті» баспасы.,2014

КІРІСПЕ

«Дене шынықтыру және спорт педагогикасы» курсы әлеуметтік-гуманитарлық пәндер циклының құрамдас бөлігі және студенттердің педагогикалық мамандықтары бойынша оқытуға арналған.

ҚР тәуелсіздігін алғаннан бері педагогикалық білім беру жүйесі бір қатар өзгерістерге ұшырауда. Қоғамның әлеуметтік саяси және мәдени өмірінің жаңа шарттарының пайда болуы оқу пәндерінің барлық түрлеріне өз алдында өзгеше талаптар қояда.

Курстың мақсаты – болашақ мұғалімдердің қазіргі педагогикалық ғылымның негіздері бойынша білімді, жалпы білім беру мектебінде педагогикалық процесті ұйымдастыру іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру және педагогикалық ойлауды дамыту мен педагогикалық іс-әрекетті мотивациялау.

Келесі міндеттердің орындалуына ерекше көңіл бөлінеді:

- оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу процесстерінің мәні мен мазмұнын, заңдылықтары туралы білімді қалыптастыру;

- студенттердің білім беру мен тәрбиелеу жүйелерін ұйымдастыру формалары мен басқаруға қатысты білімді қалыптастыру;

- студенттердің педагогика ғылымы мен практика қазіргі жетістіктерді зерделеуде танымдық қызығушылықты дамыту;

- студенттердің өздігімен білім алуына және педагогика мамандығына жағымды дұрыс көз-қарас қалыптастыру.

«Дене шынықтыру және спорт педагогикасы» курсының пәндік ерекшелігіне қарай ЖОО студенттің іргелі құзыретін келесілер құрайды:

- Әлеуметтік өмірдің жағдайына байланысты жеке бас қажеттіліктерін сәйкестіру, яғни кездейсоқ жағдайда адамгершілік құндылықты жоғалтпай ондағы өзгерістерге еркін түрде бейімделу;

- Жас адамның өмірінің мәні болатын сан-алуан әлеуметтік рөлдерді орындау іскерлігі.

- Басқа құндылықтарды ұстанатын адамдардың жеке бас ұстанымын түсіну, сонымен қатар, көп мәдени ортада қазіргі уа-

қыттағы этикет талаптарын саналы түрде қолдану негізінде нәтижелі қарым-қатынас жасаудың механизмдерін қолдану;

- Студенттердің өз мемлекетін нығайту, азаматтық қоғамды, әлеуметтік және құқтық демократикалық мемлекетті құру мақсаттарының өмірлік тағдырының бірлікте болуындағы сенімділік пен азаматтық мәртебесін түсіну.

- Жалпы адами құндылықтар негізінде, өмірдің гуманистік қағидаларын ұстанып, Қазақстандық қоғамның көп мәдениеттілігін қабылдау және толерантты болу;

- Қиын жағдайлардан шығуда түрлі шешімдерді табу және өмірлік жағдаяттарды тиісті түрде бағалау, сын тұрғысынан ойлау;

- Өмірлік іс-әрекеттерді белгілі тізбегін рационалды жоспарлау, істің сипатына және бос уақытты өткізу, ұйымдастыру мүмкіндіктеріне, сонымен қатар жауапкершілікпен қарау негізінде салауатты өмір салтын өткізу;

- Табиғи, әлеуметтік, ментальді дүниемен өзара әрекеттесу жүйелерінде салауатты өмір сүрудің, табиғи белсенділіктің үлесін көрсететін тұлға ретінде танылу.

Қоғамдағы осындай әлеуметтік жауапкершілікті атқарудың педагогикалық бағытын беретін дене шынықтыру мен спорт педагогика пәнін оқыту – маңызды мәселе. Осы оқу құралы арқылы болашақ дене шынықтыру мен спорт саласындағы педагог-мамандар теориялық материалдар мен тапсырмалар және сан жылдық тарихы бар кафедраның педагогикалық тарихы мен спорт педагогикасындағы жетістіктерімен қосымша таныса алады.

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ ПЕДАГОГИКАСЫ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМДЕР САЛАСЫ

1. Дене шынықтыру және спорт педагогикасы – педагогикалық білімдер саласы.

2. Курстың нысаны, пәні, мақсаты мен міндеттері.

3. Педагогиканың және спорттық педагогиканың негізгі категориялары.

4. Дене шынықтыру және спорт педагогикасының басқа ғылымдармен байланысы, зерттеу әдістері.

Дене шынықтыру және спорт педагогикасы – бұл қандай да бір спорт түрінің ерекшелігіне байланысты оқу-тәрбие жүйесін ұйымдастыру және жүзеге асыруға дифференциалды жолмен шешу қажеттілігімен байланысты.

Дене шынықтыру немесе дене мәдениеті мен спорттық білім жүйесінің мақсаты барлық жастағы азаматтардың оқып, үйренуге, өндірістік еңбекке және шығармашылық қызметке дене даярлығын қамтамасыз етуге жағдай жасаудан тұрады.

Бұл мақсат дене шынықтыру және спорт педагогикасы қазіргі заманғы даму сатысында жетілдірудің жалпы және арнайы міндеттерін шешумен жүзеге асады.

Білім беру мекемелеріндегі оқытып, үйрету және тәрбиелеу үдерісінде дене мәдениеті мен спорт жүйесінің негізгі жалпы міндеттеріне мыналар жатады:

- оқып, үйренушілердің дене сапаларын дамыту және жетілдіру;

- әрбір оқып, үйренушіге дене мәдениетінің негізгі қолданбалы дағдыларын меңгерту;

- мақсатқа лайықтылық, батылдық және шешімшілдік, бастамашылдық және тапқырлық, табандылық және жігерлілік, ұстамдылық және байсалдылық, ұжымшылдық сезімі және өзара жолдастық көмек беру сияқты адамдық қасиеттерге тәрбиелеу;

- денсаулықты нығайту және ағзаны шынықтыру, қолайсыз қозғаушы күштердің және кәсіби қызмет жағдайының әсеріне орнылықты арттыру.

Дене шынықтыру және спорт педагогикасы пәнін оқытудың мақсаты: қазақстандық білім беру жүйесін модернизациялау жағдайында болашақ дене шынықтыру пәні мұғалімі және спорт түрлері бойынша жаттықтырушының кәсіби-педагогикалық даярлығын қалыптастыру.

Пәнді оқыту:

1.Студенттерді дене шынықтыру мен спорт жағдайында жан-жақты біртұтас дамыған тұлғаны тәрбиелеу заңдылықтары туралы біліммен қаруландыру.

2.Болашақ мамандарды дене шынықтыру және спорт саласында жүргізілетін тәрбие жұмысының әдістемесіне үйрету.

3.Студенттерді балалар спорттық ұжымымен жұмыс істеу және оны басқара білу машықтарына баулу.

4.Болашақ дене шынықтыру мұғалімдері мен жаттықтырушылардың кәсіби біліктілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, бұл курстың мамандар даярлаудағы ролі мен маңызын «Дене шынықтыру педагогикасының» мектепте және басқа білім беру мекемелерінде өткізілетін педагогикалық практиканың мазмұнымен тығыз байланыстылығын айқындайды.

Қазақстан Республикасының жоғары кәсіби білім берудің мемлекеттік жалпы стандартына сай студенттердің төмендегі бағыттарда білімдері, икемділіктері, дағдылары мен біліктіліктері болуға тиіс:

-дене шынықтыру және спорт педагогикасының жалпы мәселелерінен;

-дене шынықтыру және спорт саласындағы педагогикалық басқарудан;

-дене шынықтыру және спорт жағдайындағы тәрбие жұмысының әдістері мен тәсілдерінен;

-спорт түрлері бойынша жаттықтырушы және дене шынықтыру пәні мұғалімінің педагогикалық шеберлігі негіздерінен.

Осы пәнді оқып-үйренуге қажетті пәндердің алғышарты болып табылатын пәндер тізіміне енетіндер: мамандыққа кіріспе, педагогика тарихы, жалпы педагогика, жас ерекшелік педагогикасы.

Іргелес пәндер тізімі: философия, әлеуметтану, мәдениеттану, дене шынықтыру мен спорт психологиясы, спорттық физиология, дене шынықтыру және спорттың теориясы мен әдістемесі, спорттық медицина, дене шынықтыру және спорт менеджменті.

Дене шынықтыру пәні: дене шынықтыру сабағы барысында тұлғаны тәрбиелеуде дене дамуына бағытталған спорттық техника мен тактиканы меңгертуде, оқу заңдылықтарын зерттеуде ғылыми әдістемелік пән болып табылады.

Дене шынықтыру пәнінің міндеттері:

- дене шынықтыру мұғалімі мен спортшыны қажетті біліммен қаруландыру,

- педагогикалық заңдылықтарды ашу,

- дене шынықтыру ережелері мен өткізілу жағдайларын мазмұндау

- дене шынықтыру сабақтарында туындайтын міндеттерді шешу.

Осы сұрақтарға жауап беру үшін, спорттық техника мен тактиканы білу, дене шынықтыру дайындығын және тәрбиелік міндеттерді шешу, сабақты қалай құрып өткізу, тұлғаны қалыптасуындағы оң нәтижеге жетуге талаптану, денсаулықты нығайту, дене дамуын дамыту, адамның қозғалу қабілеттілігін жетілдіру, спорттық жоғары нәтижелерге жету.

- дене шынықтыру педагогикасы құрылысын және мазмұнын анықтау, оқу-әдістемелік-ғылыми пәндерді өзбетімен оқып-үйрену сапасын жетілдіру.

Дене шынықтыру педагогикасы гуманитарлық және нақты ғылымдар жүйесінде дамыған.

1) қоғам мен табиғат арасындағы дамуды сипаттайтын жалпы заңдылықтарды зерттейтін пәндер негізінде (философия, тарих, этика т.б.)

2) оқыту, білім беру, тәрбиелеу, даму, педагогикалық үрдіс, психикалық процестер заңдылықтарын зерттейтін (педагогика және психология).

3) адамның дамуы мен қалыптасуындағы биологиялық заңдылықтарды зерттейтін (биология, анатомия, генетика, физиология, биохимия, валеология т.б.)

4) нақты ғылыми пәндер мен гуманитарлық пәндерден тұратын дене шынықтыру проблемасымен айналысатын пәндер (дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі, дене шынықтыру және дене тәрбиесі тарихы, спорт психологиясы және т.б.)

Дене шынықтыру педагогикасы педагогикалық заңдылықтар мен принциптерін дене шынықтыру пәндерін өткен кезде басшылыққа алады.

Спорт немесе дене шынықтыру басты жарыс түрлерімен сипатталатын қозғалу іс-әрекеттерінің негізгі формасы болып табылады. Дене шынықтыру жалпы бөлек түрлері және әртүрлі қозғалу әрекетінен тұратын, тарихи қалыптасқан жарыс пәні ретінде қарастырылады. Алғашқы спорт түрлері еңбек, әскери, ойын әрекеттері негізінде пайда болған.

Зерттеу әдістері теориялық әдістер және практикалық әдістер болып бөлінеді. Сұрақ жауап және сауалнама. Құжаттарды оқып үйрену, (спортшының және дене шынықтыру мұғалімінің күнделігі, жарыс хаттамасы, төрешінің есебі). Ағзаның қалыпты жағдайы және дененің дамуы көрсеткіштері, қозғалу сапасының даму деңгейі, спорттық жаттығулардың техникалық білу кезеңі, спорттық нәтижелерге жетуді өлшеу.

Сонымен қатар, педагогикалық зерттеуден гөрі, медициналық-биологиялық тесттер де қолданылады, қан қысымын өлшеу, электрокардиология, жедел жәрдем көрсету тәсілі т.б.

Педагогика туралы жалпы түсінік.

Тәрбие беру ісінің адамзат қоғамында тамыры тереңге жайылған. Балалар ешқандай педагогикасыз тәрбиеленді, тіпті оның бар екенін де ешкім білген емес. Тәрбие туралы ғылым кейіннен пайда болды. Ол барлық белгілері бойынша кейіннен қалыптасқан жас ғылымдар санатына жатады. Алғашқы тәжірибелер, эмпирикалық мәліметтер, күнделікті өмір тәжірибесінің қорытындылары теория ретінде саналмайтыны анық, олар тек қайнар көздер мен кейінгінің алғышарттары болады.

Қандай да болсын, ғылым саласының пайда болуының алғашқы себебі өмірдің қажеттілігінен туындайтыны белгілі. Адамдар өмірінде білім ерекше рольге ие болатын уақыт келді. Қоғамның дамуы өскелең ұрпақты тәрбиелеудің қандай деңгейде қойылғанына байланысты болатындығы анықталды. Осыдан

келіп тәрбиелеу жөніндегі іс-тәжірибені жинақтау, жастарды өмірге дайындайтын арнайы оқу-тәрбие мекемелерін құру қажеттілігі туындады.

Ежелгі дүниедегі неғұрлым дамыған мемлекеттерде - Қытайда, Үндіде, Египетте, Грецияда тәрбиелеу тәжірибелерін жинақтауға алғашқы қадамдар жасалды, теориялық бастамалар етек алды. Ол кезде адамның табиғаты туралы барлық білім философияда беріліп, онда алғашқы педагогикалық ой-пікірлер пайда болды.

«Педагогика» – гректің «пайдос» – бала, «аго» – жетектеу деген сөзінен шыққан, тура аударғанда «пайдагогос» – «бала жетектеуші» деген мағынаны білдіреді. Ежелгі Грецияда қожайынның баласын мектепке апаратын құлдарды педагогтер деп атаған. Кейіннен бұл сөз жаңа мағынаға ие болып, «баланы өмірге жетектеу» дегенді білдірді де, тәрбие мен оқыту ісімен шұғылданатындарды педагогтер деп атайтын болды.

Педагогикалық еңбектерде, оқу құралдарында, сөздіктер мен энциклопедиялық басылымдарда педагогика ұғымына әртүрлі анықтамалар береді және оның ғылым ретіндегі пәнін де түрліше көрсетеді.

Педагогиканың неғұрлым жиі кездесетін анықтамаларының төмендегідей нұсқаларын ұсынуға болады:

Педагогика – тәрбие туралы ғылым.

Педагогика – өскелең ұрпақ тәрбиесі туралы ғылым.

Педагогика – адамды тәрбиелеу туралы ғылым.

XX ғасырдың ортасына дейін педагогиканы балаларды тәрбиелеу және оқыту туралы ғылым деп түсініп келді. Тек соңғы онжылдықта ғана мамандандырылған педагогикалық басшылық балаларға ғана емес, ересектерге де қажет екендігі анықталды. Сондықтан, қазіргі кезде педагогиканың қысқа және жалпы салыстырмалы түрде алғанда нақты анықтамасы адамды тәрбиелеу туралы ғылым дегенге саяды.

«Тәрбие» ұғымы бұл жерде кең мағынада қолданылып тұр, яғни ол білім беру, оқыту, дамыту ұғымдарын өзара біріктіреді.

Педагогика нысаны, пәні және міндеттері.

Педагогика нысаны.

Ғылыми педагогика зерттеулерінің объектісі - бұл «педагогикалық дерек(құбылыс)» Дегенмен, бала, адам да зерттеуші назарынан тыс қалмайды. Керісінше, адам жөніндегі ғылымдардың бірі болғандықтан, педагогика аталған объектілердің тұлғалық дамуы мен қалыптасуына мақсатты бағдарланған саналы іс-әрекеттер аймағын зерттейді. Педагогика өз нысаны ретінде адамның дамуына байланысты педагогикалық-тәрбие құбылыстар жүйесін зерттеуге алады. Сондықтан да педагогика нысаны деп қоғамның мақсатты бағдарланған іс-әрекеттер үдерісінде дара адам дамуына себепкер болған болмыс құбылыстарын айтамыз.

Педагогика пәні. Педагогика пәні – арнайы әлеуметтік мекемелерде отбасы, білім беру және мәдени тәрбие орынында-мақсат бағдарлы ұйымдастырылған шынайы біртұтас педагогикалық процесс ретінде жүйеленген білім саласы. Бұл тұрғыдан педагогика әрбір адамның бүкіл өмір бойы дамуының кепілі және құралы болған педагогикалық процестің мәні мен мазмұнын, заңдары мен заңдылықтарын және оның бүгінгі бағыт-бағдары мен болашақ өркендеу жолын зерттеуші ғылым жүйесін аңдатады. Осы негізде педагогика тәлім-тәрбие процесінің ұйымдастыру теориясы мен технологиясын, педагог іс-әрекетін және оқушылардың әрқилы оқу жоспарын жетілдірудің формалары мен әдістерін әрі олар арасындағы оқу істері төңірегіндегі туындап отыратын қарым-қатынас, ықпалдастық стратегиялары мен тәсілдерін нақтылап ашып отырады.

Педагогика ғылымының (қызметтері) міндеттері. Дербес ғылым ретінде танылған педагогиканың міндеттері оның жоғарыда аталған пәндік сипаттарымен сабақтас, яғни табиғи бірлікте іске асырылуы қажет теориялық және технологиялық міндеттер.

Педагогиканың теориялық міндеттері үш деңгейде жүзеге асырылады:

- сипаттау немесе түсіндіру - озат әрі жаңашыл педагогикалық тәжірибені зерттеу;

- анықтау (диагностикалық) - педагогикалық құбылыс жағдайын, педагог пен оқушы іс-әрекеттерінің нәтижелілігі немесе тиімділігі және оларды қамтамасыз етуші шарттар мен себептерді айқындап алу.

- болжау (прогноздау) - барша педагогикалық жағдаяттарды табиғи тұтастық күйінде эксперименталды зерттеуден өткізу және оның негізінде сол педагогикалық болмыстың жаңаланған моделін құрастыру.

Педагогиканың технологиялық міндеттері де үш көрініс береді.

- жобалау - педагогикалық іс-әрекет пен оның мазмұны әрі сипатын қалыптастыру және реттеуге нұсқау болғандай теориялық тұжырымдар мен анықтамаларды қамтыған қажетті әдістемелік материалдарды (оқу жоспары, бағдарлама, оқулықтар мен оқу құралдары, педагогикалық ұсыныстар) жасауға байланысты.

- жаңалау - тәрбие мен білім беру тәжірибесін жетілдіру мен қайта түзету мақсатына орай педагогика ғылымының замандық жетістіктерін мектеп өміріне енгізе, пайдалану.

- ықпал таныту (рефлексивтік) және реттеу-түзетулер енгізу (коррекциялық)- ғылыми зерттеу нәтижелерінің оқу-тәрбие ісіне болған әсер ықпалдарын бағалау және одан соңғы ғылыми теория мен тәжірибелік іс-әрекеттер байланысына қажет болып калатын реттеу-түзетулерді іске асыру.

Әрбір ғылымның зерттеу объектісі мен зерттеу пәні болады. Объект - осы ғылым зерттейтін болмыс аумағы, пән - осы ғылым ұстанымы тұрғысынан объектіні көре білу тәсілі.

Педагогика ғылымның объектісі мен пәнін анықтауда әртүрлі пікірлер қалыптасқан. Педагогика ғылымның зерттейтін объектісі - адам; ал кейбір әдебиеттерде тәрбие мен білім беруді объектіге жатқызады да, осы іс-әрекеттерде пайда болатын қатынастар жүйесін оның пәні ретінде анықтайды (П.И.Пидкасистый). Ал көптеген әдебиеттерде педагогиканың пәні – адамды адам етіп тәрбиелеу (С.П.Баранов, П.Р.Болотина, Т.В.Воликова, В.А.Сластенин); тәрбие заңдары (Б.Лихачев); тәрбие іс-әрекеті (В.В.Краевский); тұтас педагогикалық процесс (Н.Б.Хмель, Б.Лихачев); арнайы ұйымдастырылған тәрбие саласы (И.Ф.Харламов) ретінде қарастырылады.

Осы анықтамалардың ешқайсысын жоққа шығармай, неғұрлым жалпылама түріне тоқталамыз: педагогика тәрбие туралы ғылым. Жоғарыда айтылған анықтамаларға сүйене отырып,

педагогика пәнін оқу-тәрбие мекемелерінде жүзеге асырылатын тәрбие іс-әрекеті ретінде анықтаймыз.

Педагогика өзінің күшін қоғамда туындайтын тәрбие, білім беру, оқыту проблемаларын шұғыл шешуге бағыттайтын қолданбалы ғылым ретінде қарастырылады.

Педагогика ғылымының қайнар көздері: көп ғасырлар бойы адамдардың іс-әрекеттерінде, салт-дәстүрлері мен халықтық педагогикасында жинақталған тәжірибе; философиялық еңбектер; ағымдағы әлемдік және отандық тәрбие беру практикасы; арнайы ұйымдастырылған педагогикалық зерттеу мәліметтері; жанашыл педагогтардың іс-тәжірибесі.


Педагогика пәнін және оның зерттейтін салаларын толық түсіну үшін ең алдымен негізгі педагогикалық категорияларды қарастыру қажет.

Әрбір ғылымның өзіне тән тану саласы және ғылыми ұғымдары бар. Мысалы, философияда мұндай ұғымдар – болмыс, материя, қозғалыс, саясаттануда - қоғамның өндіргіш күштері мен өндірістік қатынастары, ал педагогикада - тәрбие, білім беру, оқыту.

Категориялар (ұғымдар) - объективтік құбылыстарды, қасиеттерді және қатынастарды бейнелейтін ойлау формасы. Сонымен бірге категориялар - біздің санамыздың сатылары.

Педагогикалық категориялар арқылы педагогикалық құбылыстарды, олардың өзара байланысын танып-білуге болады. Педагогикада «мақсат», «әдіс», «кұрал», «даму», «қалыптасу» сияқты ұғымдар да кездеседі. Бірақ олар барлық ғылымдарға ортақ ұғымдар болғандықтан, педагогикада тек оқу, тәрбие мәселелеріне сәйкес қарастырылады.

уақыт



Сурет. Педагогикада негізгі ұғымдардың (категорияларының) қалыптасу реті

Тәрбие жайында осы уақытқа дейін әртүрлі пікірлер айтылып келеді:

а) Тәрбие - ересек адамдардың балаларға ықпал жасауы. Бұл жағдайда бала пассивті объект ретінде қарастырылады. Ол педагогикалық процестің субъектісі бола алмайды, яғни өздігінен ойланып, белсенді іс-әрекет жасау ролін атқармайды. Мұнда тәрбиеге бір жақты анықтама беру байқалады.

ә) Тәрбие - баланың өздігінен табиғи және еркін дамуы үшін жасалатын жағдай. Бұл жерде балаға толық ерік беру мәселесіне көңіл аударылып, ал тәрбиенің ролі бүркемеленіп, елеусіз қалып отыр.

б) Кейде тәрбиені практикалық тұрғыдан бір жақты жалаң тәжірибеге сүйеніп түсіндіреді. Мұндай пікірді қуаттаушылар прагматиктер: олардың айтуынша, тәрбие баланы тұрмыс қалпына бейімдейді, сондықтан ол өзінің күнін көруге пайдасы бар білімді, білікті және дағдыны меңгеруі қажет.

Ғылыми педагогика тәрбиені қоғамдық құбылыс, қоғамдық категория ретінде қарастырып, қоғамның тәрбиесіз өмір сүре алмайтындығын философиялық тұрғыдан түсіндіреді.

Тәрбие – жеке тұлғаны қалыптастыруға мақсатты түрде бағытталған және ұйымдастырылған процесс. Педагогикада «тәрбие» ұғымы кең және тар әлеуметтік мағынада, сонымен бірге кең және тар педагогикалық мағынада қолданылады.

Кең әлеуметтік мағынада, тәрбие – аға ұрпақ өкілдерінің жинақтаған тәжірибесін жас ұрпаққа жеткізу. Тәжірибе деп барлық адамдарға белгілі білім, білік, ойлау тәсілдерін, адамгершілік, этикалық, құқықтық ережелерді, яғни бір сөзбен айтқанда, адамзаттың тарихи даму процесінде жасалынған рухани мұраны айтады.

Тәрбие адамзат қоғамымен бірге қалыптасып, оның өмірі мен дамуының құрамдас бөлігі саналады, сондықтан қоғам бар жерде тәрбие де өмір сүріп, баршаға ортақ және мәңгілік категория ретінде әрекет етеді.

Көптеген философтар қоғамдық өмірді басқаратын заңдарға талдау жасай отырып, тәрбие мен қоғамның өндіргіш күштерінің даму деңгейі арасындағы объективті байланысты анықтады. Тәрбие қоғамның дамуына әсер етеді, өз кезегінде қоғам тәрбие үшін мүмкіндіктер жасайды. Тәрбиенің бағыты мен сипаты өндіргіш күштердің даму деңгейі мен өндірістік қатынастардың сипатына сәйкес келеді. Сондықтан, тәрбие нақты тарихи сипатқа ие болады.

Қоғамдық-экономикалық формация типінің өзгеруі тәрбие типінің өзгеруіне әкеліп соқтырады. Қоғамдық қатынастардың өзгеруі тәрбиенің мақсатын, міндеттерін, формалары мен ұйымдастыру жолдарын түбегейлі өзгертеді. Өмірдің әлеуметтік жағдайы да тәрбиенің сипатын және оның адамдардың санасы мен мінез-құлқына әсерін өзгертеді.

Қоғамда таптардың пайда болуымен байланысты тәрбие таптық сипатқа ие болады. Ол үстемдік етіп отырған тапқа қызмет етеді, осы тап өкілдері тәрбиенің бағытын, мақсатын, мазмұны мен формасын анықтайды.

Тәрбиенің кең әлеуметтік мағынада алғанда, нақты әлеуметтік, әсіресе педагогикалық мәні тәрбиемен, яғни жинақталған тәжірибені жеткізумен тек маман педагогтар арнайы құрылған оқу-тәрбие мекемелерінде айналысады. Қазіргі қоғамда өзінің күшін тәрбиеге бағыттайтын институттардың тұтас кешені

әрекет етеді, олар - жанұя, бұқаралық ақпарат құралдары, әдебиет, өнер, еңбек ұжымдары, құқықтық тәртіп орындары.

Тар әлеуметтік мағынада, тәрбие деп қоғамдық институттардың адамға, оның бойында белгілі бір білім, көзқарас пен сенім, адамгершілік құндылықтар, саяси бағдар, өмірге дайындықты қалыптастыру мақсатымен ықпал жасауын айтады.

Осыған байланысты әртүрлі сұрақтар туындайды: қоғамдық институттардың қайсысы тәрбиенің тағдырына неғұрлым жауапты болады?

Әрине, тәрбиенің табысты болуы барлық институттардың өзара бірлесіп, ұйымдасқан түрде жұмыс істеуіне байланысты екеніне күмән келтіруге болмайды. Дей тұрғанмен, қоғамда тәрбиелік ықпал ету орталығы арнайы ұйымдастырылған, мамандандырылған педагогтар басқаратын оқу-тәрбиелік мекемелер екендігі даусыз.

Кең педагогикалық мағынада алғанда, тәрбие деп - оқу-тәрбие мекемелерінде арнайы дайындалған мамандар арқылы тұлғаны қалыптастыруға бағытталған біртұтас, саналы ұйымдастырылған педагогикалық процесті айтады.

Тар педагогикалық мағынада, тәрбие дегеніміз – нақты тәрбиелік міндеттерді шешуге бағытталған тәрбие процесі мен оның нәтижесі.

Педагогикада басқа әлеуметтік ғылымдардағы сияқты, «тәрбие» ұғымы тұтас педагогикалық процестің құрамды бөліктерін белгілеу үшін де пайдаланылады. Мысалы, «дене тәрбиесі», «эстетикалық тәрбие», т.с.с.

Педагогиканың келесі негізгі ұғымы - оқыту. Оқыту – білім берудің жолы. Оқыту оқытушы мен оқушылардың біріккен іс-әрекеттері, сондықтан да ол екі жақты біртекті процесс: біріншіден, оқытушы оқушыларға білім беріп, олардың білік, дағдысын қалыптастырады, екіншіден, оқушы таным міндеттерін жете түсініп, жаңа білімді, білікті, дағдыны игереді және оларды өмірде қолданады.

Білім – адамның ғылыми фактілерді, ұғымдарды, ережелерді, заңдарды, қағидаларды түсінуі, есінде сақтауы және қайта жаңғыртуы.

Білік – меңгерген білім мен өмірлік тәжірибе негізінде тез, нақты, саналы орындалатын практикалық және теориялық іс-әрекетке даярлық.

Дағды – бұл қайта-қайта жаттықтырудың нәтижесінде орындалатын практикалық әрекет.

Педагогикада тәрбие мен оқыту ұғымдары бірыңғай және тұтас процесс болып қарастырылады. Оқыту әрқашан тәрбиелік сипатқа ие болады, сол сияқты кез келген тәрбиеде оқытудың элементтері кездеседі. Сондықтан оқыта отырып - тәрбиелейміз, тәрбиелей отырып - оқытамыз.

Білім беру – оқыту нәтижесі. Тура мағынасында ол оқып үйренілетін пән туралы түсініктің, ұғымның қалыптасуын білдіреді. Білім беру деп табиғат пен қоғам жайында ғылымда жинақталған білім, білік, дағды жүйесін жеке тұлғаның меңгеруін және оны өмірде тиімді етіп қолдана білуін айтады. XIX ғасырда білім алу адамды қалыптастырумен теңестірілді.

Қазіргі кезде адамзат қоғамында орасан зор білім жүйесі жинақталған, оны ұзаққа созылған оқудың нәтижесінде де толық меңгеру мүмкін емес. Сондықтан қазіргі кезде білімді адам деп жүйеленген білімнің белгілі бір көлемін меңгерген және саналы ойлай білетін адамды айтады. Білімділіктің басты өлшемі - білім жүйелілігі мен ойлау жүйелілігі. Сатылары бойынша білім беру бастауыш, орта және жоғары білім беру болып бөлінеді.

Білім беру сипаты мен бағыттылығына қарай жалпы білім беру, кәсіптік және политехникалық болып бөлінеді.

Жалпы білім беру табиғат, қоғам, адам туралы ғылымның негіздерінен мағлұмат береді, диалектикалық-материалистік көзқарасты қалыптастырады, танымдық қабілеттерді дамытады.

Кәсіптік білім беру кәсіптік оқу бөлімдерінде, арнайы және жоғары оқу орындарында жүзеге асырылады.

Политехникалық білім беру қазіргі өндірістің негізгі принциптерімен таныстырады, тұрмыста және күнделікті өмірде қолданылатын қарапайым еңбек құралдарымен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады.

Педагогика ғылымдарының жүйесі, оның басқа ғылымдармен байланысы.

Қазіргі кездегі ғылыми педагогика педагогикалық ғылымдардың тарихымен тығыз байланысты. Тарихилық принцип дегеніміз қандай да болсын, ғылым дамуының аса маңызды принципі, өйткені өткенді зерттеу, оны қазіргімен салыстыру осы заманғы құбылыстардың дамуының негізгі кезеңдерін жақсылап қадағалауға немесе өткеннің бағалы тәжірибелері мен жетістіктерін пайдалануға көмектесіп қана қоймайды, сондай-ақ қателіктерді қайталаудан сақтандырады және болашаққа жол сілтейтін ұсыныстарды неғұрлым негізді ете түседі.

Сонымен педагогикалық ғылымның саласы ретінде педагогика тарихы педагогикалық ілімдердің тарихын зерттейді.

Жалпы педагогика - адам тәрбиесінің жалпы заңдылықтарын оқытатын, тәрбие мекемелерінің барлық типтеріндегі оқу-тәрбие процесінің жалпы негіздерін құрайтын негізгі ғылыми оқу пәні. Жалпы педагогика төрт бөлімді құрайды: жалпы негіздері, дидактика (оқыту теориясы), тәрбие теориясы, мектептану.

Мектепке дейінгі және мектеп педагогикасы жас ерекшелік педагогикасына жатады.

Ересектердің педагогикалық проблемаларымен айналысатын салалардың ішінде жоғары мектеп педагогикасы тез дамып келеді. Оның пәні - жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие процесінің заңдылықтары, жоғары білім алудың өзіне тән проблемалары.

Еңбек педагогикасы білімді жетілдіру проблемаларымен, есейген жақта жаңа білімді меңгеру, мамандықты игеру, қайтадан мамандар даярлау проблемасымен айналысады.

Әлеуметтік педагогика жүйесінің ішінде жанұялық педагогика, түзеліс еңбек педагогикасы (тәртіп бұзғандарды қайта тәрбиелеу, т.б.) сияқты салалар бар.

Түзеліс-еңбек педагогикасы - қылмыскерлерді қайта тәрбиелеудің теориялық негіздері мен практикалық қолданысын ашып көрсетеді.

Ақыл-ойының дамуында табиғи кемістігі бар адамдарды тәрбиелеу мен оқыту мәселесімен арнайы педагогика айналысады. Сурдопедагогика - саңырау, мылқау және керең балаларға, тифлопедагогика - соқыр балаларға, олигофренопедагогика –

ақыл-ойы кеміс, логопедия - тілінің кемістігі бар балаларға білім және тәрбие беру проблемаларын зерттейді.

Педагогика ғылымдарының негізгі тобын дербес пәндерді оқыту әдістемесі құрайды, ол барлық оқыту-тәрбие мекемелеріндегі нақты оқу пәндерін оқытудың заңдылықтарын зерттейді. Әрбір педагог өзінің жүргізетін пәнінің әдістемесін терең меңгеруі тиіс.

Педагогикалық ғылымдар салалары өзара бірыңғай байланысып, басқа ғылымдармен тығыз байланыста дамиды.

Философиялық ғылымдар педагогикаға тәрбиенің мағынасы мен мақсатын анықтауға, адамзат болмысы мен ойлауының жалпы заңдылықтарының әрекетін дұрыс түсінуге көмектеседі, ғылым мен қоғамда болып жатқан өзгерістер туралы шұғыл ақпарат бере отырып, тәрбиенің бағытын нақтылауға жәрдемдеседі.

Философия табиғат пен қоғам дамуының жалпы заңдарын, түбегейлі мәселелерін зерттейді, өмір шындығын танып білу жөніндегі көзқарастың негізгі жүйесі болып табылады, адамды күшті идеялық сенімге, айқын түсіне білушілікке тәрбиелейді.

Педагогика материалистік диалектиканың қарама-қарсылықтардың бірлігі мен күресі, сан өзгерістерінің сапа өзгерістеріне ауысуы және терістеуді терістеу сияқты негізгі заңдарын тәрбие, білім беру және оқыту процестерінде шығармашылықпен пайдалануды көздейді.

Ғылыми философия әртүрлі заттарды, құбылыстарды, оқиғаларды терең және жан-жақты зерттей білуді талап етеді. Сондықтан ол басқа ғылымдар сияқты педагогиканы диалектикалық әдіспен қаруландыра отырып, тәрбие және оқыту мәселелерін ғылыми тұрғыдан шешуге көмектеседі. Мысалы, адамгершілік және эстетикалық тәрбиеге байланысты мәселелер зерттелгенде, педагогика этика мен эстетикаға, ал оқыту мен білім беру проблемалары зерттелгенде таным теориясына сүйенеді.

Сонымен диалектикалық және тарихи материализм педагогика ғылымы үшін тәрбиенің теориялық және практикалық мәселелерін шешуге үлесін қосады.

Педагогика психологиямен тығыз байланысты. Егер психология психикалық процестерді (түйсік, қабылдау, зейін, ес,

ойлау және т.б.) және адамның дербес ерекшелігін (темперамент, мінез, қабілет), яғни, адам психикасының даму заңдылықтарын зерттейтін болса, ал педагогика осы мәселелерді терең пайдалана отырып, жеке тұлғаны қалыптастыру үшін тәрбие мен оқыту, білім берудің тиімді әдістері мен құралдарын анықтап ашады.

Педагогика мен психология ғылымының зерттейтін объектісі - адам. Бірақ зерттеу екі бағытта жүргізіледі де, бір нәтижені көздейді. Мысалы, психология - адамның мінез-құлқындағы түрлі ерекшеліктерінің механизмін ашуды қарастырса, ал педагогика - адамның мінез-құлқын тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін іздестіреді.

Анатомия мен физиология адамның биологиялық мәнін - жоғары жүйке қызметінің дамуын және жүйке жүйесінің, 1-ші, 2-ші сигнал жүйесінің ерекшеліктерін, сезім органдарының, тірек-қимыл аппаратының, жүрек-тамыр мен тыныс алу жүйесінің дамуы мен қызмет етуін түсінуге негіз болады.

Педагогиканың тарихпен, әдебиетпен, географиямен, антропологиямен, медицинамен, экономикамен, заң ғылымымен байланысты екендігі белгілі. Адам, оның тіршілік ету мекені, оның өмірі, даму жағдайы педагогтердің назарынан тыс қалмауы тиіс.

Педагогикалық нақты мәселелерді зерттеп, жинақтауда әлеуметтану ғылымының маңызы өте зор.

Әлеуметтану ғылымы әлеуметтік ортаның адамға ықпалын, адамдар арасындағы әлеуметтік қатынасты қарастырады. Жас ұрпақты дамыту, тәрбиелеу және қалыптастыру проблемаларын зерттеу процесінде педагогика ғылымы әлеуметтік орта мен тәрбие жайындағы мәліметтерді әлеуметтану ғылымы тұрғысынан қарастырып, шешім қабылдайды.

Соңғы кезде педагогика ғылымы кибернетика жетістіктерін де пайдалана бастады.

Кибернетика грек сөзі, бұл – басқару өнері деген мағынаны білдіреді, ол XX ғасырдың 40-жылдарының аяғында қалыптаса бастады. Кибернетика күрделі машиналардағы, тірі организмдегі, қоғамдағы процестердің жалпы заңдылықтарын зерттеп басқаратын, олардағы ақпараттарды беретін ғылым.

Кибернетиканың негізгі салалары: ақпарат теориясы, автоматтар теориясы, бағдарламалау теориясы.

Педагогикалық процесті ойдағыдай басқару және жетілдіру үшін кибернетиканың бағдарламалау оқыту теориясына сүйеніп, оқыту мен бақылау машиналарын, техникалық құралдарды кеңінен пайдалану қажет.

Ғылыми - педагогикалық зерттеу әдістері.

“Методология” (әдіснама) грек тілінен аударғанда “әдіс туралы ғылым” деген мағынаны береді. “Метод” “әдіс” термині тікелей нақты бір нәрсеге деген жол ретінде анықталады. Яғни методология мағынасы жағынан бір нәрсені тану туралы ғылым болады. Сондықтан, методология зерттеу процесі туралы ілім ретінде түсіндіріледі. Ғылыми методологияны жетілдірудің бастамасын және негізін салған Гегель. Ол өз назарын бірінші болып философиялық әдістің ерекшелік сипатына, оның нақты ғылымдар әдістерінен айырмашылығына және методологияның олармен үйлесімсіздігіне аударды. Гегель әдісі дегеніміз: мазмұнының қозғалысы, құбылыстың мәнін ашып көрсету және оның мазмұнынан тыс жасалмайтындығын баса көрсетті.

Материалистік диалектика табиғатты үздіксіз қозғалыспен даму барысындағы біртұтастықтың бірлігі ретінде ашып көрсете отырып, табиғат және адам тәжірибесі туралы ғылымдарының деректерімен толық сәйкестік барын көреді. Диалектикалық әдіс таным процесі арқылы заттар және олардың ойша (идеалды) бейнесі, яғни ұғым пайда болу процесінде, үздіксіз дамуда, олардың органикалық бірлігі мен өзара байланысында материалдық шындықтың заңдылықтарын ашады.

Педагогикалық методологияның мәні әртүрлі түсіндіріледі: әдіс туралы ғылым, философиялық қағидаларды тікелей ғылыми зерттеулерде қолдану ретінде; арнаулы зерттеу әдістерін жасауға арналған ғылыми пән ретінде. Бұл айтылған үш көзқарас педагогика методологиясының шекарасын мөлшерсіз кеңейтеді немесе тарылтады. Қазіргі педагогика методологиясының пәні болып педагогикалық құбылыстармен оның нәтижесі – педагогикалық білімдер жүйесін зерттеу процесі екендігі анықталған.

Методологиялық білімдер жүйесінде: педагогика пәні, педагогиканың категориялары, педагогиканың ғылыми білімдер жүйесіндегі ролі, педагогиканың басқа ғылымдармен өзара байланысты, педагогика ғылымдарының жүйесі; педагогикалық пәндердің жалпы және ерекшелік міндеттері, педагогиканың анықтамалық-терминдік жүйесі жатады. Қандай да сала болсын, ғылыми таным, таным субъектісі (зерттеуші) зерттеу процесінің барлық мүмкіндіктерін:

- тақырыпты үйлестіру және оның көкейкестілігін дәлелдеу;

- ғылымдағы тақырыптың зерттелу жағдайын және пайда болған қарама-қайшылықтарын анықтай білуде оларды тәжірибеде піскен сұрақтардың, жасалған теорияларды салыстырмалы тұрғыдан қарастыру;

- зерттеу нысанасын, түрлі талдамаларды сараптау, үйлестіре білу, т.с.с. көздейді.

Спорт педагогикасындағы негізгі мақсат зерттеу нысаны аясында қандай нәтиже алуға болатындығын педагогикалық ғылыми-зерттеулер әдістеріне сүйене отырып қол жеткізу.

Әдебиеттер.

1. Әбиева Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика. Алматы: Дарын, 2004.
2. Қоянбаев Р. , Қоянбаев Ж. Педагогика. – А., 2004.
3. Педагогика. Дәріс курсы. Авторлар ұжымы. А., 2003.
4. Харламов И.Ф. Педагогика. Учебник. Минск. 1998 г.
5. Подласый И.П. Педагогика. Книга 1.Учебник для студ. пед. вузов; М., Владос, 1999 г.
6. Хмель Н.Д. Жалпы білім беретін мектептегі педагогикалық процесс. – Алматы. «Ғылым». 2002.
7. Оконь В. Введение в общую дидактику. М.,1990.
8. Дидактика средней школы/Под ред. М.Н.Скаткина.М.,1982.

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар.

1. Педагогика қандай мәселелерді қарастырады?
2. “Педагогика”, “Педагогика пәні”, “Тәрбие”, “Білім беру”, “Оқыту” ұғымдарына берілген анықтамаларға талдау жасаңыз.
3. Педагогиканың басқа қандай ғылымдармен байланысты және спорт педагогикасының басқа ғылымдармен байланысын салыстырмалы сипаттаңыз.
4. Методология және педагогикалық ғылыми-зерттеу әдістері және олардың мұғалім үшін қажеттілігі.

БІРТҰТАС ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОЦЕСС – ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МЕН СПОРТ САЛАСЫНДАҒЫ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НЫСАНЫ

Жоспар:

1. Педагогикалық процестің мәні, оның құрылымдық компоненттері.
2. Біртұтас педагогикалық процестің үшжақты бірыңғай қызметі.
3. Педагогикалық процестің қозғаушы күштері; тәрбиелеу, білім беру механизмдері, жалпы заңдылықтары.
4. Дене шынықтыру пәні мұғалімі мен спорт түрлері бойынша жаттықтырушының кәсіби-педагогикалық қызметінің нысаны ретінде.

1. Тұтас педагогикалық процестің мәні

Тәуелсіз еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету кезеңінде жеке адам проблемасы жаңа негізде қаралып жаңа адамды қалыптастыру барысында әрбір жас өспірімнің субъективтік талап тілегін, бейім қабілетін және тіршілік өмір сферасын белсенді саналы шығармашылық қасиетін одан әрі дамытады. Осы бағытта тәрбиеге жүктелетін ең басты мақсат – қоғамға қажетті адамгершілік қасиеті жоғары, еңбексүйгіш, ғылыми дүниетанымы қалыптасу үстіндегі, эстетикалық талғам-сезімі мен дене күші мығым, белсенді өмірлік позициясы айқындалған жас өспірімді дамытып қалыптастыру. Қашанда педаго-

гикалық процестің мәні өте зор, өйткені осы кездегі қоғамдық-өндірістік қатынастың дамуы оқыту мен тәрбие бірлестігі принципінің толық іске асуын талап етеді.

Орта, жоғары оқу орындары мен мектептен тыс мекемелер жүйесінде білім беру және тәрбие мақсатын жүзеге асыру процесін тұтас педагогикалық процесі деп атайды.

Педагогикалық процесс дегеніміз оқушылардың мәдени байлықтарды меңгеруге және оларды еңбекке, қоғамдық өмірге дайындаудағы бірлескен іс-әрекеттері, бұл ұстаздардың белсенді араласуымен және басшылығымен жүзеге асады.

Білім беру мен тәрбие міндеттерін толық шешу үшін сабақ үстінде әрбір тақырып бойынша оқуды тәрбиемен үйлестіріп өткізу – оқу-тәрбие процесінің басты шарты.

Педагогикалық процесті ұйымдастыру барысында оқушы және оқушылар коллективі бір жағынан тәрбие объектісі, екінші жағынан тәрбие субъектісі болады. Осыған орай, оқу тәрбие процесінде мұғалімдер мен балалар ынтымақтастығы, олардың творчестволық еңбек етулеріне зор сүйеніш болады. Тәрбиенің субъектілері мен объектілері арасында әр түрлі байланыстар пайда болады. Мысалы, тәрбиешілер мен оқушылар арасындағы қарым-қатынас арқылы ақпарат алмасуы, ынтымақтастық немесе бірлестік іс-әрекеті т.б. Мұндай байланыстар педагогикалық процестің табысты болуына игі әсер етеді.

Тұтас педагогикалық процестің өзіне тән компоненттері бар. Олар оқыту мен тәрбиенің мақсаты, мазмұны, формалары мен әдістері, сонымен қатар нәтижесі. Бұл компоненттер бір-бірімен тікелей байланысты түрде іске асырылады, демек, педагогикалық процесс сонда ғана оң нәтиже береді.

Тәрбие мен оқыту процестері бірте-бірте өзін-өзі тәрбиелеу және өз бетімен білім алу процестеріне ұласады. Сондықтан тұтас педагогикалық процесті оқыту, тәрбие, білім беру және даму процестерінің табиғи бірлігі деп қарастырған жөн.

Педагогикалық процестің нәтижелі болуы оның ішкі қозғаушысы күштеріне байланысты. Қозғаушы күш деп қойылатын талаптар мен оларды орындауда оқушылардың мүмкіншілігі арасындағы қайшылықты айтады. Егер қойылатын талап

оқушылардың мүмкіншілігіне, яғни даму дәрежесіне сай келсе, онда қайшылық даму процесінің көзіне айналады.

Оқыту мен тәрбие процестерін бір-бірінен ажыратуға болмайды, бірақ бұлардың әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері бар. Тәрбие процесі – бұл күрделі диалектикалық процесс. Оған әлеуметтік ортаның, үй жағдайының, түрлі адамдардың ықпалы ерекше әсер етеді. Сондықтан тәрбие процесін, оқыту процесі сияқты тез іске асыру, тексеру және нәтижесін анықтау өте қиын. Мысалы, оқушылардың мінез-құлқындағы адамгершілік сезім мен сенімнің және дағдының бірлігін тексеруге бола ма? Әрине, тексеру өте қиын, өйткені мұндай қасиеттер балада жастайынан, бүкіл өмірі бойы қалыптасады.

Тәрбие процесі әр уақытта динамикалы (қозғалысты), өзгермелі болады. Сондықтан, педагогикалық ықпал кейде бір балаға жағымды, ал екінші балаға теріс әсер етеді. Осыған байланысты тәрбие процесінде баланың көңіл-күйін, психикалық жағдайын, тұрған орнын еске алған жөн. Сонымен қатар әр түрлі сыртқы және ішкі факторлар балаға өте күшті немесе өте әлсіз әсер етуі мүмкін. Бұл жағдайды да мұғалім оқу-тәрбие процесінде естен шығармауы қажет.

Оқыту процесі тәрбие процесіне қарағанда анағұрлым оңай басқарылатын, тез іске асырылатын, нәтижесі тез тексерілетін процесс. Мысалы, әрбір сабақ үстінде бақылау, жаттығу жұмыстары және сұрақ-жауап арқылы оқушылардың білімін, іскерлігін, дағдысын тексеріп, тез қорытынды шығаруға болады.

Сыныптағы оқыту процесіне, мұғалім мен шәкірттердің іс-әрекеттеріне сыртқы факторлар әсер етпейді. Мысалы, металл тотығының гидраты мен қышқыл арасындағы бейтарап реакцияны оқушыларға басқаша дәлелдеп, түсіндіруге болар ма екен? Әрине, басқа анықтама беруге болмайды, өйткені, бұл реакцияның нәтижесінде тек қана тұз бен су пайда болады. Мұндай реакцияны бейтарап реакция деп атайды.

Оқыту мен тәрбие процестері – оқытудың даму функциясын жүзеге асырудың негізі. Бұл екі процесс жеке адамды жан-жақты дамытып, қалыптастырудың үстем функциясы болады.

2. Біртұтас педагогикалық процестің үшжақты бірыңғай қызметі.

Тұтас педагогикалық процесс құрайтын екі процестің бірі-оқыту. Ол объективті шындықтың күрделі процесі, сондықтан оған толық және жан-жақты анықтама беру өте қиын.

«Оқыту - оқытушы мен оқушының мақсатты түрде бағытталған өзара қимылы». (Педагогикалық энциклопедия)

И.Ф. Харламов «оқыту – оқушыға ғылыми білімдермен іскерліктерді игертуге, шығармашылық қабілетін, дүниетанымын, адамгершілігін, эстетикалық көзқарастары мен сенімдерін қалыптастыруға бағытталатын, олардың белсенді оқу-танымдық іс-әрекеттерін ұйымдастыратын арнайы педагогикалық процесс» деп анықтайды. Ю.К.Бабанский «оқу процесінің мақсаты бағытталған оқытушы мен оқушының өзара қимылы және соның барысында білім беру міндеттері шешілді» деп есептейді. Оқыту екі жақты процесс: сабақ беру (оқытушы іс-әрекеті), оқу (оқушы іс-әрекеті).

Оқыту әрқашан қарым-қатынас арқылы жүреді. Сөз бір мезгілде оқып жатқан құбылысты тану және жеткізу, коммуникация (байланыс) және оқушының таным іс-әрекетінің ұйымдастыру құралы. Кез келген оқыту қарым-қатынас екендігін ескере отырып, Пидкасистый оқытуды қарым-қатынас деп есептейді, өйткені соның барысында басқарылатын тану жүреді, қоғамдық тарихи тәжірибе игеріледі, нақты іс-әрекет түрі меңгеріледі.

«Оқыту», педагогика категориясы ретінде және «оқыту процесі» синоним ұғымдар емес.

Процесс – жүйенің жағдайларының кезектесуі.

Дидактиклық процесінің құрылымын В.П.Беспалько мынадай шартты формуламен белгілейді.

$D_{пр} = M + Пд + У$

D_{пр} - дидактикалық процесс.

M - оқу мотиві.

Пд - оқушының танымдық іс-әрекеті.

У-мұғалімнің оқушының танымдық іс-әрекетін басқарушылық іс-әрекеті.

Сонымен, қазіргі түсінік бойынша оқытудың келесі белгілерін айтып өтуге болады:

- 1) екі жақтылығы;
- 2) оқушы мен мұғалімнің біріккен іс әркеті;
- 3) мұғалімнің басқаруы;
- 4) арнайы ұйымдастырылуы;
- 5) бірлігі және тұтастығы.

Оқыту процесінде бірнеше функциялар іске асырылады: білімділік, тәрбиелік және дамытушылық.

Білімділік функциясын іске асырудың негізгі мәні оқушылардың ғылыми білім, іскерлік, дағдылар жүйесі және оларды практикада қолдануы болып табылады.

Ғылыми білім фактілерді, түсініктерді, заңдарды, заңдылықтарды, теорияларды қамтиды. Бұл функцияны толық іске асыру білімнің толықтығын, жүйелілігін және саналылығын, олардың беріктігін қамтамасыз етеді. Білімділік функциясының соңғы нәтижесі төмендегі жағдайларда көрінеді:


- білімді саналы түрде қолдануда;
- бұрын игерілген білімдерді жаңа білімдерді меңгеру үшін қолдануда;
- арнайы іскерліктер (пән бойынша) мен жалпы оқу іскерліктері

2. Оқыту процесінің құрылымы, кезеңдері.

Оқыту процесі – тұтас жүйе. Оқыту процесінің тұтастығының принципі оның бірлігін көрсетеді. Жүйе – тұрақты бірлік пен тұтастықты құрайтын бір-бірімен байланысты элементтерінің көптігі. Оқыту процесінің жүйе құраушы түсініктері: оқыту мақсаты, мұғалім іс-әрекеттері, оқушы іс-әрекеттері және нәтиже.

И.Ф.Харламов оқыту процесінің келесі компоненттерін атап көрсетеді: мақсаттық, мотивтік, мазмұндық, іс-әрекеттік, операционалдық, эмоционалды жігерлік, бақылаушы-реттеуші және бақылаушы-нәтижелік компоненттер.

ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ МОДЕЛІ



Дидактикалық әдебиеттерде «звено», «фаза», «кезең» терминдері қолданылады. Педагогикалық әдебиеттерде келесі оқыту циклдері аталып көрсетіледі. (Цикл - оқыту процестерінің белгілі бір актілерін жиынтығы, оқудың микронәтижесі.)

1. Бастапқы цикл мазмұны – оқу материалдарының жалпы сызбасын және оларды қолдану әдістерін меңгеру. Оқытудың бастапқы циклінде оқу материалының практиканың маңыздылығын және негізгі идеясын сезіну және түсіну, оқу материалдарын қайта айтып беру және оларды практикада қолдану жолдарын меңгеру міндеттері шешіледі.

2. Екінші циклдің мақсаты – игерген білімдерді нақтылау, оларды қолдану әдістерін толық меңгеру.

3. Үшінші циклдің мақсаты – игерілген білімдерді жүйелеу қорыту, білімдерді күнделікті өмірде мұғалімнің көмегімен және өзіндік қолдану.

4. Қорытынды циклде – алдыңғы циклдердің нәтижелері тексеріледі, білімдегі кемшіліктер анықталады, оқу пәнін меңгерудегі алда тұрған жұмыстар белгіленеді.

Мұғалімнің оқытушылық іс-әрекеті

Мұғалімнің оқытушылық іс-әрекеті оқыту процесінің негізгі компоненттерінің бірі. Мұғалімнің оқытушылық іс-әрекетінің мәні өсіп келе жатқан ұрпақтың интеллектуалдық, адамгершілік және дене қабілеттерін дамытуға арналған білім мазмұнын меңгертуге бағытталған оқушының оқу-танымдық іс-әрекетін басқару. Мұғалім тарапынан педагогикалық басшылық сабақтағы өзінің және оқушылардың іс-әрекетін жоспарлаудан және ұйымдастырудан, оқушылардың білімдерді және іс-әрекет әдістерін меңгеруге бағытталған белсенді және саналы іс-әрекеттерін ынталандырудан, олардың оқу әрекеттері мен білімділігі сапасын бақылаудан, оқыту нәтижелерін талдау мен оқушының тұлғалық дамуын болжамдаудан құралады.

Оқушылардың танымдылық іс-әрекеттері.

Танымдық іс-әрекет сезімдік қабылдаудың, теориялық ойлаудың және практикалық іс-әрекеттің бірлігі. Оқу іс-әрекетінің мазмұндық, процессуалдық және мотивтік компоненттерін атап айтуға болады.

Оқу әрекеттерін сыртқы және ішкі әрекеттер деп бөлуге болады.

Сыртқы әрекеттер: заттық әрекеттер (жазу, сызу, сурет салу т.б.), перцептивтік әрекеттер (тыңдау, бақылау, көру), символдық әрекеттер (сөйлеу, сөз).

Ішкі әрекеттер: мнемикалық әрекеттер (есте сақтау, реттеу және ұйымдастыру), қиял әрекеттері, ойлау әрекеттері (танымдық іс-әрекеттері формалары: материалдық, сөйлеу және ақыл-ой).

Танудың негізгі құралы - ойлау. Ойлау операциялары: синтез, анализ, салыстыру, жіктеу, қорыту және т.б.

Оқудың маңызды компоненті – мотив. Оқу іс-әрекетінің мотивтерінің бір-бірімен өзара байланысқан үш тобын көрсетуге болады.

Оң немесе теріс эмоциялар, тұлғаның эмоционалдық жадайларына негізіндегі тікелей қозғаушы мотивтер: мазмұнның жаңалығы, жарқындығы, сыртқы атрибуттардың тартымдылығы; сабақты қызықты өткізу; мұғалім тұлғасының тартымдылығы; мақтау, марапаттау алғысы келуі, төмен баға алудан, жазадан қорқуы және т.б..

Перспективті қозғаушы мотивтер негізінде оқыту пәнінің, жалпы білімнің әлеуметтік мәнін түсіну жатады. Мысалы, пәннің болашақта таңдаған мамандығын меңгерудегі маңызын түсіну.

Интеллектуалдық қозғаушы мотив түбінде тану процесінің өзінен қанағат алу жатады: білімге деген қызығушылық, оқу-танымдық есептарді шешу процесінің өзінен қанағат алу және т.б. Интеллектуалдық қозғаушы мотивтердің ішінде танымдық қызығушылықтар мен қажеттіліктер ерекше орын алады. Г.И.Щукина танымдық қызығушылықтардың үш деңгейін көрсетеді. Танымдық қызығушылықтың төменгі элементарлық деңгейі нақты фактілерге, сипаттама түріндегі білімдерге, үлгі бойынша әрекеттерге көңіл бөлумен сипатталады. Екінші деңгейде тәуелділіктерге, себеп-салдар байланыстарына, оларды өзінше табуға деген қызығушылықтар байқалады. Танымдық қызығушылықтың жоғары деңгейінде терең теориялық проблемаларға, білімді игерудегі шығармашылық іс-әрекетке деген қызығушылық пайда болады.

Оқыту процесінің логикасы және игеру процесінің құрылымы.

Оқыту процесінің логикасын және білімді игеру процесінің құрылымын «нақты аңғарудан абстрактілік ойлауға және одан практикаға көшу» схемасына сәйкес бірлікте қарастыруға болады.

Нақты аңғару – түйсік, қабылдау.

Абстрактілік ойлау – ұғыну, мәнін түсіну.

Практика – білімді, іскерлікті, дағдыны практикада қолдану.

Тұтас педагогикалық процестегі танымдық іс-әрекетінің психологиялық-педагогикалық негіздері

Оқу – оқыту процесіндегі оқушылардың іс-әрекеті. Оқыту процесінің логикасы оның құрылымын анықтайды, ал құрылымына оқыту процесінің звенолары – танымдық іс-әрекетінің кезеңдері кіреді:

- таным міндеттеріне жете түсіну;
- жаңа материалды қабылдау;
- ұғыну –жаңа оқу материалдарын түсініп жинақтау процесі;
- білімді, іскерлікті және дағдыны бекіту және жетілдіру;
- білімді, іскерлікті және дағдыны практикада қолдана білу;
- оқушылардың жетістіктерін талдау, білімін, іскерлігін және дағдысын тексеру, бағалау.

Таным міндеті түсінікті болса, оны оқушылар өз бетімен ізденіп шешуге тырысады. Оқыту процесінің әрбір звеносына жеке-жеке дайындалады.

Қабылдау – адамға тікелей әсер ететін заттардың немесе құбылыстардың адам санасында бейнелеу процесі. Сабақ үстінде оқушылардың жаңа материалмен танысуы түйсіктен және қабылдаудан басталады. Ал түйсік сананың сыртқы әлеміне байланысы. Сезім мүшелерімізге әсер етіп, оның миымызда бейнеленуін түйсік деп атайды.

Оқушыларды жаңа материалдармен таныстыру, бақылау, эксперимент, практикалық жұмыстар процесінде тікелей қабылдау арқылы немесе жанама түрде мұғалімнің сөзі, эвристикалық әңгіме, оқулық арқылы іске асырылады.

Ұғыну – бұл саналы түрде ғылыми білімді, заңдылықтарды ұғу, фактілерді жинақтау процесі, қорытынды шығару. Ұғыну процесінде оқылатын материал терең ойластырылады, дәлелденеді және бекітіледі.

Бекіту – бұл оқушылардың білімді берік ұғынуының тиімді тәсілі. Педагогикалық процесте жаңа материалды алғашқы бекіту қолданылады. Өйткені оқу материалын еске түсіру үшін мұғалім күнделікті қайталауды жүргізіп отырады.

Оқу бағдарламасы бойынша нақты тарауларды, оқу курсының толық бітіргеннен кейін жинақтап, қайталау басталады. Мұндай қайталау оқушылардың білімін бекіту және жүйеге келтіру үшін жүргізіледі.

Білімді, іскерлікті және дағдыны практикада қолдану оқушылардың өзіндік қасиетін дамытады. Оқушылардың өз бетімен дамуына лабораториялық жұмыстар, практикалық және семинар сабақтар, үйрету машиналары, ауызша және жазбаша жаттығу жұмыстары мүмкіндік туғызады.

Білім алушылардың жетістіктерін талдау, білімін, іскерлігін және дағдысын тексеру, бағалау бұл оқытудың кері байланыс процесі.

Таным іс-әрекетінің бұл кезеңінде оқушылардың педагогикалық процесс барысында белгілі сұрақ бойынша білімін тексеріп бағалаумен шектелуге болмайды. Сондықтан оқушылардың барлық жетістіктерін – білім сапасын, пайымдау сауатылығын, жалпы ой-өрісінің даму дәрежесін ескеріп, талдау жасап отырған жөн.

Оқыту процесінің звеноларын таным процесінің формуласына сүйеніп, салыстыру ретінде логикалық бірізділікпен былай жазуға болады. Нақты аңғару – түйсік, қабылдау. Абстракт ойлау – ұғыну, мәнін түсіну.

Танымдық мотивтер:

1. Оқушылардың жаңа білімді игеруге және ұғу тәсілдеріне бағыттау мотивтері.

2. Өз бетімен білім алу, оны іс-әрекетінде қолдана білу мотивтері.

Ойдың талаптандыру мотивтері таным іс-әрекеті процесімен байланысты. Іс-әрекеттің барысында сұраққа немесе проблемаға оқушы өзбетінше жауап беруге тілек білдіреді, тырысады, тапсырманы табысты орындағаны үшін қанағат сезіміне бөлінеді, тапсырманың практикалық мәніне түсінеді.

Жалпы педагогикалық процесс оқу процесінің функциялары арқылы жүзеге асырылады. Білім беру, дамытушылық және тәрбиелік функциялары оқушының танымдық қасиетімен байланысты. Танымдық қабілеті ең алдымен мотивтермен ынталандырылады. Мұғалімнің жаңа тақырыпты түсіндіруде оқушыны қызықтыра алатын болса, яғни мотивтерін көрсете білсе, оның танымдылық деңгейінің жоғарғы екенін көруге болады.

3. Педагогикалық процестің қозғаушы күштері; тербиелеу, білім беру механизмдері, жалпы заңдылықтары.

Қарама-қарсылықтардың арқасында үздіксіз қайта жасарулар мен жаңғыртулар дүниеге келеді. қарама-қарсылықтар бұл өзара екі полярлы күштердің бір-біріне сыйымсыздығынан туындайтын диалектикалық процесс. Адам қайшылықтарды іздеп немесе ойдан шығарып, әлектенуінің қажеті жоқ, олар

қадам сайын өмірлік қажеттіліктердің өзгеру салдарынан пайда болып отырады. Табиғатынан адамның өзі-де қарама-қайшылықты дүние болмысы. Қарама-қайшылықтар барша адамдардың дамуына ықпал жасаушы ішкі және сыртқы, жалпы (әмбебап), сонымен бірге қарапайым материалдық мүмкіндіктері арасындағы қарама-қайшылықтар әмбебап сипатқа ие. Ішкі қарама-қайшылықтардың бірі-жаңадан пайда болған қажеттер мен оларды іске асыру мүмкіндіктерінің арасындағы алшақтықтар.

Адам дамуын зерттей отырып, ғалымдар даму және оның нәтижелері – бір жағынан, және оларға ықылас жасаушы себептер – екінші жағынан, арасындағы заңдылықты байланыстарды аңдатушы бірнеше маңызды тәуелділіктерді ашады. Адам дамуы ішкі және сыртқы жағдайларға тәуелді. Ішкі жағдайлар – адам ағзасының физиологиялық және психикалық қасиеттері. Сыртқы жағдайлар – бұл адамның қоршаған ортасы, ол жасаған және дамыған аймақ, сыртқы орта мен ықпалды араласу процесінде адамның ішкі мәні өзгереді, жаңа қасиеттері қалыптасады, ал бұл өз кезегінде алдағы өзгерулерге жол ашады.

Педагогикада диалектиканың барлық заңдары көрсетілген. Сондықтан педагогиканы А.С.Макаренко диалектикалық ғылым деп санайды. Оқыту және тәрбие процесінің диалектикасы оның өзара байланысында, үздіксіз дамуында, жылжымалығында және қарама-қайшылығында ашылады.

Педагогикалық процестің заңдылықтары Ю.К. Бабанскийдің, И.Я. Лернердің, И.Ф. Харламовтың еңбектерінде кең көлемде баяндалған.

Құбылыстар мен процестер арасындағы дамуды сипаттайтын мәнді байланыс философияда заңдылық деп аталады. Педагогикалық процестің заңдылықтары оның тұтастығын дәлелдейді. Мұндай заңдылықтардың бірнеше түрлерін атауға болады: 1. Оқыту мен тәрбие қоғамның мұқтаждығына және жағдайына байланысты. Орта мектепте бұл заңдылықты іске асыру елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына байланысты болды. Неғұрлым қоғамның экономикалық мүмкіншілігі ғылыми-техникалық прогреске сәйкес дамып отырса, соғұрлым мектептің оқу-материалдық жағдайы жақсарады, педагогикалық процесс тиімді ұйымдастырылып, жеке адамның дамуына игі әсер етеді.

2.Тәрбиенің, оқытудың, білім берудің және дамудың өзара байланыс заңдылығы. Оқыту процесі білім беру, тәрбие және даму процестерімен байланысты. Сондықтан оқыту жеке адамның жан-жақты дамуына көмектесе отырып, білім беру тәрбие және даму функцияларының бірлікте іске асуына мүмкіндік туғызды. Л.С. Выготскийдің айтуы бойынша оқыту дамудың алдына шығып отырса, ал бала дамуының «ең таяу даму аймағын» жасайды, баланы ізденуге талаптандырады және дамудың бірнеше ішкі процестерін қозғалысқа келтіреді. «ең таяу даму аймағы», одан әрі «актуалды даму аймағына» көшуі тиіс, яғни бұл аймақта оқушы тиісті тапсырмаларды өз бетімен орындайды.

Оқытусыз тәрбиені іске асыруға болмайды, себебі адам баласы белгілі заңдылықтарды, білімді меңгеру негізінде ғана өмірге игі әсер етеді. Егер оқушы оқуды өзінің міндеті деп санамаса, өзінің жауапкершілігін сезінбесе, онда оқытуды да жақсы ұйымдастыруға болмайды.

3.Тәрбие мен өзін-өзі тәрбиелеудің бірлігі

Жеке адамның дамуы мен қалыптасуына белсенділіктің ролі өте зор. Іс-әрекеттің барысында белсенділіктің бірнеше түрлерін байқауға болады. Олар: қарым-қатынас белсенділігі, таным белсенділігі және өзін-өзі тәрбиелеу белсенділігі.

Қарым-қатынас белсенділігі арқылы бала жолдастарымен, кейбір адамдармен қарым-қатынас жасайды, өзіне дос іздестіреді, тілектес дос табуға тырысады. Қарым-қатынас белсенділігінің нәтижесінде жеке адамның бойында адамгершілік қасиеттері (қамқорлық, қайырымдылық, ілтипаттылық, жауапкершілік сезімі т.б.) қалыптасады.

Тәрбие және оқыту процесінде баланың таным белсенділігі кеңейді, тереңдейді. Мысалы, оқыту процесінде баланың ақыл-ой қабілеті, білімді өз бетімен меңгеру белсенділігі дамиды, заттың мәнін, ғылыми ұғымдарды терең түсінеді, іздену нәтижесінде пайда болған сұрақтардың жауаптарын табады.

Жеке адамның даму процесінде өзін-өзі тәрбиелеу белсенділігі сапа жағынан жаңа факторға айналады. Оқушы үлгі аларлық сөздермен, ережелермен толтырылған сауат емес, ол шырақ, оның өзін-өзі тәрбиелеудің аса мейірімділік ынтымақтығымен тұтандыру керек. Демек, жеткіншектер тек айналадағы дү-

ниені танып қана қоймай, олар өзіне және өзінің ішкі дүниесіне үніле қарай білулері қажет, яғни оқушы бір жағынан тәрбие объектісі, ал екінші жағынан тәрбие субъектісі болады.

3. Тәрбие мен оқыту іс-әрекетінің және қарым-қатынастың шешуші ролі.

Тәрбие, оқыту және білім беру іс-әрекетіне байланысты. Іс-әрекеттің бірнеше түрлері бар. Оларға ойын, оқу, спорт, еңбек, көркемдік, қоғамдық-саяси іс-әрекеттері т.б. жатады. Осы іс-әрекеттердің нәтижесінде баланың ақыл-ойы, дүниеге көз-қарасы дамиды, эстетикалық қасиеттері қалыптасады, еңбек ету-де жауапкершілік сезімі артады.

Іс-әрекеттің процесінде қарым-қатынас іске асырылады. Қарым-қатынас – бұл адамдардың өзара әрекеттесіп, әр түлі коммуникациялық құралдардың көмегімен бір-бірімен пікір алысуы. Қарым-қатынас әлеуметтік өмір құбылысы, ол информациялық, нормативтік және таным процесі ретінде сипатталады.

Қарым-қатынас оқушыларды адамдардың мінез-құлқы, іс-әрекеттері, білім, әдебиет, өнер, айналадағы орта туралы мол информациялармен байытып, ой-өрісін дамытады.

Қарым-қатынасты нормативтік процесс тұрғысынан қарастырсақ, оқушылардың қарым-қатынасы белгілі нормалар жинағымен реттеледі. Ол нормаларды қоғам реттейді. Қоғамдық нормалардың көзі – идеология, қоғамның әлеуметтік-саяси және экономикалық практикасы.

Қарым-қатынас – таным процесі. Таным және қарым-қатынас өзара байланысты, мұны оқушылардың іс-әрекетінен көруге болады.

4. Педагогикалық процесте оқушылардың жас және дербес ерекшеліктерін есепке алу.

Жас ерекшеліктері мынадай жағдайда еске алынады:

а) оқу жоспарланып, оқу бағдарламаларын, оқулықтарды, оқу құралдарын т.б. жасағанда;

ә) организмнің дене және психикалық дамуы барысында;

б) оқу, тәрбие және қоғамдық пайдалы жұмыстардың процесінде;

Жеке адамның дербес ерекшеліктері:

а) темперамент, оның типтері (сангвиник, флегматик, холерик, меланхолик)

ә) мінез жеке адамның өзіне, өмір сүрген ортасына қатынасын білдіретін негізгі психикалық сипатта;

б) қабілет, оның түрлері: жалпы және арнайы қабілеттер. Қабілет – адамның түрлі іс-әрекеттеріндегі мүмкіншілігі.

Білім беру және тәрбие жұмыстары жеке адамның жас және дербес ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылады.

Педагогикалық процесте ұжым мен жеке адамның өзара байланысы. Жеке адамды қалыптастырудың негізгі көзі – ұжым. Ұжымсыз жеке адам дамымайды, азғындайды, кері кетеді.

Орыс ғалымдары Н.К.Крупская, А.С.Макаренко, В.А.Сухомлинский ұжымдық қатынастарды қалыптастырудың теориялық негіздерін жасайды. Балалар мен тәрбиешілер арасындағы қарым-қатынас – ұжымның даму процесі педагогикалық процесте ұжымның басты борышы - әр бір адамның түлеп өсуіне қамқоршы болу. Тәрбиенің ерекшелігі, оның ұжымды бағытта іске асырылуында, өйткені тәрбие екі жақты, бір текті процесс.

Міне, осы тұрғыдан жаңашыл мұғалімдердің тәрбиешілер мен балалардың бірлесу іс-әрекетінің идеясы шығармашылық ынтымақтастықтың шешуші шарттарының бірі болады.

5. Педагогикалық процесс міндеттерінің, мазмұнының, формаларының және әдістерінің өзара байланыс заңдылықтары.

Педагогикалық процестің барлық элементтерінің мақсаттары және міндеттері, яғни олардың мұғалімінің, тәрбиешінің және тәрбиеленушілердің жұмыстарының мазмұнын, формаларын және әдістерін анықтайды.

Бұл заңдылықтар:

а) оқыту мен тәрбиенің мазмұны қоғамның мақсаттарын және қажеттілігін бейнелейтін міндеттерге байланысты;

ә) оқыту мен тәрбиенің формалары, оларды ұйымдастырып өткізудің міндеттеріне, мазмұнына және әдістеріне байланысты;

б) оқыту мен тәрбиенің әдістері олардың мақсаттарымен анықталады.

Егер педагогикалық процестің міндеттері, мазмұны, формалары, әдістері тұтас логикалық тізбек құрса, онда қарастырылып отырған байланыс заңдылығы ақырғы нәтижені қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер:

1. Педагогика. Дәріс курсы. Алматы 2003.
2. Бабанский Ю.К. Педагогический процесс //Сост М.Ю. Бабанский М.,1989.
3. Коротяев Б.И. Педагогика как совокупность педагогических теории. М.1986.
4. Хмель Н.Д. Педагогический процесс в общеобразовательной школе. Алма - Ата. 1984.
5. Каптерев П.Ф. Педагогический процесс // Избр. Пед. соч./ Под ред. А.М.Арсеньева. – М., 1989.
6. Абиева Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика. Алматы: Дарын, 2004.
7. Қоянбаев Р. , Қоянбаев Ж. Педагогика. –А., 2004.
8. Педагогика. Дәріс курсы. Авторлар ұжымы. А., 2003.
9. Харламов И.Ф. Педагогика. Учебник. Минск. 1998 г.
10. Подласый И.П. Педагогика. Книга 1.Учебник для студ. пед. вузов; М., Владос, 1999 г.
11. Хмель Н.Д. Жалпы білім беретін мектептегі педагогикалық процесс. Алматы «Ғылым» 2002.
12. Оконь В. Введение в общую дидактику. М.,1990.
13. Дидактика средней школы/Под ред. М.Н.Скаткина.М.,1982.

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МЕН СПОРТ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАН-ЖАҚТЫ БІРТҮТАС ДАМЫҒАН ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жоспар:

1. Дене шынықтыру және спорт жағдайында тәрбие мазмұнының мәні. Тәрбие мақсатының, міндеттерінің және мазмұнының диалектикалық өзара байланыстары мен қатынастары.

2. Тұлғаның жан-жақтылығы оның адамзат мәдениетін меңгеруіне байланысты дамуының мазмұнды сипаты ретінде

3. Тәрбиенің түрлері және олардың өзгешеліктерінің сипаттамасы.

4. Дене шынықтыру және спорт сабақтары жеке тұлғаның дүниетанымын қалыптастыру.

1. Дене шынықтыру және спорт жағдайында тәрбие мазмұнының мәні. Тәрбие мақсатының, міндеттерінің және мазмұнының диалектикалық өзара байланыстары мен қатынастары.

Педагогика теориясы мен тәжірибесінде тәрбие мазмұны ең маңызды және көкейкесті ұғымдардың бірі. Қазіргі тәрбие мазмұны ғасырлар бойы қалыптасып, белгілі бір тарихи кезеңде қоғамдық сананың даму ерекшеліктеріне идеялық және құндылық ұстанымдарға байланысты жетіліп отырды.

Ұрпақтардың табиғи түрде алмасуы қай кезде болмасын маңызды қоғамдық міндет болып табылатын алдыңғы ұрпақтардан келесі ұрпақтарға әлеуметтік тәжірибені жинақтап жеткізетін тәрбие процесі орындалатын білім беру жүйесіне қоғамның аса көп көңіл аударуын талап етіп отырған.

Тәрбие мазмұнын жаңаша қарастыру, оны іске асырудағы тұлғалық бағдарлық және іс-әрекеттік тәсілдер ғалымдар мен педагогтарды жеке тұлғаны қалыптастыру міндеттерін шешудің тиімді құралдарын тұтас педагогикалық процесс тұрғысынан іздестіруге ынталандырады.

Тәрбие мақсаттарын тереңінен білу педагогтарда негізінен қандай адамды қалыптастыруы қажет екені туралы, өздерінің іс-әрекеттеріне не нәрсе саналылық, айқын бағыт, қисындылық беретіні туралы көзқарас тудырады.

Сонымен қатар тәрбие мақсаттарының одан ары айқындалуы оның міндеттерінің қалыптасуына ықпал етеді. Тәрбиенің мақсаттары мен міндеттері тәрбиелік жұмыстардың мазмұнын анықтауға тікелей қатысты.

Тәрбие мазмұны – әр тұлғаның өмірдегі өз орнын өзі белгілеуіне қамтамасыз етуге, оның өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдайлар жасауға бағытталған, қоғамның экономикалық және әлеуметтік даму көрсеткіштерінің бірі. Сонымен бірге, тұлғаны

ұлттық және әлемдік мәдениетке тәрбиелеу, өз қоғамына тығыз байланысты, және сол қоғамды жетілдіруге ұмтылған адам және азамат қалыптастыру қамтамасыз етіледі.

Әлеуметтік тәжірибені меңгеру адамдардың, халықтардың қандай болса да нәсілдік, ұлттық, тайпалық, діни және әлеуметтік топқа жататындарына қарамастан, өзара түсінушіліктерін, ынтымақтастықтарын нығайтулары тиіс, сонымен қатар, әртүрлі дүниетанымдық көзқарастар ерекшеліктерін ескерулері қажет.

Тұтас педагогикалық процесс теориясында педагогикалық процесс мәнінің қазіргі қоғамдағы тәрбие мақсаты – қоғамның шығармашылық іс-әрекетін белсенді қатыса алатын үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастырумен толық сәйкес келуіне көп көңіл аударылады. Сондықтан да педагогикалық процесстің негізгі тәрбиелік механизмдері оқушыларға қатысты барлық іс-әрекеттер түрлері қалыптасатын қатынастар жазықтығында орналасқан.

Жеке тұлға тек өз іс-әрекеті арқылы ғана дамитыны бәрімізге белгілі. «Іс-әрекет тек қана менікі, менің жүрегімде тууы тиіс» - деп кезінде К.Д.Ушинский түсінікті де, әсерлі анықтама берген. Сондықтан да педагогтар тәрбие процесін ұйымдастыру барысында балалар әрекеттерінің ішкі мотивтеріне сүйене отырып, тәрбиеленушілердің кез келген әрекеттер түрін мазмұнды етіп толықтырулары қажет.

Тәрбие мазмұнының мәселесі тәрбие бағдарламаларымен тығыз байланысты. Нақты бір білім беру мекемесіндегі тәрбие мазмұны мекеменің өз бетінше жасап, қабылдап іске асыратын білім беру бағдарламаларымен анықталады. Тәрбие бағдарламалары тәрбиенің негізгі мақсаттары мен міндеттер шеңберін анықтап, тәрбие мазмұнының сипаттамаларын, ерекшеліктерін, негізгі бағыттарын ашып көрсетеді.

Қазіргі қоғам жастарын тәрбиелеудің стратегиялық бағыты ретінде делдалдық қасиетке ие, жалпы адамзаттық құндылықтарды игере алатын, ұлттық санасы дамыған, көп мәдени тұлғаны қалыптастыру болып саналады.

Осы ойлар “Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеу тұжырымдамасында” (1995 ж.), “Білім

беру жүйесіндегі мемлекет саясатының тұжырымдамасында” (1996ж.), “Қазақстан Республикасындағы этномәдени білім беру тұжырымдамасында”(1996 ж.), Қазақстан Республикасындағы білім беру ұйымдарындағы тәрбиелеудің кешенді бағдарламасында” (2000 ж.), “2005-2010 жылдарда Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында” (2004 ж.), «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беру тұжырымдамасында (2004 ж.), және мектептегі тұтас педагогикалық процесті ұйымдастырудағы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің тағы басқа құжаттарында көрініс алады.

Жас ұрпақты тәрбиелеу үнемі ұлағатты идеялар мен құндылықтарға негізделуі керек. Сондықтан да, қазіргі замандағы барлық тәрбие жүйесінің идеялық негізі ретінде бірнеше ғасыр тәжірибесінде қалыптасқан және дәлелденген гуманизм принциптері болуы тиіс.

Гуманизм ең алдымен адамның адамдығын білдіреді: адамдарға деген махаббат, сүйіспеншілік, психологиялық сабырлықты жоспарлы деңгейі, адамдар арасындағы қарым-қатынастағы мейірімділік, тұлғаны сыйлау, қошеметтеуді көрсетеді. «Гуманизмді ұғымы адамды ең жоғарғы құндылық ретінде санайтын құндылық бағдарлары жүйесі ретінде қалыптасады.

Гуманизмді қазіргі заман талабына сай қарастырсақ онда адам тұлғасының тұтас, жан-жақты қалыптасуына көп көңіл бөлінеді. Бұл жан-жақтылық оның интеллектуалды, рухани, адамгершілік, дене және эстетикалық қабілеттерінің үйлесімді дамуы арқылы айқындалады. Сонымен, гуманизм тұрғысынан, тәрбиенің түпкі мақсаты болып әрбір адамның таным, қарым-қатынас, іс-әрекет жасаудың толық субъектісі болуы, яғни, өмірде орын алатын барлық жағдайларда жауапты, тәуелсіз, дербес тұлға бола алуы қарастырылады.

Тұлғаның жан-жақтылығы оның адамзат мәдениетін меңгеруіне байланысты дамуының мазмұнды сипаты ретінде. Тұлғаның жан жақты үйлесімді дамуы туралы түсініктер сонау көне дәуірдің философиялық ілімдерінде, қайта өркендеу дәуірінің гуманист-педагогтерінің еңбектерінде кездеседі. Біздің

заманымызда да бұл ұғым өзекті орын алып отыр. Түрлі тарихи кезеңдерде жан-жақты үйлесімді даму ұғымына түрлі түсініктер берілген. Тек адамның жақсы болуына, жан-жақты жетілуге деген ұмтылысы ғана бірдей болған.

Барлық халық ертегілерінде, аңыздарында жағымды кейіпкерлер образдары арқылы адам тұлғасын жан-жақты жетілдіру идеясы орын алып отырған. Күшті, ақылды, адамгершілігі мол, елдің қамын ойлайтын, сөзге шешен, т.с.с. жан жақты жетілген адам туралы көзқарас әдебиет пен өнер шығармаларында, халық шығармашылығында көп насихатталады.

Жан-жақты үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыру – тәрбиенің басты мақсаты. Бірақ, кез келген қоғамда тәрбие мақсатының екі түрлі мағынасы болатынын айтып өту керек, яғни тұлғаның екі педагогикалық идеалы болады. Біріншінің идеалы өте жоғары деңгейде қарастырылады, ол идеал-мақсат, ол тәрбиенің ең жоғарғы мақсатының өмірге келген әрбір адамға өзін-өзі іске асыруға, өздігінен дамуға мүмкіншіліктер жасауды қамтамасыз етуге бағытталған арманға ұқсайды. Ол тәрбиеленушілерді неғұрлым жақынырақ жетелейтін жарқын үлгі, негізгі бағыт-бағдар. Екінші идеал неғұрлым, шындыққа жақынырақ, күнделікті өмірде орын алуы мүмкін. Тәрбиеленушілер үшін олар жарқын тұлғалар, сол заманның белгілі ардагерлері, жағымды кейіпкерлер, солардың орнында болуды армандайтын, үлгі алғысы келетін атақты адамдар.

Тәрбиенің жалпы мақсатын іске асырудағы қиыншылықтар жалпы білім беретін мектептің міндеттерін қайта қарастырып нақтылауды талап етеді. Әлеуметтік институт ретінде мектеп педагогикалық процеске қатысушылардың өзін-өзі іске асыруларына және өздерінің өмірдегі орнын анықтай алуларына жағдай жасауға тырысады.

Тұлғаны жан-жақты дамыту идеясын іске асыру негізінде баланың жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, оның ақыл-ойын дене бітімін, күш-жүгерін үйлесімді дамыту заңының талаптарын жатыр.

Қазіргі кезде ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде педагогтардың тәрбие мазмұны жайлы айтатын пікірлері бірдей емес. Мектепті ізгілендіру және демократияландыру процессте-

рімен қатар басқа да кеңінен талқыланып, олардың шешілуі тәрбиені жаңа сапалы деңгейге көтеруі тиіс. Бірақ барлық зерттеуші-педагогтардың тәрбие мазмұны жайлы ізденістері мынандай маңызды идеяларға негізделген:

1. Тәрбиенің мақсаттарын нақты түрде қою.

2. Мектептің, жанұяның педагогикалық процессінде балалар мен үлкендердің ынтымақтастығы.

3. Адамның өмірдегі өз орнын анықтай білу мәдениеті.

4. Тәрбиенің жеке тұлғаға бағытталуы. Аса көп көңіл бағдарламалар мен іс-шараларды орындауға емес, тек балаға бөлінуі керек.

5. Баланың қабілеттерін, қызығушылықтарын, ескере отырып, баланы өз еркімен тәрбиеге қатыстыру.

6. Ұжымдылыққа бағыттау.

Қазіргі кезде көптеген авторлар тәрбие ұғымын жеке тұлғаны жалпы адамзаттық мәдениетке ендіру процесі ретінде, және оның жоғарғы құндылықтар негізінде өзін қоршаған шыннайы өмір мен үйлесімді бірігіп тіршілік ету қабілеттерін қалыптастыруды қарастырады.

Тәрбиенің жалпы мақсатымен бірге тәрбие процесінде бір тәрбиеленуші үшін жеке мақсат, жеке даму жолы болуы тиіс. Себебі әрбір адам дара, қайталанбас жан, әрбір адамның өзінің жан дүниесі, өз мақсаттары, ұмтылыстары, өзінің өмірлік ұстанымдары болады.

Егер де біз жеке тұлғаны тұтас құрылым деп қарастыратын болсақ, онда оқушы тұлғасын қалыптастыру мәселесі оқушыларға іс-әрекет мазмұнын, түрін, формасын таңдап алуға мүмкіндігі мол оқу материалын меңгеру кезінде де және оқудан тыс жұмыста да шешіледі.

Тәрбие стратегиясының нақты ұстанымдары “Қазақстан Республикасындағы білім беру ұйымдарында тәрбиелеудің кешенді бағдарламасында” анықталған. Мектептегі тұтас педагогикалық процессті ұйымдастыру барысында мұғалімдер төмендегі аталып отырған принциптерді іске асыруға қабілетті болулары қажет:

- педагогтың тәрбиеленушінің өз дамуына өзі жауапты субъект ретінде қарастырып отыр, тәрбиенің гуманистік бағытта жүргізілу принципі;

- табиғи және әлеуметтік мәдени процесстердің өзара байланысын ғылыми тұрғыдан түсінуді қарастыратын табиғатқа сәйкестілік принципі;

- жалпы адамзаттың құндылықтарға негізделген ұлттық мәдениет ережелері мен регионалдық дәстүрлерге сәйкес тәрбиелеуді қарастыратын мәдениетке сәйкестілік принципі;

- әлеуметтік бейімделу дағдыларын, өзін-өзі іске асыруды қамтамасыз ететін әлеуметтік әрекеттестіктің тиімділік принципі;

- тұлғаның әлеуметтік және мәдени құзырлығын (компетенттігін) дамыту принципі.

Тәрбие мазмұны жеке тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін іс-әрекет түрлері арқылы іске асады. Оған: көзқарасты қалыптастыру, адамгершілікке, еңбекке баулу, тұлғаның саяси-идеялық, эстетикалық дамуы, дене шынықтыру, оқушылардың түрлі іс-әрекеттеріне, сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстарға жағдай жасау жатады.

Тәрбиенің түрлері мен олардың өзгешеліктерінің сипаттамасы

Адамның жеке тұлға ретінде дамып қалыптасуында әлеуметтік тәжірибе мен жалпы адамзаттық мәдениеттің маңызы зор. Кең мағынада мәдениет адам іс-әрекетінің белсенді-шығармашылық сипатында қарастырылады. Әлеуметтік ортадағы әрбір адам мәдениеттің материалдық, рухани, әлеуметтік-нормативті болып бөлінетін үш бөлігін игеруі тиіс. Жалпы адамзаттық мәдениеттің әрбір бөлігі әр адамның дайындық деңгейінің бір қырын көрсетеді.

Мәдениеттің белгілі бір саласының немесе бір іс-әрекет түрінің дамуына байланысты, Қоғамда өсіп келе жатқан ұрпақты осы іс-әрекет түріне дайындау қажеттілігі туындаған. Яғни, нақты бір іс-әрекет түріне даярлауды ұйымдастыру тәрбие түрін анықтайды. Мысалы, өнердің дамуына байланысты эстетикалық тәрбие қажеттілігі туындады. Әлеуметтік-экономикалық бағыттың дамуымен қоғамының нарықтық экономикаға,

нарықтық қатынастарға өтпелі кезеңінде жас ұрпақты экономикалық тәрбиелеу қажеттілігі пайда болды. Яғни, қоғамдағы барлық процесстер өзара тығыз байланысты да, өзара келісілген.

Тәрбиенің барлық түрлері мектептің тұтас педагогикалық процесінде ғылым негіздерін үйренуде, сонымен қатар отбасында да жүзеге асады. Оқушылар мектептегі білім мен тәрбие алған барлық жылдары бойы адамзат еңбегімен құрастырылған өмір мен мәдениет құндылықтарымен танысады.

Педагогикалық әдебиеттерді талдау барысында тәрбие түрлерінің әртүрлі негіздер бойынша топтастырылатыны көрінеді. Ең жалпылама топтастыру көне дәуір философтарының ілімдерінен бастау алатын ақыл-ой, рухани, адамгершілік, еңбек, дене тәрбиесін қамтиды.

Қоғамдағы әлеуметтік экономикалық өзгерістерге және тәрбие жұмысының көптүрлілігіне байланысты азаматтық, саяси, ұлтаралық, адамгершілік, эстетикалық, еңбек, дене шынықтыру, экологиялық, экономикалық тәрбие түрлерін ажыратады.

Әр түрлі әлеуметтік институттарға қарайтындығына байланысты отбасылық, мектептік, мектептен тыс, конфессиялық (діни), балалар, жасөспірімдер ұйымдарындағы, арнайы білім беру мекемелеріндегі тәрбие түрлері болып бөлінеді.

Тәрбиешілер мен тәбиеленушілер арасындағы қарым-қатынас ерекшеліктеріне байланысты авторитарлық, демократиялық, либералдық, еркін тәрбие түрлері орын алады.

Философиялық тұжырымдардың ерекшеліктеріне сәйкес прагматикалық, аксиологиялық, ұжымдық, жеке тәрбиелеу түрлері болады. Қысқаша түрлеріне тоқталып өткен жөн.

Ақыл-ой тәрбиесі балалардың ақыл-ой күштері мен қабілеттерін дамыту, ой еңбегін игеру арқылы қоғам, табиғат, адам туралы ғылыми білімдер жүйесін меңгеру процессіне мақсатты және жоспарлы түрде ықпал ету.

Ақыл-ой тәрбиесінің мақсаты – балалардың ақыл-ой күштерін және интеллектуалдылық қабілеттерін дамыту.

Жеке тұлғаның адамзат мәдениетіне ену процесінде білімнің ролі, ақыл-ой мәдениетінің құрамды бөлігі ретінде қарастырылатын тұлғаның ғылыми көзқарасы өте өзекті. Ақыл-ой тәрбиесі барысында балалардың танымдық қызығушылықтары,

логикалық ойлау, есте сақтау, зейін қою, елестету қабілеттері, икемділіктері мен дарындылықтары дамиды.

Ақыл-ой тәрбиесінің міндеттері:

- танымдық қызығушылықты дамыту;
- танымдық белсенділікті қалыптастыру;
- белгілі білім көлемін меңгеру;
- ғылыми көзқарасты қалыптастыру;
- ақыл-ой күштерін, қабілеттерін дамыту;
- ғылыми ақпараттар ағысында өз бетінше білім алуға

ынталандыру.

Ақыл-ой тәрбиесі ғылымдар негіздерін, өндірістің ғылыми принциптерін зерттеуді қарастырады. Ақыл-ой тәрбиесі білімді тереңдетуге, бекітуге, оның тәжірибелік мәнін түсінуге септігін тигізеді.

Ақыл-ой тәрбиесін жүргізу барысында мұғалімдер оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп отырулары тиіс. Кейбір балаларда дарындылықтары бір салада жақсы байқалса, басқаларын басқа салада байқалады. Жас ерекшеліктері бірдей болса да балалар арасында тез немесе өте баяу жұмыс жасайтын, ойлау, есте сақтау мүмкіндіктерін және меңгерген теориялық материалды қайта айтып беру қабілеттері әртүрлі оқушылар кездеседі.

Адамгершілік тәрбиесі тұлғаның әлеуметтік ортада тіршілік етуіне қажеттің қоғам талабына сай балалар бойында тұрақты моральдық қасиеттердің, нормалар мен адамгершілік идеалдарды, жалпыадамзаттық құндылықтарды, адамгершілік қасиеттерді үйрету және қалыптастыру.

Адамгершілік тәрбиенің мақсаты - жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген тұтас адамгершілік тұлғаны қалыптастыру.

Адамгершілік тәрбиесінің міндеттері мен мазмұны мораль, этика, адамгершілік, адамгершілік ғылымдар, түсініктер, сезім, әдептілік, өзін-өзі ұстау мәдениеті деген ғылымдармен тығыз байланысты болады. Адамгершілік тәрбиесінің бір ерекшелігі оның оқушылардың іс-әрекеттерінің кез келген түрімен байланысты болуында.

Адамгершілік тәрбиенің міндеттері:

- адамгершілік сана-сезімді қалыптастыру;
- адамгершілік сезімдерді тәрбиелеу және дамыту;
- адамгершілік мінез-құлықтық әдеттері мен іскерліктерін

қалыптастыру;

- адам санасында оның қоғаммен байланыстылығын, қоғамға тәуелділігін, қоғам мүддесіне өзінің мінез-құлық сай болу қажеттілігін қалыптастыру;

- Қоғамның адамгершілік идеалдарымен, талаптарымен таныстыру, олардың заңдылығы мен парасаттылығын дәлелдеу;

- Өзін-өзі тәрбиелеуге,өзін-өзі жетілдіруге талпынуды қалыптастыру.

Адамгершілік адамның тұлғалық сипаты болып саналады да, мейірімділік, парасаттылық, адалдық, шыншылдық, әділдік, еңбек сүйгіштік, тәртіптілік, ұжымдылық деген қасиеттерді біріктіреді. Сонымен қатар, адамгершілік тұлғаның басқа “Мен”-дермен әрекеттесу процесінің қамтитын қарым-қатынастар жүйесі болып табылады. Осы қарым-қатынастар адамгершілік нормалар мен мінез-құлық механизмдерін игеруге әкеледі (Хмель Н.Д.).Тұлғаның адамгершілік нормалары мен талаптарын меңгеру механизмдерінің ерекшеліктері адамгершілік тәрбиеге жағымды психологиялық жағдай тудырумен, адам іс-әрекеттерінің адамгершілік жақтарын және нәтижелерін бағалаумен тығыз байланысты болады.

Бірақ қоғам өмірінің нормаларын қадағалап қорғайтын заңдардың маңыздылығын қарастырмай адамгершілік тәрбиесінің мазмұны толық ашылмайды.

Құқықтық тәрбие дегеніміз балалардың құқықтық сана-сезімін, қоғамдағы құқықтық нормалар мен мәдениетті сақтау, заңды құрметтеу дағдыларын қалыптастыру.

Құқықтық тәрбиенің мақсаты: оқушыларды күрделі құқықтық қоғамдық қатынастармен таныстыру.

Құқықтық тәрбиенің міндеттері:

- Құқықтық мемлекеттік азаматын тәрбиелеу;

- Өмірге қажетті қарапайым заңгерлік сауаттылықты меңгеру дағдыларын қалыптастыру;

- балаларды өз құқықтарымен міндеттері мен құқықтық жауапкершіліктермен, құқықтық қатынастармен таныстыру.

Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғайтын бірнеше заң құжаттары бар. Балаларды қоғамдық өмірге дайындау маңыздылығы, және ұлттық сана-сезім мен азаматтықты тәрбиелеу принциптері негізінде жасалған бала құқығы мен мүдделерін іске асыруда пайда болатын қатынастарды қадағалайтын “Балалар құқықтарының декларациясы”, Қазақстан Республикасының “Балалар құқығы туралы заңы”, “Балалар құқығы туралы конвенция” іске асырылуда.

Әлеуметтік ортадағы өмір әр адам бойында өз Отанына деген сүйіспеншіліктің, азаматтық қасиеттерді қалыптастыруды талап етеді. Әр бала жеке тұлға болуға, өз өмірін өзі қорғауға, өз ойын еркін айтуға, азамат болуға құқылы.

Азаматтық тәрбие дегеніміз балаларды қоғамның саяси өмірінің негіздерімен таныстыру, өзінің азаматтық міндеттерін орындауға дайындығын қалыптастыру.

Азаматтық тәрбие жеке тұлғаның азаматтық сана-сезімін, конституциялық, құқықтық көзқарасын қалыптастыруды қарастырады.

Азаматтық тәрбиенің негізгі максаты - адам бойында отанға деген сүйіспеншілік сезімін, қоғамның адамгершілік идеалдарын, бейбітшілікке деген ұмтылысын, қоғам мүддесі үшін еңбек ету қажеттілігін тәрбиелейді.

Азаматтық тәрбиенің міндеттері:

- тұлғаның өз абыройын бағалап құрметтеу сезімін, жеке тәуелсіздігін және тәртіптілігін қалыптастыру;

- адамға өзін заңды, саяси, әлеуметтік тұрғыдан әрекетшіл екенін сезіндіретін тұлғаның азаматтылығын қалыптастыру;

- тұлға бойында басқа азаматтарға және мемлекетке деген сыйластық және сенімділік қатынастарын қалыптастыру;

- қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау, оны қорғауға деген даярлық адамгершілік тәрбиесінің бір бөлігі ретінде қарастырылады.

Экологиялық тәрбие ол бала санасында табиғатты қорғау, аялау сезімін, экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

Экологиялық тәрбие мақсаты оқушыларда табиғатқа, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды, оны қорғауға даярлықтарын қалыптастыру.

Экологиялық тәрбиенің міндеттері:

- жас ұрпақ пен барлық тұлғалардың жоғарғы экологиялық мәдениетін бірізді дамыту;

- табиғатқа қоғам дамуының материалды және рухани күштердің қайнар көзі ретінде қарап, оның тағдыры үшін жауапкершілікті сезіну;

- адамдардың санасы мен іс-әрекеттерінде табиғат байлықтарын тиімді пайдаланып, оларды сақтау қағидаларын бекіту;

- қоршаған ортаға зиян келтірмей кейбір шаруашылық-экономикалық мәселелерді шешетін дағдылар мен іскерліктерді қалыптастыру.

Үйлесімді дамыған жеке тұлғаны қалыптастырудың маңызды және көп ғасырлар тәжірибесінен тексеріліп өткен қағидасы тәрбиенің бастамасы еңбекке баулу екені анық. еңбек, адам іс-әрекеттерінің негізгі түрі бола тұра, жеке тұлғаны дамыту факторы, және әлемді шығармашылық тұрғысынан меңгеру тәсілі ретінде қарастырылады.

Еңбек тәрбиесі дегеніміз еңбек етуге психологиялық даярлықты, еңбекке деген дұрыс көзқарасты қалыптастыру, еңбек тәртібі мен мәдениетін меңгеру.

Еңбек тәрбиесінің мақсаты балалардың еңбекке деген дұрыс көзқарастарын, еңбек етуге даярлықтарын, мамандықты саналы таңдауларын қалыптастыру.

Еңбек тәрбиесінің міндеттері:

- оқушыларды еңбек іс-әрекетінің әр түріне мақсатты бағыттайтын жалпыға пайдалы еңбек қажеттілігін қалыптастыру;

- белсенділік, іскерлік, еңбекті құрметтеу сияқты қасиеттерді дамыту;

- тұлғаның қайсарлығын, ұқыптылығын, тапқырлығын, ептілігін және басқа да жігерлік қасиеттерін дамытатын қажетті дағдыларды бекіту;

- жастарға кәсіптік бағдар беру, оқушыларды еңбек іс-әрекет түрлерімен уақытылы таныстыру;

- оқушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін, ұжымдық еңбекте ынтымақтастық және өзара көмектесу, өзара жауапкершілік сезімдерін дамыту.

Экономикалық тәрбие дегеніміз – балалардың нарықтық экономика жағдайында шаруашылықты тиімді жүргізу қағидалары мен нормаларына сай сана-сезімдерін, дағдыларын, іскерліктерін, талаптары мен мүдделерін қалыптастыруға жүйелі және мақсатты ықпал жасау.

Экономикалық тәрбиенің мақсаты тиімді экономикалық іс-қрекетке байланысты экономикалық ұғым мен сана-сезімді қалыптастыру.

Экономикалық тәрбиені міндеттері:

- экономикалық сана-сезіммен ақыл-ойды, саналы мұқтаждықтар мен қажеттіліктерді қалыптастырып бекіту;

- адам бойында ұқыптылық, тәртіптілік, үнемшілдік, іскерлік, ұйымдастырушылық, еңбек сүйгіштік сияқты қасиеттерді қалыптастыру;

- балалардың шығармашылықпен еңбек ету және тиімді, үнемді, аз шығындармен жоғары нәтижелерге жете алу іскерліктерін дамыту;

- тиімді экономикалық іс-әрекетке деген ынта мен талпынысты қалыптастыру.

- Дене шынықтыру тәрбиесі дегеніміз – адам денсаулығын сақтау мен нығайту және дененің дұрыс дамып қалыптасуына жеткізу.

Дене шынықтыру тәрбиесінің мақсаты салауатты өмір сүру негіздерін білу және ұстану, өз еркімен дене шынықтыру және спортпен шұғылдану дағдыларын қалыптастыру.

Дене шынықтыру тәрбиесінің міндеттері:

- денсаулықты нығайтуға және дене шынықтыруды дұрыс дамытуға ықпал жасау;

- табиғи қозғалтқыш қасиеттерді дамытып жетілдіру;

- дене шынықтыру мен жүйелі шұғылдануға тұрақты қызығушылық пен қажеттілікті тәрбиелеу;

- табиғат күштерімен балалар денесін шынықтыру (күн, су, ауа)

- ақыл-ой және дене еңбегіне қабілеттілікті жетілдіру;

- гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.

Дене шынықтыру тәрбиесінің мазмұны жас ұрпақты дене шынықтыру мәдениетінің әр түріне, әскери-өнер әрекеттеріне қатысуын, адам денесінің оның ақыл-ой, сезім, еріктерімен үйлесімді дамуын қамтиды.

Эстетикалық тәрбие дегеніміз балалардың бойында өз өмірін сұлулық заңдарына сай құра алу қажеттіліктері мен дағдыларын қалыптастыру және, еңбекте, қоғамдық іс-әрекетте адамдармен қатынас жасауды сұлулық идеалдарын негіздеу.

Эстетикалық тәрбиенің мақсаты балалардың шығармашылық қабілеттерін, әлемді сұлулық заңдары арқылы тануға қызығушылықтары мен талпыныстарын дамыту.

Эстетикалық тәрбиенің міндеттері:

- эстетикалық білімдерді қалыптастыру;
- эстетикалық мәдениетке тәрбиелеу;
- ата-бабаларымыздан қалған асыл мәдени мұраны игеру;
- шынайы қоршаған ортаға эстетикалық қатынасты

орнату;

- эстетикалық сезімдерді қалыптастыру;
- адамды өмірдегі, табиғаттағы, еңбектегі әсемдікке баулу;
- өз өмірін және іс-әрекеттерін сұлулық заңдарына сай

құру қажеттіліктерін дамыту;

Эстетикалық мәдениетті қалыптастыру процессінде оқушылар бойында өнердегі, өмірдегі, табиғаттағы, тұрмыстағы, еңбектегі, мінез-құлық және іс-әрекеттегі әсемдік пен әдемілікке деген әсерлі сезімталдық дамиды. Осыған орай А.П.Чеховтың: “Адам бойында барлығы да әдемі болуы керек: денесі де, кімі де, жаны да, ойлары да” деген сөздерін еске сақтау абзал.

Әлемді эстетика тұрғысынан танудың субъективті қыры ретінде эстетикалық сезімдер, әсемдікке деген көзқарас, бағалау, ой-толқыныстар, идеялар, яғни адамның эстетикалық саналылығы қарастырылады.

Әр баланың өз қолымен әсемдікті тудыруға қатысуы бейнелеу өнері, көңіл-күй, хореография сабақтары, шығармашылық бірлестіктер мен студияларда жұмыс істеуі арқылы іске асады.

Жоғарыда аталған тәрбиенің барлық бағыттары тұтас педагогикалық процессте орын алып, өзара тығыз байланыста

болады. Тәрбиенің әрбір түрі басқа түрлерімен қатар жүргізіліп, бірін бірі толықтырады, педагогикалық процесс барысында өзара тәуелді болады. Мысалы, ақыл-ой мен дене шынықтыру тәрбиесінің байланысы денсаулық пен оқытудың өзара тәуелді ұғымдар екенін көрсетеді. Өйткені оқушының денсаулығы неғұрылым мықты болса, соғұрылым оның оқуы мен дамуы тиімді сапалы болады.

Жеке тұлғаның тұтас қалыптасуында тәрбие бағыттарының барлығы жеке процесстердің қосындысы ретінде емес, бірлескен, өзара байланысқан, тұтас процесс ретінде қарастырылады, себебі баладағы үйлесімділікті тек қана үйлесімді әсер етумен қалыптастыруға болады.

Дене шынықтыру және спорт сабақтарында оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыру.

Жан-жақты дамыған тұлғаны дамытуда оларда ғылыми дүниетаным қалыптастырудың маңызы зор. Ғылыми дүниетаным адамға қоршаған ортаның құбылыстарын дұрыс қабылдауға және қорытуға, оларға объективті баға беруге көмектеседі. Дүниетанымның қалыптасу процесі күрделі, көп қырлы процесс, сондықтан педагогика ғылымында бұл ұғымға деген әртүрлі көзқарастар қалыптасқан.

Дүниетанымның қалыптасу процесі күрделі, көп қырлы процесс, сондықтан педагогика ғылымында бұл ұғымға деген әртүрлі көзқарастар қалыптасқан.

Дүниетанымның күнделікті тұрмыстық дүниетаным, діни дүниетаным, ғылыми дүниетаным және т.б. түрлерін атауға болады.

Ғылыми дүниетаным қоғамдық сананың ең жоғары формасы.

Ғылыми дүниетаным әлемге деген ғылыми, философиялық, адамгершілік, эстетикалық көзқарастар жүйесі. Әлем өркениетінің жетістіктерін жинай отырып ғылыми дүниетаным адамды тұрмыс пен ойлаудың, табиғат пен қоғамның

мәнді жақтары туралы әлемнің ғылыми бейнесімен қаруландырады.

Дүниетанымда ішкі мен сыртқының, объективті мен субъективтінің бірлігі көрінеді.

И.Ф.Харламов ғылыми дүниетанымның бағдар беру, ақпараттық және баға беру функцияларын атайды. Б.Т.Лихачевтің пікірі бойынша ғылыми дүниетаным ағартушылық, тәрбиелік, дамытушылық, ұйымдастырушылық және болжамдық функциялар

Ғылыми дүниетанымның ағартушылық функциясының мәні – ол қоғам және табиғат әлемін адамға түсінікті етеді, білімді сана қалыптастырады, әлеуметтік және саяси қате түсініктерден сақтайды.

Тұлғаның қабылдаған көзқарастары мен сенімдері онда белгілі бір моральдік қасиеттердің қалыптасуына, қоршаған шындыққа деген қарым-қатынас қалыптастыруға негіз болуы ғылыми дүниетанымның тәрбиелік функциясын іске асыруға мүмкіндік береді.

Ал дүниетанымның дамытушылық функциясының мәні дүниетанымның мазмұнын игеруге арналған ішкі рухани жұмыс тұлғаны белсенді ойлау іс-әрекетіне тартуында. Ғылыми дүниетанымның ұйымдастырушылық функциясы оқушыларды практикалық іс-әрекет жүйесіне тартудан көрінеді.

Ғылыми дүниетанымның болжамдық функциясы қоғам мен табиғаттың даму заңдылықтарын игеру негізінде іске асырылады.

Ғылыми дүниетаным тұлға қалыптасуында адамгершілік, эстетикалық және т.б. бағыттарда дамуының негізі, орталығы болып табылады.

Дүниетаным адам санасының жоғары формасы, оның қоршаған дүниеге, яғни қоғамдық өмірге, табиғатқа, өзіне көзқарасы және сенімі. Сонымен қатар осыған байланысты адамдардың негізгі өмірлік позициясы, олардың сенімі, мұраты және іс-әрекеті.

Ғылыми дүниетаным компоненттері.

И.Ф.Харламов ғылыми дүниетанымның құрылымдық компоненттерінің төрт түрін көрсетеді. Олар: ғылыми білімдер жүйесі, көзқарас, сенім, адам мұраты.

Білім - ғылыми шындықтар жүйесі. Білім - объективтік дүниені бейнелейтін адам баласының мол тәжірибесі. Білім арқылы жеке адам табиғаттың және қоғам құбылыстарының объективтік жақтарын зерттейді, түсінеді, ұғады. Ғылыми білім кез келген жағдайда адамның дүниетамын анықтай бермейді. Білім адам үшін субъективті мән алуы, яғни оның көзқарастары, сенімдері, идеал құруының негізі болуы керек. Ғылыми білім тұлға дамуының және оның дүниетанымы қалыптасуының үлкен тірегі. Міне, осының нәтижесінде білім әр адамның көзқарасына, сеніміне айналады.

Көзқарас жеке адамның табиғи және әлеуметтік құбылыстарын түсіндіру туралы байымдауы, ой тұжырымы. Көзқарас – адамның шындық ретінде қабылдаған идеялары, білімдері, теориялары, концепциялары және жорамалдары, құбылыстарға деген өзінің қарым-қатынасы.

Сенім – көзқарастың жоғары сапалы жағдайы. Сенім деп тұлғаның ішкі позициясына айналған білімдерді айтуға болады. Сенім жеке адамның өмірлік позициясының беріктігін анықтайды, мінез-құлқын сипаттайды. Сенім тұлғаның рухани әлемін (құндылықтарын, қызығушылықтарын, сезімдерін, іс-қимылдарын) анықтай отырып адамды қоғам өмірі талаптарына, қажеттіліктеріне сәйкес іс-әрекет жасауына бағыттайды.

Адам мұраты жете түсінудің жоғары кемелі, адам баласының жоғары мұрат-мақсаттары, өмірлік ұмтылысы.

Ғылыми дүниетаным қалыптастыру жолдары.

Дүниетанымның қалыптасуы – ұзақ және күрделі процесс. Оның барысында жеке көзқарастар және сенім жүйесі дамиды, қалыптасады, олар жеке адамның әрекет жасауына басшылық болады. Егер адамның көзқарастар жүйесі оның санасының, сезімдерінің бірлігіне сүйенсе, тек сол жағдайда ғана онда әлем туралы тұтас түсінік қалыптасады. Сондықтан дүниетаным

калыптастыру тұлғаның белсенді іс-әрекетінен, оның интеллектісіне, жігеріне, эмоцияларына ықпал етуден тікелей тәуелді. Дүниетаным процесіне әр түрлі факторлар, мәселен әлеуметтік және микроорта, оқыту және тәрбие, бұқаралық ақпарат құралдары және т.б әсер етеді. Олардың әрқайсысы әр түрлі ықпал жасайды.

Дүниетанымның интеллектуалдық компоненті шындықты тікелей сезімдік қабылдаудан абстрактілік ойлауға көшуді талап етеді. Одан нақты ойлауға көшеді. Абстрактіліктен нақты ойлауға көшу барысында әлем құбылыстарының мәнін, себеп-салдар байланыстарын түсіну жүреді.

Аналитикалық-синтетикалық іс-әрекеттің кез-келген нәтижесінде білім де, іс-әрекет әдісі де болады. Олар тану процессінің әр түрлі жақтары. Бірақ бұл процесте жетекші ролді білім атқарады. Осылардың барлығы оқушыларды біліммен ойлау және әрекет етудің бірлігі негізінде дамытуды талап етеді.

Дүниетаным жеке-жеке білімдерден емес, оның жүйесінен тұрады. Ол білімдер әдіснамалық теориялар, концепциялар, идеялар негізінде ұйымдаса отырып, мүмкіндігінше қазіргі заманғы ғылыми білімдердің құрылымын көрсетеді.

Білімдер сенімдерге айналуы, тұлғаның басымды қажеттіліктеріне, әлеуметтік күтулері мен құндылық бағыттылықтарына, жалпы көзқарастар жүйесіне енуі үшін сезімдеріне әсер етуі керек. Оқушылардың оң эмоционалдық жағдайы оларды өз тәжірибелеріне, ұлы ғалымдардың және қоғам қайраткерлерінің өмірі мен іс-әрекетіне назар аудартады.

Ғылыми дүниетанымды қалыптастыруда интеллектуалдық және эмоционалдық-жігерлік компонентпен қатар практикалық-әрекеттік компоненттің де маңызы зор. Сондықтан оқушыларды практикалық әрекеттер жүйесіне, әлеуметтік қарым-қатынастарға тарту олардың жан-жақты ақпараттарды, қарым-қатынас тәжірибесін меңгеруіне жағдайлар жасайды.

Оқушыларда ғылыми дүниетанымды қалыптастырудың тұтас процесі оқытудағы сабақтастықпен, оқу пәндерінің бір-бірінің байланысымен қамтамасыз етіледі. Пәнаралық байланыстарды іске асыру бір құбылысты жан-жағынан көруге, ол туралы тұтас түсінік алуға мүмкіндік береді.

Педагогтің әлеуметтік және кәсіби ұстанымы оқушының ғылыми дүниетанымын қалыптастырудың бір жолы. Оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастырудағы жетістік көп жағдайда оқушылардың мұғалімге деген сеніміне байланысты. Сондықтан, ғылымның мәнін, жетекші идеяларды толық түсінген, қабылдаған, шығармашы тұлға ретінде қалыптасқан мұғалім ғана жастардың рухани жетекшісі бола алады.

Әдебиеттер:

1. Корчак Я. Воспитание личности: Кн. Для учителя М. : 1992. 287 с. стр 51.
2. Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. Алматы: 1998. 320 с.
3. Педагогика. Уч.пособие для студентов пед.вузов и пед. Колледжей /под ред. П.И. Пидкасистого. М.: 2004. 608 с.
4. Бейсенбаева А.А. Теория и практика гуманизации школьного образования. Алматы.,1998.
5. Жампеисова К.К. Формирование основ политической культуры старшеклассников в целостном педагогическом процессе школы. Алматы., 1993.
6. Станкин М.И. Психология общения: курс лекций. М.: 200.304 с.
7. Психология и педагогика. /Под ред. С.А. Хмелевской. 2002.176 с.
8. Гершунский Б.С. Философия образования для XXI века. М. 1985.
9. Қоянбаев Р., Қоянбаев Ж. Педагогика. Алматы 2004.
10. Педагогика. Дәріс курсы. Алматы 2003.
11. Әбиева Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика. Алматы: Дарын, 2004.
12. Сарбасова Қ.А., Шаушекова Б.Қ. Педагогика негіздері. Қарағанды, 2004.
13. Айтмамбетова Б. Қазақ педагогикалық энциклопедия сөздігі. /РБК. Алматы, 1995.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАСҚАРУДЫҢ МӘНІ ЖОСПАРЫ

1. Педагогикалық басқару туралы түсінік.
2. “Мектепті басқару мен басшылық ету” ұғымының мәні және оның негізгі принциптері.
3. Оқу-тәрбие процесіне жетекшілік пен ұйымдастырудағы мектеп жетекшілерінің қызметтері.
4. Педагог кадрлардың әдістемелік жұмысы мен аттестациясы.

Мектепті басқару мен басшылық ету” ұғымының мәні және оның негізгі принциптері. Педагогика ғылымында мектепті басқару – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Ол жайлы ғалым-педагог Н.Д.Хмель өзінің зерттеулерінде: «педагогикалық процесті басқару дегеніміз әлеуметтік жүйені басқару» -деп көрсеткен [1.77]. Қазіргі заман мектебі – күрделі де кіріктірілген жүйе, ол оқушылардың, оларды оқытып, тәрбиелейтін мұғалімдердің, мектеп әкімшілігінің (директоры, оның оқу және тәрбие жұмысы бойынша орынбасарлары), оқу-тәрбиелік және қызмет көрсететін адамдардың іс-әрекетінен, мектеп алдында тұрған жалпы міндеттерді шешуге белгілі бір жағдай жасайтын материалдық базадан тұрады. Сонымен қатар, мектеп дегеніміз – мұғалімдер мен онда қызмет ететін адамдар ұжымы, олар білім беру жүйесін мемлекеттік тұрғыдан басқарудың объектілері болып табылады.

Қазіргі мектепті өзара байланысы бар, ішкі құрылымы және социуммен белгіленетін тұтас әлуметтік-педагогикалық жүйе ретінде қарастыру керек. Ол өзара тығыз байланысты екі жүйеден тұрады: басқарушы және басқарылушы. Бұл қазіргі кез-келген оқу-білім беру мекемесінің алдына өмірдің өзі қойып отырған міндеттерді жүзеге асыру бойынша барлық жұмыстың басты ұйымдастырушысы ретіндегі мектеп директорының тікелей басқару іс-әрекетінде көріну керек. Мектеп басшылығы мен мұғалімдерден тұратын басқару жүйесі жетекші болып келеді. Басқарылушы кіші жүйеге оқушылар мен олардың ұйымдары жатады.

Мектепті басқарудың басты мәні – оқыту мен тәрбиелеудегі оңтайлы нәтижені алу мақсатында оқушылар мен олардың ата-аналарына педагогтардың мақсатты бағытталған ықпал етуінен тұрады.

Адамдар жеке істей алмайтын немесе жекелеп істеу тиімсіз болғанды жұмыла істеу үшін басқару қажеттігі туындайды. В.Г.Афанасьевтің пайымдауынша: “Басқару – қоғамның, оның кез-келген даму сатысындағы, ішкі өзіне тән қасиеті. Бұл қасиеттің жалпылық сипаты бар және ол қоғамның жүйелік табиғатынан, адамдардың қоғамдық, ұжымдық еңбегінен, еңбек пен өмір барысында қарым-қатынас жасау, өзінің материалдық және рухани өмірінің жемісімен алмасу қажеттігінен бастау алады” [2,38].

XX-XXI ғасырлар тоғысындағы басқару білімінің қарқынды өсуі мен өзгеру уақыты. Бұл эволюцияның бастапқысы ретінде басқарудың классикалық мектебінің негізін салушы А.Файольдің еңбектерін атауға болады, ол 1916 жылы басқарудың жалпы принциптерін ұсынған. Ғылыми басқарудың теориялық негізі кеңестік әдіснамалық мектепте жасалған дәл осылар болады [3].

“Басқарудың классикалық теориясы” 1930-жылдарға дейін ең басты орында болған. XX ғасырдың 30-жылдарында басқарушылық ғылым дамуында “басқарушылық қатынастар теориялары” атты жаңа бағыт қалыптасты. Классикалық теория бірлескен іс-әрекет нәтижелілігінің негізгі шарттары не, қашан, қайда және қалай істеу керектігін анықтайтын басқарудың нақты ресми құрылымы, жемісті жұмысты (ең бастысы, материалдық жағынан) қамтамасыз ету деп санаған. Ал адамдар қатынасының теориясы адамның ұйымдағы мінез-құлқын анықтайтын факторларды, мақсаттылық пен жеке тұлғалар арасындағы қатынастарды бірінші орынға қояды. Бұл теория XX ғасырдың 50-60-жылдары Батыста, әсіресе АҚШ-та кең өріс жайған, тәжірибеде оң нәтиже бере алмаған, дегенмен басқарудың демократиялық әдістерін кеңінен енгізу әрекеті де осы теориямен байланысты. “Адамдық қарым-қатынас теорияларының” орнына, басқарудың жүйелік теориялары, жағдайаттық теориялар, басқарудың рационалистік (ақыл-ой талабына ғана негізделген) және мінез-

құлықтың жағымды жақтарын біріктіруге ұмтылған, ұйымдастырушылық даму теориялары келді.

Мектепті басқару мәселесіне арналған көптеген зерттеулер бар: оларда мектепті басқарудың (Э.Г.Костяшкин, Ю.А.Конаржевский, В.П.Стрезикозин, П.В.Худоминский, Т.И.Шамова, Н.Д.Хмель, Н.Н.Тригубова, Т.Баймолдаев, т.б.) мәні ашылады. Басқарушылық еңбекті ғылыми ұйымдастырудың жүйесін енгізу бойынша (И.П. Раченко, Умирбекова Ж.Б., Г.Т.Хайруллин, Г.А. Уманов т.б.); мұғалімдердің шығармашылық зерттеушілік және эксперименталды қызмет-әрекетін ұйымдастыру бойынша, ғылымды практикаға енгізу бойынша (А.А.Бейсенбаева, Л.И.Гусев, В.И.Журавлев, В.И.Загвязинский, Б.А.Койшибаев, В.В.Краевский, Г.Л.Лукпанов, М.Н.Скаткин, Я.С.Турбовский, т.б.); мамандықты жетілдіру бойынша (Я.С.Бенцион, Г.И.Горская, Л.С.Коробкова, Ш.Т.Таубаева, В.П. Топоровский, т.б.); мамандықты көтерудің психологиялық-педагогикалық және ақпараттық негізін құру бойынша (Г.С.Сухобская, А.С.Пискунов, т.б.); Қазақстандағы педагогикалық кадрлардың мамандығын көтеру жүйесін дамыту тарихы бойынша (Б.А.Әлмұхамбетов т.б.) жұмыстар жүргізіледі. Мектеп басқарудың жаңашылдық аспектілері М.М. Поташкин, В.С.Лазарев, Л.И.Моисеев, И.И.Цыркун, Н.Р. Юсуфбекова және т.б. еңбектерде талданған. Алайда, мектеп басшыларын ұйымдастыруға және мектепке жаңалық ендіруді басқаруға даярлаудың әдіснамасы және маңызы педагогика ғылымында жеткілікті баяндалмаған.

Басқарудың қызметтерін тек дидактикалық тұрғыдағы аспектілермен шектеген қате болар еді. Білім беру мектептеріндегі педагогикалық ұжымның жүзеге асыратын тәрбиелік жүйесі де басқаруға келеді. Әсіресе, мектептердегі тәрбиелік жұмыстың тәрбиенің қалыптасқан стереотипінің түбегейлі өзгеруімен, ондаған жылдар бойы қалыптасқан балалардың қоғамдық ұйымдарының (пионерлер, комсомол) жойылуымен, идеялардың түпкілікті ауысуымен қазіргі кезеңіндегі қиыншылықты ескерсек, басқарудың маңызы зор. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық өміріндегі қиыншылық жағдай, білім берудің, қазіргі тәрбиелік процесті белсендіруді, оның жаңа түрлері мен әдістерін табуы,

әсіресе, бұл процесті басқарудың басқа амалдарын табуды өте қатты қажет етеді.

Қазақстан Республикасында беделді азаматты тәрбиелеу мәселесі ерекше мәнге ие болып отыр, яғни бұл процесс педагогикалық басқару практикалық маңызды мәселе болып табылады.

Г.И. Щукинаның пікірі бойынша, басқару – мектеп ішіндегі “психологиялық, ұйымдастырушылық және әдістемелік” сияқты күрделі процестер мен қатынастарды саналы түрде реттеу. Алайда басқарудың алдыңғы қатарлы тәжірибесін жинақтап қорыту тек материалды жинаумен ғана және оны тиісті ғылыми-әдістемелік тұрғыдан бағаламай, тек баяндаумен ғана шектеледі. Материалдарда, көбінесе, негізгі идеялар мен тәжірибенің талдауы болмайды және оларды қолданудың кеңес-ұсыныстары берілмейді, оны енгізудің шарттары да көрсетілмейді. Ал кейбір жағдайларда, тұтас жұмыс жүйесі емес, керісінше, жекелеген тәсілдер ғана суреттеліп таратылады. Кейде, мектеп басшылары мен білім беру органдары үшін ешқандай тәжірибелік құндылығы жоқ көптеген материалдар жинақталады. М.М. Поташник былай дейді: ”Басқару – мектептің қалыптасуын, тұрақтануын, тиімді қызмет етуін және дамуын қамтамасыз ететін барлық субъектілердің мақсатты іс-әрекеті”. Бұл анықтама маңызды екі нәрсеге назар аудартады: біріншіден, кез-келген басқарудың мақсатты іс-әрекет болып табылатынына; екіншіден, ол басқалардан өзінің міндеттерімен ерекшеленетініне. К.Я.Вазинаның пікірінше: ”Басқару – нақты бір мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін қалыптасуға жауап беретін жүйенің қызметі”.

Педагогикалық басқару әлеуметтік мақсатта жүзеге асады, ол адамдардың іс-әрекетін басқару мен олардың бірігуіне қатысты. Алайда, ол жалпы әлеуметтік басқарудан өзінің объектілерімен (оқушылар, мектептер, мектептен тыс мекемелер, халыққа білім беру бөлімшелері, т.б.), олардың заңдылықтарымен ерекшеленеді.

Практикалық іс-әрекет ретіндегі педагогикалық басқару – оқушылардың оқуы мен тәрбиесін басқару. Педагогикалық басқару теориясы – мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар жүйесі, ұжымдар мен жеке адамдар жүзеге асыратын тәрбие мен оқыту процестерін басқару туралы білімдер.

“Педагогикалық басқару” ұғымы “білім беруді басқару” ұғымынан кең, өйткені ол тәрбие мен оқытуды жүргізетін басқа мемлекеттік және қоғамдық құрылымдарда (жанұя, қоғамдық ұйымдар, мамандықты көтеру жүйесінің мекемелері, т.б.) қызмет етеді. Шындығында, педагогикалық басқарудың кез-келген “адам – адам” жүйесінде орны бар. Бұл жағдайда педагогикалық мақсаттар басқарудың негізгі түріне бағынады – педагогикалық процесс субъекті іс-әрекетін басқару.

Педагогикалық басқарудың білім беру жүйесіндегі басты объектісі – жеткіншек жас ұрпақтар болып табылады. Оларды оқыту мен тәрбиелеуді басқару не тікелей (мұғалімдер, тәрбиешілер арқылы), не жанама – мемлекеттік қоғамдық ұйымдар арқылы жүргізіледі.

Басқару субъектісінің қызметтер жиынтығын басшылық дейді.

Білім беру мекемесін басқару іс-әрекетінің басқа мекемелер немесе өнеркәсіп орындарындағы басшылықтың жұмысынан едәуір айырмашылығы бар. К.Д.Ушинский былай деп жазған: “Егер қаржы немесе әкімшілік әлемде олардың идеяларының орындаушыларға ұнайтын-ұнамайтынын ескермей, ұйғарыммен, жарлықпен қызмет етуге болатын болса, қоғамдық тәрбие беру әлемінде ашық айтылып, ашық қабылданған пікірден басқа идеяны жүзеге асырудың басқа амалы жоқ”. М.И.Кондаков: “Мектеп жұмысын басқару өндірістік және қоғамдық өмірдің басқа салаларын басқарудан айтарлықтай ерекше, өйткені мұнда күштерді орналастыру мен үйлестіру, байланыс пен өзара тәуелділік жүйесін жүзеге асырудан басқа, оқу-тәрбие процесінің барлық жақтарына бағытталған ұйымдастырушылық-педагогикалық ықпал ету мәселелері басты мәнге ие болады”, - дейді.

Білім беру жүйесінің белгілі бір ретпен жасалған (иерархиялық) құрылымының әрбір элементінде, министрлік болсын, облыстық, аудандық басқарушы ұйым (департаменттер, білім беру бөлімдері) немесе мектептер болсын, бәрінде, тек педагогикалық қана емес, басқарудың басқа да түрлері кездеседі, мысалы: әкімшілік, шаруашылық, құқықтық. Басқарудың барлық түрлері білім беру жүйесінің шеңберінде бір-бірімен байланыс-

ты, олардың бәрі жалпы тәрбиелік және білім беру міндеттерін шешуге бағытталған. О.С.Анисимов: “Білім беруді басқаруды жіктегенде мынаны ескеру керек: басқару – адам іс-әрекетінің ең маңызды түрлерінің бірі. Бұл іс-әрекет қатал шектеу мен бөлуге көнбейді” - деп, дұрыс айтқан.

Егер білім беру жүйесін қарайтын болсақ, педагогикалық басқару мен басқарудың басқа түрлерінің үлес салмағы мен қатынасы әртүрлі екенін байқауға болады. Мысалы, министрлік, облыстық, аудан және қалалық білім беру басқармасы деңгейінде кешенді процесс ретіндегі басқару жүйенің арнайы құрылымын құруға, ведомстволық мекемелер мен адамдар қызмет-әрекетіне қажетті материалдық, ұйымдастырушылық, кадрлік және басқа да жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған. Мектеп директоры, деңгейінде педагогикалық басқарудағы мұғалімдер практикалық қызмет-әрекеттеріндегі педагогикалық талаптарды тікелей жүзеге асыру ретінде толығырақ көрінеді. Педагогикалық басқаруға қызмет көрсету (мектептің материалдық базасы, құрал-жабдықтар, оқу-техникалық құралдары, т.б.) маңызды, бірақ бағынушылық мәнге ие.

Әдетте, білім беру жүйесіндегі басқару туралы сөз еткенде, көбінесе, иерархиялық тұрғыдан: министрлікті, облыстық, аудан, қалалық білім беру басқармалары бірінші болып аталады. Оқу-тәрбие процесін тікелей басқару мектеп әкімшілігі деңгейінде және мұғалімнің қатысуымен жүзеге асырылатыны жиі ұмытылып қалады. Мектепті басқару теориясы (мектептану) арасында ғылыми іс-әрекет пен практикалық іс-әрекет ретінде объектілері, басқарудың тәсілдері мен нәтижелерінде айырмашылықтар бар.

Мектепті басқару теориясының объектісі –оның барлық құрамды элементтерімен алынған процес болып табылады. Практиканың объектісі – мектептің әртүрлі құрылымдық топтары (ұжым, сынып, жеке субъект).


Практикалық басқару іс-әрекетінің құралдары – басқару әдістері. Басқарудағы ғылыми іс-әрекеттің құралдары – ғылымның нақты бір объектісін зерттеуде қолданылатын жолдар, тәсілдер, амалдар: мектептерді басқару бойынша білім беру

мекемелерінің жұмыс тәжірибесін қортындылап талдау, ғылыми болжамдар жасау, оларды эксперименталды тексеру және т.б.

Білім беру жүйесіндегі немесе бөлек топтағы практикалық басқару іс-әрекетінің нәтижесі – тәжірибені көбейту, бұған оқу-тәрбие процесінің қортындылары дәлел бола алады. Басқару теориясының нәтижесі – практикалық іс-әрекетте жүзеге асырылатын жаңа білімдер, заңдар, принциптер, ережелер, тұжырымдар.

Мектептегі практикалық басқару іс-әрекетінің бағыттары, құндылығы жағынан бірдей емес. Мектептің негізгі әлеуметтік міндеттеріне сәйкес, ол өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу мен оқытуды жүзеге асырады, осыған байланысты, басқарудың барлық бағыттарының ішінде оқу-тәрбие жүйесін басқару бірінші орында болу керек.

Осылайша, педагогикалық басқару практикалық іс-әрекет ретінде - ол педагогикалық ұжымының тәрбие мен оқытуды



Сурет 1. Мектепті педагогикалық басқарудың құрылымы

Мектеп директоры оқу-тәрбие жұмысы мен сапасы үшін арнайы жауапкершілік атқарады. Оның міндеттеріне кіретіндер:

- кадрларды дұрыс таңдау мен орналастыру, мектептің педагогикалық ұжымына басшылық ету, мұғалімдердің кәсіби, ғылыми-теориялық және психологиялық-педагогикалық деңгейін көтеруге жағдай жасау, олардың педагогикалық шығармашылығына жол ашу және оқыту мен тәрбиенің озат педагогикалық тәжірибесін енгізу;

- оқу-тәрбие процесінің барысын, оқушылар білімінің сапасы мен жеке тұлға ретінде дамуын, сыныптан тыс жұмыстың мазмұны мен ұйымдастыруын бақылау;

- оқушылардың кәсіби бағыты бойынша тәрбиелік жұмысты ұйымдастыру және оларға өмірде өз жолын табуға кеңес беру;

- оқушылардың өзін өзі басқару органдарына практикалық көмек көрсету және оның іс-әрекетін белсендіру, мектептегі оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру бойынша мұғалімдер мен оқушылардың қоғамдық ұйымдарымен іскерлік ынтымақтастық қатынас жасау;

- Еңбек туралы Заңға, мектептің ішкі тәртіп ережелері мен жарғысына сәйкес мектеп қызметкерлерінің міндеттерін анықтау мен нақтыландыру;

- ата-аналар қоғамдастығы ұйымдарының жұмысын ұйымдастыру мен оларға басшылық жасау;

- жергілікті қоғамдық ұйымдар, мекемелер және негізгі кәсіпорындармен іскерлік байланыс орнату;

- мектептегі қажетті санитарлық-гигиеналық тәртіпті орнату, оқушылардың, мұғалімдер мен мектептің қызмет көрсету адамдарының сабақтағы және іс-әрекеттің басқа да түрлері барысындағы еңбекті қорғау мен қауіпсіздік шараларын сақтау;

- мектептің қазіргі заманғы оқу-материалдық базасын нығайту мен дамыту;

- мектеп қызметкерлерін жұмысқа алу мен жұмыстан шығару;

- мектептің педагогикалық кеңесімен келісіп, мұғалімдерді және мектептің басқа да қызметкерлерін мадақтау мен марапаттауға ұсыну.

Сонымен, педагогикалық басқаруды ұйымдастыру - ол мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар жүйесі, ұжымдар мен жеке адамдар, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептер жүзеге асыратын педагогикалық жүйені басқару, өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу, оқыту және дамыту.

Білімнің бұл саласының міндеттері – педагогикалық басқаруды зерттеу, оның теориялық және практикалық мәселелерін жете зерттеу, оны жетілдірудің ғылыми ұсыныстарын жасау. Сонымен қатар, педагогикалық басқару мектептің барлық жұмысымен қатар басқа жұмыстың түрлерін жоққа шығармайды. Білім беруді басқару теориясы ағарту саласындағы ерекшеліктерді ескере отырып, әлеуметтік басқарудың жалпы заңдылықтарына негізделеді.

Мектеп басшылары оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруы мен жетекшілігі бойынша қызметтері

Мектеп басшылығының қызметтері Қазақстан Республикасының Білім беру Министрлігі бекіткен арнайы ережелер жиынтығымен анықталады, бұл ережелер мектеп директорының, оқу-тәрбие жұмысының әртүрлі мәселелері бойынша орынбасарлары мен басқа да педагогикалық кадрлардың іс-әрекетін реттейді.


Төменде тұтас педагогикалық процесті ұйымдастыру бойынша мектепте қызмет атқаратын адамдардың жұмыстары келтірілген (Сурет 2).

Суретте мектеп директорының, орынбасарларының оқу-тәрбие жұмысы бойынша қызметі мен міндеттері көрсетілген:

- мектептегі сабақтарды және оқыту процесіндегі тәрбиелік жұмысты ұйымдастыру;
- оқу бағдарламаларының орындалуын, сабақтардың барысы мен оқушылар үлгерімінің сапасын бақылау;
- әртүрлі пәндер бойынша сыныптан тыс оқу жұмысын ұйымдастыру (пәндік үйірмелер, қоғамдар, олимпиадалар, жарыстар, т.б.);
- оқушылардың оқу көлемін реттеу;

- мектептің оқу-тәрбие жұмысын талдау және педагогикалық ұжым іс-әрекетінің нәтижелері туралы сандық және жазбаша есеп беру;

- оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру мәселелері бойынша білім беру департаментінің нұсқауларын жүзеге асыру мен олардың орындалуын бақылау;



Сурет 2. Педагогикалық кеңестің қызметтері мен міндеттері.

- оқу-тәрбие жұмысының сапасын жоғарылату үшін алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені қорыту мен енгізу;

- мұғалімдердің пәндік әдістемелік комиссияларының (секциялары) жұмысына басшылық ету.

Мектеп директорының тәрбие жұмысы бойынша орынбасарының міндеттеріне:

- оқушылармен сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру мен үйлестіру;

- оқушылар тәрбиесін жетілдіру бойынша сынып жетекшілері мен ұзартылған күн топтары тәрбиешілерімен әдістемелік жұмысты жүргізу;

- оқушылар ата-анасымен, мектептен тыс балалар ұйымдарының басшыларымен іскерлік байланыс орнату;

- мектептегі сыныптан тыс тәрбие жұмыстарына ғылыми-әдістемелік талдау, озат педагогикалық тәжірибені қорытындылау және ендіру.

Мектепті жаңарту мен оған өзгерістер енгізу жағдайларында жоғарыда аталған қызмет міндеттерін орындау үшін мектеп директоры мен оның орынбасарларының жоғары педагогикалық білімділігі, адамгершілік мәдениеті болуы, жұмыста іскерлік пен жауапкершілік көрсетулері, оқыту мен тәрбиені жетілдірудің тәсілдері мен шығармашылық әдістемесіне ие болуы керек, мұғалімдер мен сынып жетекшілерінің жаңашылдық ынтасы мен озат тәжірибесіне қолдау көрсету керек. Мектеп басшыларының қызметтері әдістемелік жұмысты нақты ұйымдастырғанда ғана нәтижелі болмақ.

Педагогикалық кадрлердің әдістемелік жұмысы мен аттестациясы

Әдістемелік жұмыс – ғылым және озат педагогикалық тәжірибе жетістіктеріне, оқу-тәрбие жұмысының нақты талдауына негізделген, әрбір мұғалімнің, ұстаздың, тәрбиешінің, оқу мекемесі басшысының, білім беру жүйесінің басқа да қызметкерлерінің педагогикалық мамандық дәрежесін және кәсіби шеберлігін көтеруге (педагогтардың кәсіби өзідігінен білім алуды, өзін өзі тәрбиелеуді, өзін өзі жетілдіруді басқару бойынша шараларды да есептегенде), тұтас педагогикалық ұжымның теориялық мүмкіндігін дамытуға және көтеруге, оқушыларға нақты білім берудің, тәрбиелеудің, дамытудың үйлесімді деңгейіне жетуге бағытталған өзара байланысты шараларының, қызметтерінің жүйесі.

Әдістемелік жұмыс – педагогикалық кадрлердің идеялық, ғылыми-теориялық, кәсіби, әдістемелік және мәдени деңгейін көтеру бойынша ұжымдық, топтық, жеке-дара жүйелік жұмысынан құралған күрделі шығармашылық. Ол оқу-тәрбие процесін басқарудың, педагогтарды жоғары әдістемелік мәдениет пен өз еңбегінің сапасы мен нәтижесіне талабы негізінде тәрбиелеудің маңызды амал-тәсілі болып табылады. Оның стратегиялық бағыттарының бірі – білім беру тәжірибесіндегі оқушылардың танымдық, ойлау әрекетін белсендіретін, терең білім, білік және

дағдыларды қалыптастыратын ұтымды және нәтижелі әдістерді шығармашылық түрде меңгеру.

Әдістемелік жұмыс педагогикалық тәжірибемен тығыз байланысты. Халық ағартушылығының көрнекті өкілдері Н.К.Крупская, А.В.Луначарский педагогикалық тәжірибені өсіп келе жатқан ұрпақ тәрбиесінің теориясы мен практикасы дамуының бастаулары деп есептеген. А.С.Макаренконың, С.Т.Шацкийдің, С.М.Ривестің, В.Н.Сорока-Росинскийдің және көптеген басқа да көрнекті педагогтардың ұлы гуманистік идеялары негізінде құралған тәжірибелері тәрбиенің теориясы мен практикасының бірлігі, мектептің қоғамдық мақсат-мүдделері негізінде қызмет етіп, осы мақсат-мүддеге жетудің дұрыс жолдарын табудың үлгісі бола бермек.

Әдістемелік жұмыстың мазмұны келесі бағыттар бойынша нақтыланады: мұғалімнің жалпы мәдени дайындығы, кәсіби-адамгершілік мәдениеті, жалпы мәдениеттілігі, әдіснамалық мәдениеті, зерттеушілік мәдениеті, диагностикалық мәдениеті, басқару мәдениеті ұзақ уақыт аралығында күрделі мәселе бола алады. Мұғалімдердің әдістемелік, жаңашылдық іс-әрекетке қатысуы, болашақта жеке педагогикалық жүйенің, іс-әрекеттің дара стилінің қалыптасуына жағдай туғызады.

Қазіргі уақытта педагог-практик ғалыммен авторлық бірлестікте бола алады, олардың қатынасы екі жақты құқығы мен міндеттерін айқындайтын арнайы келісім-шартпен анықталады. Зерттеуші педагогтар мен жалпы білім беру мекемелерінің белгілі бір бөлігі арасында жаңа байланыстар орнай бастады. Ғылым мен практика арасындағы ара қашықтықты азайту қажеттігі туындады, ал ол, өз кезегінде, нақты қызмет жасап отырған оқу мекемелерінде ғылыми лабораториялар құру процесіне жағдай жасайды. Сөйтіп, Қазақстанда Ақтөбе қаласындағы №12, Тараз қаласындағы № 58 мектеп-лабораториясы, Өскемен қаласындағы дамытушы білім беру Орталығы жанындағы мектеп-лабораториясы құрылды. Осылайша педагогикалық қоғамдастық өз назарын ғылыми бағыттағы практикаға және практикалық бағыттағы ғылымға аударып отыр.

Жаңашыл педагогтар тәжірибесі, ең алдымен, оқыту әдістемесіне ғылыми оқытудың нақты бір бағытының және оны жү-

зеге асырудың технологияларына үлкен үлес қосады. Дидактикаға бұл тәжірибе, біріншіден, баяндаудың әртүрлілігін нақтылай түсуге, екіншіден, жаңашыл мұғалімнің тәжірибесін зерттегеннен кейін кемшіліктерді түсінуге көмектеседі: оқыту процесінде оқу материалының мазмұны мен оқушылар білімін есептеу мен бақылаудың кері байланысы да бар.

Қазіргі жағдайларда қазақстандық мектептің жаңа моделін жасау жүріп жатқан кезде өткеннің және қазіргі уақыттың жаңашыл педагогтарының тәжірибесін арнайы зерттеу керек: олардың тәжірибесіндегі жаңа білімнің мазмұны қандай (сапасы, деңгейі), педагогиканың әртүрлі саласы мен тұтас педагогикалық ғылым үшін педагог жаңашылдардың қосар үлесі қандай. Педагогика әдіснамасының, дидактиканың, тәрбие теориясының, педагогикалық психологияның, жеке әдістемелердің жаңашылдық тәжірибелердің басты назарында болуы керектігін анықтау қажет.

Тәжірибеде жаңа білім болса (оқыту теориясы) тәжірибенің мамандандырылған дидактикалық талдауы ғылымды нығайтып, оны анық жетістіктері деңгейінде ұстап тұратынын ескеру керек. Өйткені, ғылымда іске асырылып жатқан, бір біріне қарсы, сондай-ақ бірін бірі толықтырып тұрған әртүрлі тұжырымдар, ғылыми болжамдар, теориялар, принциптер, қазіргі заманғы және моральдық тұрғыдан ескірген көзқарастар, ғылыми ережелер және дәстүрлі түсініктер, нақты білімдер мен белгі-шарттары сияқтылар кездеседі. Жаңа педагогикалық құбылыстарды түсіндіріп, негіздегенде терең және кең көлемде ғылымның өзіндік рефлексиясы, шынайы, “әрекеттегі” білімді бекітеді. Бұл орайда, теориямен тиянақталған жаңашылдық тәжірибе дамуының бастауына айналады.

Мектептегі әдістемелік жұмысты ұйымдастыру формалары динамикалық. Олар көптеген факторларға байланысты өзгеріп, жаңарады, олардың негізгілері: мемлекеттің білім беру саласындағы саясаты, заң актілері мен құжаттары; мұғалімдердің педагогикалық мәдениетінің деңгейі, оларды жеке тұлғалық және кәсіби-қызмет көрсеткіштерінің диагностикалық өлшеуімен анықталған әдістемелік сауаттылығы; мектеп ұжымындағы моралдық-психологиялық жағдай, әдістемелік жұмысты

ұйымдастырудың материалдық-технологиялық мүмкіндіктері; мектеп ішіндегі педагогикалық тәжірибені зерттеу, мұғалімдердің жаңашылдық ашықтығы мен белсенділігі, мектеп басшыларының әдістемелік жұмысты орындауға кәсіби дайындығының деңгейі; мектеп ұжымындағы нақты моральдық жағдай (мұғалімдер арасындағы, мұғалімдер мен оқушылар арасындағы, мұғалімдер мен басшылық арасындағы қатынастар).

Осылайша, әдістемелік жұмыстың мазмұны қазіргі мектептің өзекті міндеттерімен анықталады. Бұл міндеттер мұғалімдердің әдістемелік жағынан жетілуі және олардың өздігінен білімін көтеруі, маман педагогтардың шығармашылық өсуінің барысында жүзеге асады.

Мұғалімдерді мерзімді аттестациялау олардың әдістемелік деңгейінің өсуіне, шеберлігіне жағдай жасайды. Аттестациялау – білім беру мекемелері қызметкерлерінің мамандығының, педагогикалық кәсібилігі мен іс-әрекеті деңгейлерінің жалпы бағасы. Аттестация мақсаты – білім беру қызметкерлерінің кәсіби, мамандығының өсуін, еңбегінің нәтижелі болуына жағдай жасайтын, еңбек ақысын сатылауды бағалаудың тиімді жүйесін құру. Мұғалімдер аттестациясы педагогикалық еңбектің нәтижелілігі және оқу-тәрбие процесінің сапасының сараптамалық бағасы негізінде жүргізіледі.

Аттестацияның келесі принциптері: сараптамалық бағалардың еріктілігі, ашықтығы, жүйелілігі және тұтастығы, ол педагогикалық қызметкерлерге деген объективті, дұрыс, ұқыпты және игі ниетті қатынасты қамтамасыз етеді.

Аттестация нәтижесінде мұғалімге белгілі бір категория беріледі. Сондай-ақ, мұғалімнің мамандықты көтеру курсына жағдай педагогикалық білім алуы және ұстаздық іс-әрекеті де ескеріледі.

Әдебиеттер

1. Хмель Н.Д. Педагогический процесс в общеобразовательной школе. А., Мектеп, 1984,
2. Афанасьев В.Г. Научное управление обществом: Опыт системного анализа. М., 1973.
3. Файоль А. Общее и промышленное управление. М., 1992

4. Каракулов К.Ж. Школоведение. Алматы: Ғылым, 2005
5. Альмухамбетов Б.А., Бенцион Я.С. Методическая работа с педагогическими кадрами: подходы, проблемы, поиски, решения. Алматы, 1999.
6. Бабанский Ю.К. Методическая работа в школе. М., 1986.
7. Бейсенбаева А.А., Мендигалиева Г.К. Теоретические основы интеграции и практики в инновационных типах школ. Алматы, 1999.
8. Конаржевский А.А. Педагогический анализ учебно-воспитательного процесса и управление школой. М., 1988.
9. Таубаева Ш. Исследовательская культура учителя: методологии, теория и практика формирования. Алматы, 2000
10. Хайруллин Г. О понятийном аппарате педагогики // Педагогика. 1991, № 5.
11. Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. Алматы, 1998.
12. Худоминский П.В. Методическая работа в школе. М., 1979.

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БОЙЫНША ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ БАСҚАРУ МӘНІ, ПРИНЦИПТЕРІ

Жоспары:

1. Халыққа білім беру жүйесін басқарудың мемлекеттік-қоғамдық жүйесі

2. Денешынықтыру және спорт бойынша педагогикалық жүйелерді басқарудың принциптері

3. Мектепшілік басқарудың негізгі функциялары, денешынықтыру және спорт.

1. Халыққа білім беру жүйесін басқарудың мемлекеттік-қоғамдық жүйесі

Жалпы басқару дегеніміз – қойылған мақсатқа сәйкес шешімдер қабылдау, басқару объектісін ұйымдастыру, бақылау, реттеу, нақты ақпаратқа сүйене отырып талдау және қорытынды шығару. Білім беру жүйесін мемлекеттік басқару субъектісі

болып Білім және ғылым министрлігі, облыстық білім департаменттері, қалалық, аудандық білім бөлімдері табылады.

Жалпы білім беретін мектеп күрделі әлеуметтік жүйе ретінде мектепішілік басқарудың объектісі болып табылады. Мектепішілік басқару – тұтас педагогикалық процеске қатысушылардың қажет нәтижені алуға бағытталған, оның объективтік заңдылықтарын тану негізіндегі мақсатты саналы өзара іс-әрекеті. Процеске қатысушылардың өзара іс-әрекеті кезекпен, өзара байланысқан әрекеттердің немесе функциялардың (педагогикалық талдау, мақсат қою және жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау, реттеу) тізбегі ретінде құралады.

Мектепішілік бақылау туралы дәстүрлі түсінік басқару субъектісінің объектіге мақсатты әсер етуі ретінде қалыптасқан. Кейінгі уақытта әсер ету философиясының орнына өзара әсер ету, өзара әрекет, ынтымақтастық философиясы келді. Педагогикалық менеджмент теориясы оны толықтыра түседі. "Менеджмент – басқарушының әлеуметтік мәнін, басқару мен менеджерліктің қоғамдағы орнын ерекшелендіріп көрсететін басқарудың жаңа философиясы" (Ю.А.Конаржевский).

Қазіргі жүйе дамуының негізгі ерекшелігінің бірі – білім беру жүйесін мемлекеттік басқарудан мемлекеттік-қоғамдық басқаруға өту. Оның негізгі идеясы – білім проблемаларын шешуде мемлекет пен қоғамның күшін біріктіру, мұғалімдерге, оқушыларға, ата-аналарға оқу процесінің мазмұнын, ұйымдастыру формалары мен әдістерін, мектеп типтерін таңдауда еркіндік беру. Білім жүйесінің мемлекеттік сипаты ҚР Конституциясы мен Білім туралы Заңында көрсетілген білім саласындағы бірегей мемлекеттік саясаттан көрінеді. Ол мына принциптердің жиынтығы арқылы бекітілген:

- білімнің жалпыға бірдей қолжетімділігі;
- білімнің зайырлық сипаты;
- білімнің гуманистік сипаты, жалпы адамзаттық құндылықтардың, адам өмірі мен денсаулығының, тұлғаның еркін дамуының басымдығы;
- ұлттық, мәдени және білім кеңістіктерінің бірлігі.
- білім жүйесін басқарудың демократиялық, мемлекеттік-қоғамдық сипаты.

Білім беру жүйесін басқару органдары сол сияқты мемлекеттік білім стандарттарын құрып, оның сақталуын бақылады жүзеге асырады.

Басқару жүйесінің қоғамдық сипаты мемлекеттік органдармен қатар құрамына ата-аналар, мұғалімдер, оқушылар өкілдері кіретін түрлі деңгейдегі қоғамдық органдардың жұмыс істеуінен байқалады. Олардың басқару процесіне қатысуы мектеп ұжымында жағымды психологиялық климат пен шығармашылық жағдай туғызуға себеп болады.

2. Педагогикалық жүйелерді басқарудың принциптері

Педагогикалық жүйелерді басқару теориясы мен практикасында бірқатар төмендегі негізгі принциптер бөліп көрсетіледі:

1) Педагогикалық жүйелерді басқаруды демократияландыру және ізгілендіру. Ол ең алдымен жариялылық, мектепті басқарудағы жариялылық ақпараттың ашықтығы мен қолжетімдігіне байланысты. Әкімшіліктің жүйелі есеп беруі, мұғалімдердің, оқушылардың шешім қабылдауға қатысуы демократияландырудың көріністері болып табылады.

Субъектіге – субъектілік қатынастардың қалыптасуы, монологтан диалогқа өту – педагогикалық процесі ізгілендірудің нақты формалары болып табылады. Басқаруды ізгілендіру – бұл тұлғаға бағытталу, адамның адамгершілік сапасын құрметтеу және оған сенім білдіру.

2) Басқарудағы жүйелілік пен тұтастық. Мектепті басқарудағы жүйелілік әдіснамасы басқарушыға мектепті жүйе ретінде, оның негізгі белгілерін терең білуге итермелейді. Жүйе түсінігі тұтастық, оның жекелеген бөліктерін немесе компоненттерін жіктеу мүмкіндігі туралы ұғым береді. Интегративтік қасиеттердің тұрақтылығы жүйенің тұтастығымен анықталады.

Басқарудағы жүйелілік пен тұтастық сонымен бірге басқарушы мен педагогикалық ұжым іс-әрекетіндегі басқарушылық функциялардың өзара байланысы мен өзара әрекетін білдіреді. Бұл принцип басқару іс-әрекетінің тізбекті, логикалық құрылымды, өзара пайдалы және оның барлық функцияларының тең дәрежеде маңызды екенін көрсетеді.

3) Орталықтандыру мен орталықсыздандырудың тиімді үйлесуі. Мектеп пен педагогика тарихы шектен тыс орталықтандырудың басқаруды әкімшілдікке ұрындыратынын айқын көрсетті. Ол төмен сатыдағылардың инициативасын іске асыруды шектейді, олар (төмен сатыдағы басшылар, мұғалімдер, оқушылар) өздерінің қатысуынсыз қабылданған шешімдердің орындаушысы болып қалады. Сол сияқты біржақты жүргізілген орталықсыздандыру да педагогикалық жүйе қызметінің тиімділігін төмендетеді, басқарудың және басшының ролін төмендетіп, оның талдау және бақылау функцияларын жоғалтуға алып келеді. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, демократия ойыны ұжымның іс-әрекетінде тоқыраулар тудырып, онда түсінбеушіліктер мен қақтығыстар пайда болады, әкімшілік және қоғамдық органдардың қарсы тұруын туындатады.

Сондықтан тек орталықтандыру мен орталықсыздандырудың үйлесуі ғана әкімшілік пен басқа органдардың ұжым мүддесіне сәйкес қызмет етуін қамтамасыз етеді, басқару шешімдерін жоғары кәсіби деңгейде талқылау мен қабылдауға жағдай туғызады, қайталауды болдырмайды және жүйенің құрылымдық бөліктерінің үйлесімділігін көтереді.

4) Басқарудағы бір бастаулық (единоначалие) пен коллегиалдықтың бірлігі принципі. Бұл принципті іске асыру тұтас педагогикалық процесті басқаруда субъективтілікті, авторитаризмді болдырмауға бағытталған. Басқару іс-әрекетінде әріптестердің тәжірибесі мен біліміне сүйену, оларды шешімдер даярлау мен талқылауға бағыттау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, оларды талдау және қажетті шешім қабылдау өте маңызды. Коллегиалдық сонымен бірге ұжымның әр мүшесінің тапсырылған іске жауапкершілігін жоққа шығармайды.

Басқарудағы бір бастаулық (единоначалие) тәртіпті, педагогикалық процеске қатысушылардың міндеттерін нақты бөлуді қамтамасыз етеді. Егер коллегиалдық шешімді даярлау және талқылау, қабылдау сатысында басымдыққа ие болатын болса, онда бір бастаулық оны жүзеге асыруда өте қажет.

5) Білім беру жүйелерін басқарудағы ақпараттың объективтілігі мен толықтығы принципі. Педагогикалық жүйелерді басқарудың тиімділігі көп жағдайда нақты, шыншыл және қа-

жетті ақпараттың болуымен анықталады. Ақпараттың объективтілігі мен толықтығы дәлсіздікке, таңдаудағы, талдаудағы және қорытудағы үстіріттікке қарсы тұрады. Дегенмен, ақпараттың көптігі және ретсіздігі оның мүлде жоқтығы тәрізді шешімдер қабылдауда қиындық келтіреді.

Ақпараттық мәліметтер банктерін, оларды оперативті пайдалану технологияларын құру басқару еңбегінің ғылыми ұйымдастырылуының деңгейін көтереді.

3. Мектепшілік басқарудың негізгі функциялары

Білім беру жүйесі басшысының басқарушылық мәдениеті мектеп басқарудағы құндылықтар мен технологияларды меңгеруге, жеткізуге және құруға бағытталған басқару іс-әрекеттерінде басқарушы тұлғасының шығармашылық тұрғыдан өзін көрсетуінің тәсілдері мен шараларын айтамыз. Басқару мәдениеттерінің компоненттері – аксиологиялық (басқаруда мәні бар басқару-педагогикалық құндылықтар жиынтығы), технологиялық (педагогикалық процесті басқарудың тәсілдері мен әдістері) және тұлғалық-шығармашылық (педагогикалық жүйені басқаруды шығармашылық акт ретінде қарастыру).

Оқу мекемесін басқаруды директор мен оның орынбасарлары жүзеге асырады, олардың функциональдық міндеттері, тағайындау немесе сайлау тәртібі мекеме Жарғысына сәйкес жоғары тұрған органдармен келісімде жүзеге асады. Олардың функциональдық міндеттері жалпылама түрде Білім және ғылым министрлігі бекіткен типтік ережелерде көрініс тапқан, соған сәйкес әр мекеме тиісті құжаттар даярлайды.

Жалпы білім беретін мектептерде директордың оқу-тәрбие және тәрбие, шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарлары болады, инновациялық мектептерде сонымен қоса ғылым ісі жөніндегі орынбасар және менеджер-ақпаратшы штаттары болады.

Директор мемлекет және қоғам алдында балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау талаптарының орындалысына жауап береді, оқу-тәрбие процесін жоспарлайды және ұйымдастырады, оның барысы мен нәтижесін бақылайды, оқу мекемесінің жұмыс сапасы мен тиімділігіне жауап береді, тиісті мемлекет органдары алдында мекеме атынан сөйлейді, сыныптан тыс және мек-

тептен тыс жұмыстарды жүргізуге қажетті жағдай жасайды, кадр мәселесін шешеді, мекемеге бөлінген қаржыны тиімді пайдалануды ұйымдастырады, мекеменің қаржылық, шаруашылық жағдайына жауап береді, т.с.с.

Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары педагогикалық үрдісті ұйымдастыруға, білім бағдарламалары мен мемлекеттік білім стандарттарының орындалуына жауап береді; оқушылардың білім сапасына, мұғалімдердің әдістемелік жұмыстарына бақылау жасайды; педагогикалық жүктемені бөліп, сабақ кестесін құрады, әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырады, т.с.с.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары тәрбие процесінің жүргізілуіне жауап береді.

Ғылым ісі жөніндегі орынбасар ғылыми жұмыстардың (мұғалімдер мен оқушылардың) жүргізілуіне, инновациялардың енгізілуіне, эксперимент жұмыстарына, ЖОО-мен байланысқа жауап береді.

Директордың басқару іс-әрекетінің тиімділігі көбіне мектеп әкімшілігі мүшелерінің құқықтары мен міндеттерінің нақты көрсетіліп, міндеттер бөлісудің ашықтығынан тәуелді болады. Қажеттілікке байланысты мектеп директоры нұсқаулық немесе оперативті кеңестер өткізеді, жоспарға сәйкес директор жанындағы мәжіліс, педагогикалық кеңестерді жүргізеді.

Тұтас педагогикалық процесті басқарудың бір функциясы – педагогикалық талдау (анализ). Ол ерекше орын алады: кез келген цикл талдаудан басталып, талдаумен аяқталады. Оның бірнеше түрі бар (Ю.А.Конаржевский, Т.И.Шамова): параметрлік талдау (білім процесінің барысы мен нәтижелері туралы күнделікті ақпараттарды зерттеуге, оны бұзатын себептерді анықтауға бағытталған), тақырыптық талдау (педагогикалық процестегі тұрақты, қайталанатын тәуелділіктерді, тенденцияларды қарастыру), қорытынды талдау (кең уақыттық, кеңістіктік және мазмұндық шектерді қамтиды, тоқсан, оқу жылының аяғында жүргізіледі).

Басқарудың келесі функциясы – мақсат қою және жоспарлау. Кез келген педагогикалық жүйені басқару процесі мақ-

сатсыз және жоспарлаусыз жүзеге асырылмайды. Оны жетілдіру педагогикалық жүйенің үздіксіз даму қажеттігіне байланысты.

Басқару іс-әрекетінің мақсаты – жұмыстың жалпы бағытын, мазмұнын, формалары мен әдістерін анықтайтын бастау. Жоспарлау педагогикалық талдау негізінде мақсатқа байланысты шешімдер қабылдау ретінде қызмет етеді, ол перспективалық (бес жылға), жылдық (оқу жылына арналған), ағымдағы (тоқсандық) түрде болуы мүмкін. Олар бір-бірінен шығады.

Жылдық жоспардың мазмұны: 1) өткен оқу жылының қысқаша талдауы; 2) жалпыға бірдей білім беруді жүзеге асыру; 3) педұжымның оқыту процесінің сапасын арттыруға бағытталған іс-әрекеті; 4) тәрбиеге байланысты мектептің, жанұяның, қоғамның, еңбек ұжымдарының біріккен жұмыс; 5) педагог кадрлармен жұмыс; 6) мектепшілік бақылаудың жүйесі; 7) мектептің оқу-материалдық базасын нығайту; 8) ұйымдық-педагогтық шаралар. Жоспарлау функциясын бірегей басқарушылық циклде жүзеге асыру мектеп іс-әрекетінің тиімділігін жоғарылатады.

Мектепті басқарудағы ұйымдастыру функциясы жүйенің қозғалысы, оның компоненттерінің оптимальды өзара әрекеттесуі үшін қажет.

Мектептегі басқару әрекетінің ұйымдық формалары: педагогикалық кеңес, директор жанындағы отырыс, директор орынбасарлары жанындағы отырыстар, оперативті ақпараттық отырыстар, оқушылар, ата-аналар комитеті отырыстары.

Мектепшілік бақылау функциясы күрделі мәселенің бірі. Бақылау басқару циклінің барлық функцияларымен тығыз байланысты. Мектепшілік бақылау функциясының ерекшелігі – оның мұғалім тұлғасына әсер етуінде. Егер бұл жас мұғалім болса, оның шығармашылық қалыптасуына әсер етеді, ал тәжірибелі, шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімнің кәсіби позициясы мен беделіне әсер етеді.

Мектепшілік бақылауға бірнеше жалпы талаптар қойылады: жүйелілік – мектепте бақылау жүйесінің болуы, бақылауды жүйелі жүргізу; объективтілік – педагогтың немесе ұжымның іс-әрекетін қалыптасқан критерийлер негізінде мемлекеттік стандарт пен білім бағдарламалары талаптарына сәйкес тексеру; әсерлілік – тексеру нәтижесі позитивтік өзгерістерге,

анықталған кемшіліктерді жоюға алып келуі керек; тексерушінің құзырлылығы – тексеру пәнін білуі, жұмыстың жетістіктері мен кемшіліктерін көре білу, тексеу нәтижелерінің дамуын болжай алу.

Т.И.Шамова бақылаудың екі түрін жіктейді: тақырыптық (нақты мәселені терең бақылауға бағытталған) және фронтальдық (педұжымның, әдістемелік бірлестіктің немесе мұғалім іс-әрекетін жан-жақты бақылауға бағытталған). Формалары: жекелік (жеке мұғалімнің, сынып жетекшісінің, тәрбиешіі жұмысын бақылау), сыныптық-қорыту (сынып ұжымының оқу және сыныптан тыс іс-әрекет процесінде қалыптасуына әсер ететін факторлар жиынтығын бақылау), пәндік-қорыту (жеке пәндердің жеке немесе параллель немесе мектеп бойынша берілу деңгейін бақылау), тақырыптық-қорыту (оқу-тәрбие процесінің жекелеген бағыттары бойынша), кешенді-қорыту (бірнеше сыныпта, бірнеше мұғалімнің, бірнеше пәннің берілісін, тәрбие жұмыстарының бірнеше бағыты бойынша бақылау, фронтальды бақылау кезінде).

Мектепішілік бақылау әдістері: мектеп құжаттарын зерттеу, ауызша және жазбаша бақылау, социологиялық (анкета, сұрау, интервью алу, әңгіме, эксперименттік бағалау, т.б.), хронметраждық, алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені зерттеу, диагностикалау.

Мектепішілік бақылаудың формалары мен әдістерін таңдау оның мақсатына, міндеттеріне, бақылау объектісі мен субъектісінің ерекшеліктеріне, уақытқа байланысты болады.

Әдебиеттер:

1. Конаржевский Ю.А. Внутришкольный контроль. –М., 1993.
2. Сантурова С.М. Менеджмент в образовании: теория и практика. –М., 1993.
3. Сунцов Н.С. Управление современной школой: вопросы теории и практики. –М., 1982.

ТҮТАС ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ ТӘРБИЕНІҢ ҚҰРАЛДАРЫ, ФОРМАЛАРЫ МЕН ТӘРБИЕ ӘДІСТЕР ЖҮЙЕСІ

Жоспар:

- 1. Тәрбие әдісінің сипаттамасы. Тәрбиенің құралдары, формалары мен әдістері туралы түсінік.*
- 2. Тәрбие әдістерінің жіктелуі.*
- 3. Сананы қалыптастыру әдістері.*
- 4. Іс-әрекетті ұйымдастыру мен мінез-құлық тәжірибесін қалыптастырудың әдістері.*
- 5. Биландыру әдістері.*

Тәрбиенің құралдары, формалары мен әдістері туралы түсінік. Мектеп пен жанұяның педагогикалық процесінде оқушылардың жеке тұлғасын қалыптастыру жүзеге асады. Педагогикалық процесті сауатты ұйымдастыру үшін мұғалім оның теориялық негіздерін түсініп, оның мақсаттарын, міндеттерін, мазмұнын, құралдары, формалары және әдістерін, тәсілдерін ажырата білуі керек. Құралдары формалар мен әдістер педагогикалық процеске қатысушылардың іс-әрекетінің қозғаушы күші болып табылады, соның арқасында жеке тұлғаның қалыптасуы жүзеге асады (Н. Д. Хмель).

Материалистік диалектика адам табиғатын биологиялық пен әлеуметтіктің (тұқымқалаушылық мүмкіндіктер мен әлеуметтік ортаның) бірлігі деп түсіндіреді. Адам, басқа да тіршілік иесі сияқты, табиғат және қоғаммен өзара әрекеттестікте болады, оларды өзінше қабылдайды, яғни осы әрекеттестіктің белсенді қатысушысы.

Қоршаған дүниені өзгерте отырып, адам өзін де өзгертеді (К. Маркс). Бұл ретте әр түрлі іс-әрекеттің орны ерекше. Адамның психикасы мен санасы қоршаған ортамен әрекеттестігі арқасында және нақты бір іс-әрекет барысында дамиды. Бұл ретте индивидумның іс-әрекеті жеке дара емес, басқа адамдардың (ата-ана, мұғалімдер, оқушылар т.б.) іс-әрекетімен тығыз байланыста жүзеге асады. Сондықтан жалпы адамзаттық мәдениетті игеру үшін бала қоршаған ортамен басқа адамдар арқылы әрекеттестікте болуы керек, яғни олармен қарым-қатынас жасауы қажет. Осылайша, іс-әрекет пен қарым-қатынас жеке тұлғаның

калыптасуының ең маңызды шарты болып табылады. Педагогикалық ықпал етудің амалдары да осылар.

Педагогикалық ықпал ету тәсілдері дегеніміз жеке тұлғаның қоршаған ортамен мақсатты әрекеттестігін ұйымдастыруға жағдай жасау. Сондықтан педагогикалық құралға жеке тұлғаның әрекеттестік жасайтын ортасы (табиғи, әлеуметтік, материалдық, рухани) және осы әрекеттестікті ұйымдастыратын іс-әрекеттің түрлері (қарым-қатынас, таным, ойын, еңбек, т.б.) жатады.

Педагогикалық құралға қатысушылардың іс-әрекеті мен қарым-қатынасы педагогикалық ықпал ету арқылы жүзеге асады. Оқу-тәрбие процесінің субъектілері-әрекеттестігінің формалары мен әдіс-тәсілдер арқылы шешілетін белгілі бір мақсаттары мен міндеттері, тиісті мазмұны бар, логикалық тұрғыдан аяқталған, белгілі бір уақыт аралығындағы педагогикалық процесс.

Ұйымдастыру формалары тұтас педагогикалық процеске қатысушылардың қарым-қатынасы мен әрекеттестігінің тәсілі ретінде де қарастырылады. Педагогикалық процестің ұйымдастыру формаларын былай жіктеуге болады:

- қатысушылар құрамы (жеке даралық, шағын топтық, топтық, ұжымдық, жаппай);

- тұтас педагогикалық процестің оқу жұмысында қолданылуы (сабақ, семинар, факультатив, экскурсия);

- таным іс-әрекетінің сыныпта және сыныптан тыс уақыттағы байланысы (бірлесіп жасайтын жұмыс, аз топпен жұмыс, білімді тексеру, оқу жағдайындағы кездесу т.б.)


- оқушылардың сыныптан тыс іс-әрекеті кезіндегі өзара әрекеттестігі (ертеңгілік, пәндік кеш, конференция, олимпиада т.б.).

Тұтас педагогикалық процесті ұйымдастыру формалары әдістер мен әдістемелік тәсілдер арқылы жүзеге асады. Тәрбие әдістері дегеніміз тәрбие мақсат-міндеттерін шешуге бағытталған тәрбиеші мен оқушының өзара байланысты іс-әрекеті. Педагогикалық процеске қатысушылардың тәсілдері мен нақты әрекеттері, оқушылардың белсенді іс-әрекетінің ынталануы тәрбие мақсатына бағытталуы керек. Тәсіл деген де ұғым бар. Әдісте-

мелік тәсіл дегеніміз әдістің жеке көрінісі. Әдіске қарағанда ол бағыныңқы сипатта болады.

Формалар, әдістер, тәсілдер сияқты ұғымдар шынайы педагогикалық процесте өзара тығыз байланыста болады. Біріншіден, олар бір-біріне тәуелді (формалар мен әдістер, әдістемелік тәсілдер құралдар арқылы жүзеге асады); екіншіден, күнделікті тәжірибеде олардың арасында белгілі бір айырмашылық жоқ. Тәрбие әдістері мен тәсілдері әрқашан бірін-бірі алмастырып отырады: кей жағдайларда әдіс тәсілге айналады.

Педагогикалық процестің қозғаушы механизмінің негізгі компоненттерінің өзара байланысы кесте түрінде 1 суретте.



Сурет1. Педагогикалық процесте тәрбиенің, формаларының құралдарының, әдістерінің, түрлерінің өзара байланысы (қозғаушы механизмді жүзеге асыру).

Педагогикалық процестің қозғаушы тетігі сияқты құрал, форма әдістердің оқу кезінде және оқудан тыс кезде қолдану аясына қарай өзіндік ерекшеліктері бар. Оқу процесінде негізгі әрекеттің түрі таным болып табылады. Бірақ іс-әрекеттің басқа түрлері (ойын, қарым-қатынас, еңбек т.б.) оқу кезінде қолданылмасда керісінше әр түрлі іс-әрекет түрлері оқушының тұлғалық интелектісіне ғана әсер етіп қоймайды. Оқу- танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың әдістері мен формалары ойын элементтерімен, өнер құралдарымен, қарым-қатынаспен сабақта-сып жатады. Оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасы ғана

емес, оқушының бір-бірімен өзара қарым-қатынасы педагогикалық технология, ұжымдық танымдық іс-әрекет мысал бола алады.

Оқу әдістері оқыту процесінің негізі болып табылады (мұғалімнің баяндамасы, оқулықпен жұмыс, әр түрлі әңгіме-сұқбаттар, жаттығулар), бірақ олармен қоса мадақтау, көңіл-күй жағдайларын тудыру, сендіру, талап қою және ұялту сияқты ынталандыру әдістері де қолданылады.

Сабак – оқуды ұйымдастырудың басты формасы. Соңғы жылдардағы педагогикалық технологиялардың дамуы оқыту формаларын айтарлықтай байытуда: конференциялар, ғылыми айтыстар, оқуға байланысты кездесулер, пікірталастар кеңінен қолданылуда.

Оқушылардың сыныптан тыс іс-әрекетін ұйымдастыруда оқыту мен тәрбиенің барлық амалдары, формалары мен әдістері қолданылуда. Алайда, бұл ретте іс-әрекеттің барлық түрлері кеңінен қолданылады: танымдық (үйірмелер, факультативтер, оқушылардың ғылыми қоғамдастықтары), еңбек (өз өзіне қызмет ету, еңбек десанттары, әр түрлі мектеп бизнесі), ойын (танымдық, спорттық, іскерлік), эстетикалық (студиялар, мектеп театрлары, фестивальдар). Іс-әрекеттің барлық түрлері қарым-қатынас арқылы жүзеге асады. Бұл іс-әрекеттер барысында мұғалім оқушылардың санасы, сезімі мен ерік-жігерінің қалыптасуына, олардың мінез-құлқы мен тіршілік әрекетін ұйымдастыруға әсер ететін тәрбие әдістерін қолданады.

Тәрбие әдістері, әсіресе ынталандыру әдістері, сыныптан тыс жұмыспен қоса оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыруда да кеңінен қолданылады (әр түрлі мадақтаулар, жарыстар). Олар оқушылардың танымдық тілек-қалаулары мен қажеттіліктерінің дамуына әсер етеді. Оқыту әдістері ақпаратты игеруге, жалпы оқу және арнайы сипаттағы білік пен дағдыларды (оқу пәндері бойынша біліктерді) қалыптастыруға бағытталған.

Оқыту мен тәрбие әдістері, өзінің арнайы қызметтері бола тұра (оқыту міндеттері, тәрбие міндеттері), тұтас педагогикалық процесте бірлікте қолданылады.

Тәрбие әдістерінің жіктелуі. Педагогикалық әдебиеттер мен тәжірибеде тәрбие әдістерінің көптеген түрлерінің сипаттамасын кездестіруге болады. Тәжірибеде мақсат пен нақты жағ-

дайларға сай әдістерді таңдап алу қиын. Сондықтан оларды тәртіпке келтіру, яғни жіктеу қажет.

Жіктеу – арнайы белгілері арқылы құрастырылған жүйе. Әдістерді жіктеу олардың жалпы және өзіне тән, маңызды мен кездейсоқ, теориялық пен тәжірибелік жақтарын анықтауға көмектесіп, оларды дұрыс таңдап, нәтижелі қолдануға әсер етеді.

Жіктеуге сүйене отырып, мұғалім әдістер жүйесін түсініп қана қоймай, әр түрлі әдістер мен олардың түрлерінің қызметі мен өзіне тән ерекшеліктерін де жете түсінеді.

Көптеген зерттеушілер әдістерді жіктеуде мына қағидаларға сүйенеді:

- жеке тұлға іс-әрекет нәтижесінде дамып, қалыптасады;

- оқушыларды тәрбиелеу процесі - өте күрделі іс-әрекет, оның негізі– өз санасы, сезімдері, дүниеге, адамдарға, өз өзіне деген қатынасы, күрделі ішкі дүниесі (мотивтері, тілек-талаптары, ынтасы), өзінің ұйымдасқан және ұйымдаспаған тәжірибесі бар өсіп келе жатқан адам;

- жеке тұлғаның қалыптасып келе жатқан қасиеттері құрылысы жағынан күрделі.

Адамгершілік, эстетикалық және басқа қасиеттер сезімдерден, санадан (түсінік), сенімдерден, әдеттерден тұрады.

Осы қағидалар бойынша кей әдістер, көп жағдайда, мотивтерге, мақсаттарға, қатынастарға, мағұлматтарға, түсініктерге, пікірлерге әсер етеді, ал енді кейбіреулері мінез-құлықтың қандай да бір түрін қалыптастыратын әдеттерге ықпал етеді, ал басқалары балалардың мінез-құлқын реттейді. Қазіргі уақытта тәрбие әдістері мінез-құлыққа негізделген, мотивтік-мақсатты мазмұнды, процессуалдық жақтарын біріктіретін бағыттылық-интегративтік сипаттамасы негізінде жіктеу объективті және ең ыңғайлысы болып есептеледі (Т.И. Шукина). Осы сипаттамаға сәйкес тәрбие әдістері үш топқа бөлінеді:

- жеке тұлғаның санасын қалыптастыру әдістері;

- іс-әрекетті ұйымдастыру мен қоғамдық мінез-құлық тәжірибесін қалыптастыру әдістері;

- мінез-құлық пен іс-әрекетті ынталандыру әдістері.

Жеке тұлғаның санасын қалыптастыру әдістеріне: түсіндіру, баяндау, сендіру, насихат, әңгіме, лекция, этикалық әңгіме нұсқау беру, пікір сайыс, баяндама, дебат, үлгі жатады.

Іс-әрекетті ұйымдастыру мен қоғамдық мінез-құлық тәжірибесін қалыптастыру әдістеріне: жаттығу, әдеттену, педагогикалық талап, қоғамдық пікір, тапсырма, тәрбиелік ситуация (сюжеттік рольдік, іскерлік) ойындар.

Мінез-құлық пен іс-әрекетті ынталандыру әдістеріне: жарыс, мадақтау, жазалау жатады.

Сананы қалыптастыру әдістері. Бала тәрбиелеу оның дүниеге келген сәтінен басталады. Бірақ әлеуметтік тәжірибені саналы түрде меңгеру кешірек қалыптасады. Дұрыс ұйымдастырылған тәрбие тәрбиеленушінің тәрбие барысында қалыптасуға тиіс мінез-құлық ережелерін игеруіне ықпал етеді. Бала белгілі бір қасиеттің мәнін түсінбейінше, оны баланың бойында тәрбиелеу мүмкін емес. Жеке тұлғаның қасиеттерінің мәнін түсіне келе баланың жас ерекшеліктеріне қарай өзіндік көзқарастары, түсініктері, сенімдері, мұрат-мақсаттары қалыптасады. Бұл міндеттерді шешу үшін «Жеке тұлғаның санасын қалыптастыру әдістері» деген әдістер қолданылады.

Бұл топтағы әдістердің сезімдерді, көңіл-күй эмоциясын қалыптастыруда маңызы зор. Егер оқушылар педагогикалық әсерге жауап бермесе, жеке тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру жүзеге аспайды. Оқушылардың тәрбие мазмұнына сай іс-әрекетке белсенді түрде араласу қажеттілігі болған жағдайда ғана алға қойылған мақсат орындалады. Осылайша, жеке тұлғаның санасын қалыптастыру әдістері оқушыларды алған білімдерін күнделікті тәжірибеде белсенді қолдануға, яғни мінез-құлық әдеттерін қалыптастыруға дайындайды.

Белгілі бір әдеттерді қолданудың қажеттілігін түсіну тәрбие процесінде әр түрлі әдістерді қолдану арқылы жүзеге асырылады. Ескі мектепте, мысалы, бұл үшін ғибратты әңгімелер, нақылдар, мысалдармен қоса оқушыларға қажетті білімді жеткізудің басқа да жанама және көркем тәсілдері кеңінен қолданылған қорытындыны оқушылардың өздері жасауы тиіс. Қазіргі мектепте ықпал етудің дәстүрлі тәсілдері (талап қою, насихат, нұсқау) жиі қолдануда. Бұндай әдістердің нәтижесі өте төмен.

Тәжірибесі мол тәрбиешілер өз жұмыстарында ұмыт болған адамгершілік-имандылыққа, Крыловтың мысалдарына, Абайдың қара сөздеріне, халық педагогикасының амал-тәсілдеріне көптеп сүйенуде. Этикалық тақырыптағы әңгімелер, түсіндірмелер, түсініктемелер, лекциялар, этикалық әңгіме-сұхбаттар, ақыл-кеңестер, иландыру, сендіру мысалдар кеңінен қолданыс табауда.

Осы топтағы әдістердің әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері мен қолдану аясы бар. Сырттай оңай болып көрінгенімен, олардың әрқайсысы мұғалімнің жоғары білімін талап етеді. Олар жүйелі түрде, бір-бірімен тығыз байланыста қолданылады. Сөз бен сезім арқылы әсер ету әдістерінің ең күрделілерін қарастырайық.

Этикалық тақырыптағы әңгіме көбінесе, төменгі және орта сыныптарда қолданылады. Бұл дегеніміз адамгершілік мазмұны бар деректер мен оқиғаларды әсерлі де қызықты етіп айту. Жақсы әңгіме оқушыларға мінез-құлықтың адамгершілік нормаларын түсінуге көмектеседі, сезімге әсер етіп, әңгімедегі оқиғаларға деген оқушылардың оң не теріс қатынасын қалыптастырады.

Этикалық тақырыптағы әңгіменің нәтижелі болуы мынаған байланысты:

- әңгіме мазмұнының оқушылардың жас ерекшеліктері мен олардың әлеуметтік тәжірибесіне сәйкес болуы;
- әңгіменің қызықты, әсерлі, түсінікті болуы, онда адамгершілік ой-пікірлермен қоса мысалдардың, жағдайлардың болуы;
- әңгімені оқу барысында әңгіме-сұхбаттың жүргізілуі; оқушылардың әңгімені талдауға атсалысып, өздерінің ой-пікірлерін білдіре алулары өте маңызды;
- әңгімеге қоса суреттерді қолдану (бейнелеу өнерінің туындылары, фотографиялар); әңгімені дұрыс қабылдауда музыканың орны ерекше;
- мазмұндама тілінің әдеби сауатты болуы.

Этикалық әңгімені қабылдауда бөлме ішінің жабдықтауының да маңызы бар. Жоспарланған әңгімелер жайлы бөлмелерде, оқушылар ешқайда асықпаған еркін жағдайда жүргізіледі.

Этикалық әңгімеден кейін оқушылар мазмұны мен көңіл-күйі жағынан өзгеше бір іске (мысалы, спорттық жарыс) кірісіп кетсе, әңгіменің тәрбиелік мәні төмендейді.

Күнделікті тәжірибеде тәрбиелік процесте түсініктеме жиі қолданылады. Бұл оқушыларға сезім мен сөз арқылы әсер ету әдісі. Түсініктеменің әңгімеден өзгеше маңызды белгісі – оқушыларға немесе жеке тұлғаға қандай да бір жағымсыз жағдайлар бойынша әсер ету. Түсініктеменің әдіс-тәсілдері әр түрлі: төменгі сыныптарда «Былай істеу керек» деген сияқты тура пайымдаулар, жасөспірімдермен жұмыс кезінде терең мотивация, белгілі бір адамгершілік ұғымдарының қоғамдық мәніне түсініктеме беру қажет.

Түсініктемені оқушыларға мінез-құлықтың адамгершілік нормаларын түсіндірудің қажеттілігі туындаған жағдайда ғана қолдану керек. Бірақ мектептегі, көпшілік орындардағы қоқыс тастауға, түкіруге, партаға сурет салуға, дөрекілік жасауға болмайды деген сияқты күнделікті мінез-құлық нормалары туралы сөз болғанда түсініктемені қолданудың қажеті жоқ. Мұнда үзілді-кесілді талап ету қажет. Түсініктеме қандай да бір жаңа адамгершілік қасиетті, оқушылардың белгілі бір әрекетке деген дұрыс қатынасын қалыптастыру үшін қолданылады. Түсініктеме көбінесе сендіруге негізделеді. Сендіру оқушының психикасына астыртын әсер етіп, іс-әрекеттің мақсаттары мен мотивтерін қалыптастырады. Ол ақыл-кеңес, есіне түсіру, тілек-ұсыныс түрінде қолданылады.

Тәрбие тәжірибесінде түсініктеме мен сендірумен қоса кейде насихат сияқты әдіс қолданылады. Оқушының бойындағы жағымды қасиеттерге сүйену: абырой, ар-намысы мен ұяты сияқты насихатты дұрыс қолданудың алғы шарттарын қалыптастырады. Бұл әдістің педагогикалық нәтижелілігі мұғалімнің беделіне, оның жеке тұлғалық қасиеттеріне байланысты.

Сананы қалыптастырудың аталған әдістерін (әңгіме, түсініктеме, сендіру, насихат) ретсіз қолданғанда ол үгіттеуге айналады. Мұндай жағдайларда олар оқушы бойында қарсы әрекет, мұғалімнің тілегіне кері әрекет ету ниетін оятады.

Этикалық әңгіме-сұхбат дегеніміз адамгершілік мәселелерді мұғалімдер мен оқушылардың бірігіп жүйелі де бір ізді

талқылау түрі. Әңгіме-сұхбаттың жай әңгіме мен нұсқаудан айырмашылығы онда мұғалім оқушыларды өз ой-пікірлерін, көзқарастарын, бағаларын білдіруге шақырады. Әңгіме-сұхбат теңдік пен ынтымақтастық негізінде құрылады. Этикалық әңгіме-сұхбаттың мақсаты – адамгершілік түсініктерді тереңдету мен бекіту, білімді қортындылау, адамгершілік көзқарастар мен сенімдер жүйесін қалыптастыру. 5-8 сынып оқушылар тәрбиесінде әңгіме-сұхбаттың алар орны ерекше, өйткені баланың өзіндік ой-пікірлері, көзқарастары мен сенімдері осы жаста қалыптасады.

Этикалық әңгіме-сұхбатқа оқушылардың белсенді қатыса алуы үшін оның жоспары мен негізгі мәселелері оқушыларға алдын-ала беріледі. Баяндамалар алдын-ала дайындалады. Әңгіме-сұхбат кезінде оқушылар жағдайлар бойынша қойылымдар ойнайды. Алдын-ала әдебиеттер тізімі беріледі, оқушылар өмірден немесе әдебиеттерден деректер мен мысалдар жинастырады. Жүргізуші (әдетте сынып жетекшісі) баяндама жасап, әңгіме-сұхбатқа қатысушылар алдына мәселелер қояды, олардың белсенділігін оятады, әр түрлі көзқарастарды тыңдап, оқушыларға баяндамаларға баға беруді ұсынады, айтылған ой-пікірлерлі толықтырып, түзеп, қортындылайды, әңгіме-сұхбаттың қортындысын шығарады. Әңгіме-сұхбаттың сол әңгіме кезінде талқыланған мінез-құлық ережелерін жүзеге асыра алатын шынайы пайдалы іспен аяқталуы оң нәтиже береді.

Этикалық әңгіме-сұхбаттың нәтижелі болуының шарттары:

- әңгіме-сұхбаттың мәселелік сипатта болуы, яғни көзқарастар мен пікірлер таласы;
- әңгіме-сұхбат тақырыбының көкөйкесті, оқушылар тілек-талаптарына сай болуы;
- әңгіме-сұхбат мазмұнының оқушылардың тәжірибесі мен жас ерекшеліктеріне сай болуы;
- әңгіме-сұхбаттың оқушыларды өз ойын жеткізуге, басқалардың пікірін сыйлауға, шыдамдылықпен әрі дәйекті түрде дұрыс көзқарасты қалыптастыруға үйретуі;
- әңгіме-сұхбат лекцияға айналмауы керек (мұғалім ғана сөйлеп, оқушылар тыңдап отырады),

- әңгіме-сұхбаттың жағымды әрі жайлы ортада жүргізілуі; оған әңгіме-сұхбат жүргізілетін бөлменің іші, дауыстың сенімділік ырғағы, оқушылар жауабын ден қойып тыңдау, дұрыс жауаптарды мақтап, дұрыс еместерін сыпайы түрде түзету, орынды айтылған әзіл-сықақ, мазмұнның дұрыс таңдалып алуы жағдай жасайды.

Осындай алдын-ала дайындалған (жоспарлық, бағдарламалық) әңгіме-сұхбаттардан басқа ұжымдағы пайда болған қиыншылықтарға байланысты жоспардан тыс, ауық-ауық әңгіме-сұхбаттар да жүргізіледі. Әңгіме-сұхбаттың ерекше бір түрі – әңгіме-экспромт, ол аяқ асты пайда болған жағдайларға байланысты жүргізіледі. Жеке дара этикалық әңгіме-сұхбаттар (көбінесе тәрбиесі төмен оқушымен) жоғары білімділікті талап етеді. Жолдастарының алдында мұндай әңгіме-сұхбат өте қысқа болуы қажет, оқушының абыройы тапталмау керек. Мұндай әңгіме-сұхбатты сырласу ретінде жүргізу нәтижелі болады. Егер оқушы өз кінәсін түсінсе, әңгіме-сұхбаттың қажеті де жоқ. А.С.Макаренко мұндай амалды кейінге қалдырылған әңгіме-сұхбат деп атаған.

Пікірсайыс—сананы, сенімді, мақсат-мұраттарды, құндылық бағыттарды қалыптастырудың күрделі әдісі. Пікірсайыс дегеніміз оқушыларды толғандырып жүрген тақырыптар бойынша әр түрлі пікірлерді қалыптастыратын пікірталас. Пікірсайыс орта және жоғарғы сыныптарда адамгершілік, саяси, экономикалық, экологиялық, эстетикалық тақырыптарда жүргізіледі.

Пікірсайыстың тақырыбы тыңдалып алынғаннан кейін, өзіндік пайымдауды қажет ететін 5-6 сұрақ белгіленеді. Пікірсайысқа қатысушыларды осы сұрақтармен тыныстырып (сыныпта немесе мектеп қабырғасына іліп қойып), әдебиеттер ұсынылады. Пікірсайыстағы баяндама еркін әрі қызу болуы қажет. Пікірсайыс жүргізушісі қызметін, әдетте мұғалім атқарады, бірақ ерекше дайындығы бар оқушылар да жүргізуші бола алады. Пікірсайыс кезінде мұғалім оқушылардың айтысын бағыттап, олардың ойларын тәртіпке келтіріп, дәлелге сүйенуге үйретеді. Мұғалім оқушылардың пікірін зер салып тыңдауы керек. Пікірсайысты жекелеп өткізгеннен гөрі, оқушылармен бірігіп оқу жылы бойы өткізілетін айтыстар тізімін жасап алған дұрыс.

Соңғы жылдары мектептерде айтыстың, ізденістің, мәселелерге жауап берудің пікірталас сияқты формасы кеңінен қолданылуда. Пікірсайыс ерекшелігі пікірталастарға оқушылар топтары қатысады. Олар алдын-ала баяндамалар дайындайды, онда өмірлік маңызы бар мәселені шешудің ең тиімді деген жобасы оқушының тілегі бойынша жазылады. Пікірталастардың жүргізушісі және командаларды бағалайтын қазылар алқасы сайланады. Пікірталастардың бір түрі «Болашақтың қаласы» телекөрермендерге кеңінен танымал. Мұндай пікірталас ойын ретінде жүргізіледі (үкімет, спикер).

Үлгіге негізделген әдіс. Үлгі балалардың, жасөспірімдердің, жастардың қандай да бір үлгілерге еліктеуіне негізделген. Бұл – санасыз еліктеуден саналы еліктеуге, бейнені көшіруден өзіндік бағытын қалыптастыруға, ойын ретінде еліктеуден өмірде шынайы еліктеуге, сырттай еліктеуден іштей еліктеуге ұмтылу. Тәрбие процесінде қолданылатын үлгілер өте көп (ата-ана, үлкендер, жолдастары, әдеби шығармалардың, кино мен спектакльдердің қаһармандары). Беделді, білімді, оқушылармен қарым-қатынасы демократиялық негізде құралған мұғалім де оқушыларға үлгі бола алады. Үлгі тәрбиенің барлық әдістерінде (түсініктеме, әңгіме-сұхбат, пікірсайыс) қолданылады.

Іс-әрекетті ұйымдастыру мен мінез-құлық тәжірибесін қалыптастырудың әдістері.

Әдет, мінез-құлықтың белгілі бір түрі – оқушылар тәрбиесінің нәтижесі. Жеке тұлғаның тәрбиелілігі оның түсініктері мен сенімдерінен басқа нақты істері мен әрекеттері арқылы көрінеді. Сондықтан іс-әрекетті ұйымдастыру мен қоғамдық мінез-құлық тәжірибесін қалыптастыру тәрбиелік процестің өзегі болып есептеледі.

А.С. Макаренко айтқандай, тәрбиешінің іс-әрекеті дегеніміз, ең алдымен, ұйымдастырушылық іс-әрекет. Әдістердің осы тобы арқылы оқушылар өмірін мінез-құлық, қатынастар, қарым-қатынастар тәжірибесін біртіндеп жинала бастайтындай етіп ұйымдастыруға болады. Бұл іс-әрекет арқылы әдеттер қалыптасып, жағымды мотивтер дамиды. Оқушылардың тіршілік әрекетін ұйымдастыру пайдалы істер арқылы жүзеге асады, ол істер барысында оқушылар басқа адамдармен (мұғалімдермен,

өзінің құрдастарымен) жан-жақты қатынасқа түседі. Басқа адамдармен ұжымдық қатынас барысында пайда болатын жағдайлар белгілі бір әрекетке, мінез-құлықтың белгілі бір бағытын таңдауға әкеліп, тұрақты әдеттерді қалыптастырады.

Бұл топтың басты әдістерінің бірі – жаттығу, жаттығудың мәні белгілі бір әрекетті автоматты түрге айналғанға дейін қайта-қайта орындау, соның нәтижесінде оқушының жеке тұлғалық қасиетінің өзегі болатын дағдылар мен әдеттер қалыптасалды. Адамның әдеттері адам өмірінде ерекше орын алады. К.Д.Ушинский айтқандай, адамның әдеттерді қалыптастыруға қабілеті болмаса, өз дамуында ілгері жылжи алмайды.

Тәрбие процесіндегі жаттығулар оқудағы сияқты жаттанды болмауы керек, олар саналы түрде орындалуы қажет. Сондықтан жаттығу әдісін түсініктеме мен сендіру әдістерімен бірге қолдану қажет. Жаттығудың нәтижелі болуы оның мақсаттылығы мен жүйелілігіне, түсінікті болуына, мотивациясы мен ынталандыруына, бақылау мен түзетуге, оны жүргізудің орны мен уақытына байланысты. Жаттығу кезінде оқушылардың жеке ерекшеліктері ескеріліп, жаттығулардың жеке дара, топтық және ұжымдық формаларын үйлесімді қолдану қажет.

Оқушы өмірдегі теріс жағдайларда тұрақты қасиет таныта алса, жаттығулар оң нәтиже берді деген сөз. Тұрақты әдеттерді қалыптастыру үшін жаттығуларды ертерек, баланың дүниеге келген сәтінен бастау қажет.

Жаттығуларды орындау барысында талап ету әдісі қолданылады. Бұл әдіс оқушының белгілі бір іс-әрекетіне дем беріп немесе тежеп, тұлғалық қасиеттерді қалыптастырады. Талап түріне қарай тура және жанама болып бөлінеді. Тура талап етуге бұйрық ету, анықтық, нақтылық тән (балаға түсінікті талаптар). Оқушыларға қойылған талаптар шешімді болуы қажет, онда мұғалімнің оқушының ісі мен тәртібіне деген қатынасы білінеді. Жанама талаптар ақыл-кеңес, өтініш, мақұлдау сияқты түрлері арқылы беріледі.

Жаттығулар мен талаптар ойын формасында жиі қолданылады (рөлдік, сюжеттік ойындар). Жаттығу мен талап етуді қолданудың басты шарты оның шамасын білу, яғни белгілі бір

уақыт аралығында баланың жас ерекшелігіне қарай екі не үш талап қойылады.

Жаттығу түрлерінің бірі – үйрету, дағдыландыру әдісі. Бұл интенсивті орындалатын жаттығулар. Белгілі бір әдетті тез және жоғары деңгейде қалыптастыру үшін үйретуді қолданады. Бұл әдісті көбінесе балабақшаларда, бастауыш сыныптарда балаларға мінез-құлық ережелерін үйрету үшін қолданады.

Жаттығу әдісі тапсырма беру әдісінің негізін құрайды. Мектептегі тапсырмалар әр түрлі болады: сырқат жолдасының көңілін сұрау, кішкентай балаларға ойыншықтар жасау т.б. Мектепте оқу сипатындағы тапсырмалар кеңінен қолданылады: кенесшінің, мұғалім көмекшісінің жұмысын атқару. Тапсырманың орындалуын тапсырма берген адам (мұғалім, сынып белсендісі) бақылайды. Тапсырманың орындалу сапасы жөнінде көпшілік пікірге сүйенген дұрыс.

Жаттығу мен үйретудің бір түрі – тәрбиелік жағдайлар әдісі. Тәрбие жүйесі педагогикалық жағдайлардан тұрады, ал олар нәтижелі болу үшін мұғалім арнайы жағдайлар құрастырады. Бұл ретте жағдай шындыққа сай болуы қажет. Жағдайдың кез келген түрінде оқушы шешім қабылдай алуы керек. Мұндай жағдайлар жорықтар, экскурсиялар мен ойындар кезінде құрастырылады.

Іс-әрекетті, мінез-құлықтың оң тәжірибесін ұйымдастыру әдістерінің бұл тобы тәрбиенің басқа да амал-тәсілдерімен, түрлері мен әдістеріне байланысты.

Ынталандыру әдістері. Мадақтау мен жазалау – басты ынталандыру әдістері.

Мадақтауды оқушылардың жағымды әрекеттерін қолдау үшін қолданады. Оқушының басқалар елеп мадақтаған жетістіктері қанағаттану, қуаныш сезімін оятып, оның іс-әрекетіне дем береді. Мадақтаудың көп түрі бар: мақұлдау, мақтау, алғыс, құрметке бөлеу, грамотамен, сыйлықтармен марапаттау. Мадақтау әдісін белгілі бір мөлшерде қолдану керек. Орынсыз және шамадан тыс мадақтаудың тәрбиеге тигізер пайдасынан гөрі зияны көп. Мадақтауды қолдану талаптары:

- жетістіктермен қоса мінез-құлықтың мотивтерін де ескеру;

- мадақтау оқушыны басқа оқушыларға қарсы қоймау керек; белгілі бір жетістіктерге жеткен оқушылармен қоса, берілген тапсырмаларды орындауда еңбекқорлық пен жауапкершілік танытқан оқушыларды да мадақтау;

- оқушылардың жеке ерекшеліктері мен олардың ұжымдағы мәртебесін ескеру, мадақтау жиі болмауы қажет;

- ұжымның пікірін ескеру;

- мадақтау әділ болуы қажет.

Жарыстар ынталандыру әдістерінің қатарына жатады. Бұл әдіс оқушының бәсекелестікке, алда болуға деген табиғи аясында, өзара жарысып қоғамдық мінез-құлық тәжірибесін игеріп, адамгершілік қасиеттерді дамытады. Жарыстарды ұйымдастыру – оқушылар психологиясын білуді талап ететін күрделі іс. Жарыстың мақсаттары мен міндеттерін алдын-ала анықтап, бағдарламасын құрастырып, оның нәтижелерін бағалаудың шарттары мен көрсеткіштерін қалыптастыру қажет. Жарыстың мазмұны айтарлықтай қиын болып келеді. Мектеп тәжірибесінде көбінесе жарыстар оқу іс-әрекетінің нәтижелері бойынша жүргізіледі. Сондықтан оқушылардың үй жұмысын жүйелі орындауын, ынта-ықыласын, сабақтағы ескертулердің аздығын, дәптерлердің тазалығын көрсеткіш ретінде алған орынды. Жарыстардың бағдарламаларын, шарттары мен көрсеткіштерін жасауға, оның нәтижелерін бағалауға оқушыларды да қатыстыру қажет. Жарыстағы тартыстың адал әрі ашық болуын қадағалау қажет.

Тәрбие әдістерінің ең көнелерінің ішіндегі жазалау – кеңінен танымал әрі өте қиын әдіс. Қазіргі педагогика мен тәжірибеде оқушыларды жазалаудың мақсаттылығы туралы: жазалаусыз тәрбиеден бастап олардың күрделі түрлерін қолдануға дейін әр түрлі қарама-қайшы пікірлер бар. Қазіргі мектептерде мұғалім мен оқушылар арасындағы қатынастың демократиялануы мен адамгершілікке негізделуі кезінде жазалауды қолдану мәселесі шиеленісуде. Жазалау дегеніміз педагогикалық ықпал ету әдісі, ол жағымсыз әрекеттердің алдын алып, оларды тежеуі қажет, өзінің, жолдастары мен басқа адамдар алдындағы кінәсін түсінуге шақыруы тиіс.

Мектеп тәжірибесінде жазалаудың ескерту, ұялту, жиналысқа салу, белгілі бір жеңілдіктерінен айыру сияқты түрлері қолданылады, ал төтенше жағдайларда сабаққа қатыстырмау немесе тіпті мектептен шығару (педагогикалық және оқушылар кеңесі бойынша) сияқты түрлері де қолданылады. Жазалаудың қатаңдығы оқушының кінәсіна байланысты болу керек. Мұғалімнің қолданған жазасы дәйекті болып, ешбір ыза-кексіз немесе кудалаусыз қолданылуы қажет. Ұжым атынан ұсынылған жазалаудың ықпалы артық болады. Жазалауда оқушының жеке психологиялық ерекшеліктерін ескеру қажет.

Оқушылар арасындағы келіспеушілік жағдайлар жазалауды қолданудың негізі бола алады. Мұндай жағдайларда кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс екенін анықтап алу қажет. В.А.Сухомлинский айтқандай, оқу-тәрбие жүйесін педагогикалық жағынан сауатты құрастырса, жазалауды қолданудың қажеттілігі болмайды.

Тәрбиенің түрлері мен әдістері өте көп, бірақ оларды тиімді қолдана білу қажет. Педагогикалық тәсілдерді таңдау шарттары:

- қазіргі тәрбиенің мақсаты мен міндеттеріне сай болу;
- оқушылардың жас және жеке дара ерекшеліктерін ескеру, жекелік бағыттылық;
- оқушылардың тәрбиелілік деңгейі;
- тәрбиенің жағдайлары мен шарттары;
- оқушылар ұжымының қалыптасу деңгейі;
- тәрбиелік ықпал етудің түрлері мен әдістерінің өзара байланысы мен жүйесі.

Тәрбиенің түрлері мен әдістерін қолданудың арнайы педагогикалық ұсыныстары жоқ. Педагогикалық процестегі әр түрлі жағдайларды шешудің тура ережелері жоқ, өйткені әрбір оқушының, әрбір ұжымның өзіне ғана тән ерекшелігі бар. «Ешқандай педагогикалық амал-тәсілді, тіптен жалпы қабылданған деп есептелінетін сендіру, түсіндіру, әңгіме-сұхбат, көпшілік ықпалын толығымен пайдалы деп айтуға болмайды. Ең жақсы деген амал-тәсіл кей жағдайларда міндетті түрде ең нашар болып шығады» (А.С. Макаренко).

Әдебиеттер.

1. Қоянбаев Р., Қоянбаев Ж. Педагогика. Алматы 2004.
2. Педагогика. Дәріс курсы. Алматы 2003.
3. Әбиева Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика. Алматы: Дарын, 2004.
4. Сарбасова Қ.А., Шаушекова Б.Қ. Педагогика негіздері. Қарағанды, 2004.
5. Айтмамбетова Б. Қазақ педагогикалық энциклопедия сөздігі. / РБК. Алматы, 1995.

Өзін өзі бақылауға арналған сұрақтар

1) Тәрбиенің тәсілдері, түрлері мен әдістерінің тұтас педагогикалық процесте алар орны қандай? Оларды неге педагогикалық процестің қозғаушы күші деп атайды?

2) Іс-әрекеттің түрлері (таным, қарым-қатынас, ойын, еңбек) тәрбиелік ықпал етудің амалдары екенін дәлелденіз.

3) «Педагогикалық ықпал ету тәсілдері», «түрлері», «тәрбие әдістері» ұғымдарының анықтамасын беріңіз.

4) Педагогикада тәрбие әдістерінің қандай топтары бар? Осы топтар құрамындағы тәрбиенің нақты тәсілдерін атаңыз.

5) Оқушылардың санасы мен мінез-құлқын қалыптастыру әдістерін сипаттаңыз.

6) Оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру мен оң тәжірибесін қалыптастыру әдістерін түсіндіріңіз.

7) Оқушылардың мінез-құлқын ынталандыру әдістерін жіктеңіз.

8) Этикалық әңгіме-сұхбат әдісінің мәнін ашыңыз.

9) Мадақтау мен жазалау әдістерін қолданудың негізгі шарттарын атаңыз.

СПОРТТЫҚ ҰЖЫМДЫ ТӘРБИЕЛЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

Жоспары:

1. *Ұжым туралы түсінік балалар ұжымы әлеуметтік ортаның құрамдас бөлігі*

2. *Балалар ұжымын қалыптастыру кезеңдері, заңдары, спорттық ұжымға тарту ерекшеліктері.*

3. *Ұжымдық іс-әрекеттегі тәрбиеші мен тәрбиеленушінің өзара әрекеттері*

1. Ұжым туралы түсінік Балалар ұжымы әлеуметтік ортаның құрамдас бөлігі

Тұлға мен ұжымның даму процестері бір-бірімен тығыз байланысты. Тұлғаның дамуы ұжымның дамуынан, оның даму деңгейінен, онда қалыптасқан іскерлік және тұлғааралық қатынастардың құрылымынан тәуелді болып келеді. Екінші жағынан, тәрбиеленушілердің белсенділігі, олардың дене және ақыл-ой дамуының деңгейі, мүмкіндіктері мен қабілеттері ұжымның тәрбиелік күші мен әсерін айқындайды. Соңғы нәтижесінде ұжым мүшелері белсенді болған сайын, олар өздерінің дербес мүмкіндіктерін ұжым өмірінде барынша толық пайдаланған сайын ұжымдық қатынас айқын көріне түседі.

Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық дербестігінің дамуы олардың ұжым ішіндегі өзіндік деңгейімен және шығармашылық белсенділігімен тығыз өзара байланысты. Оқушы ұжымдық қоғамға пайдалы іс-әрекетте өзін көрсеткен сайын оның ұжымдағы статусы жоғарылайды және оның ұжымға әсері де арта түседі. Керісінше, оның статусы жоғарылаған сайын ұжымның оның өзіндік дамуына әсері де жемісті бола түседі.

Тұлға мен ұжымның дамуы - өзара байланысты, бірін-бірі толықтыратын процесс. Адам табиғатпен және өзін қоршаған адамдармен қатынастар жүйесінде өмір сүреді және дамиды. Байланыстардың молдығы тұлғаның рухани байлығын анықтайды, ал байланыстар мен қатынастар молдығы адамның қоғамдық, ұжымдық күшін көрсетеді.

Ұжым және жеке адам проблемасы ең әлеуметтік проблемалардың бірі болғандықтан педагогика ғылымының басты

мәселелерінің бірі. Қазіргі әдебиеттерде “ұжым” түсінігі 2 мағынада қолданылады:

1) ұжым – кез келген ұйымдасқан адамдар тобы;

2) ұжым – жоғары ұйымдасқан топ.

Ұжым тәрбиеленушілердің ұйымы ретінде бірнеше маңызды белгілермен анықталады:

- ұжым – басқа ұжыммен байланыста болатын қоғамның бір бөлігі;

- жалпы әлеуметтік маңызды мақсат болуы, ұжым мақсатының қоғамдық мақсатпен сәйкес келуі;

- ұжымның барлық мүшелерінің ортақ мақсатқа бағытталған іс-әрекет жасауы;

- ұжым мүшелерінің бірлігі және әрқайсының өзіндік пікірі болуы;

- ұжым мүшелерінің өз араларындағы міндеттерді белгілеуі және оларды мұқият орындауы;

- ұжым мүшелерінің арасында өзара жауапкершілік, көмек және жолдастық, қайырымдылық қарым-қатынас болуы.

Ұжым іс-әрекетте үнемі дамып отыратын, әрі іс-әрекетті қажет ететін әлеуметтік организм.

Мақсатты бағытталған оқу-тәрбие жұмысы жағдайында балаларда ұжымдықты дамытудың қажеттілігін А.В.Луначарский, Н.К.Крупская, А.С.Макаренко, С.Т.Шацкий, т.б. көрнекті педагогтар мен қоғам қайраткерлері насихаттады.

А.С. Макаренконың идеяларын кейін В.А.Сухомлинский өз тәжірибесі мен зерттеу еңбектерінде одан әрі дамытты.

Кейінгі жылдары зерттеу жұмыстары тәрбиелік ұжымдарды тиімді ұйымдастыру, құру, ұжымдық іс-әрекетті ынталандыру принциптері мен әдістерін жасау, ұжымның тәрбиелік қызметінің дамуы, т.б. бағыттарда жүргізіліп келеді.

Тәрбиелік ұжымның қазіргі кездегі тұжырымдамасы (Т.А.Куракин, Л.И.Новикова, А.В.Мудрик) ұжымды қоғамның өзіндік моделі ретінде қарастырады. Ал балалар ұжымы қоғамның бүгінгі күнгі қатынастары мен оның болашақтағы даму тенденцияларын көрсететін қоғам моделі ретінде көрсетіледі.

Балалар ұжымы – балалардың әлеуметтік тәжірибе жинақтайтын негізгі база болып табылады. Тәрбиеленуші тәжірибені

отбасында, ұйымдаспаған мектептен тыс жағдайда құрдастарынан, жолдастарынан, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, кітап оқу, т.б. ақпарат көздері арқылы жинақтайды. Тек ұжымда ғана оны меңгеру арнайы жоспарланады және бағытталады. Адамдардың еңбек іс-әрекетін ұйымдастыруда оның ролі өте жоғары. Сонымен бірге ол балаларға дене және көркемдік потенциалдарын іске асыруға мүмкіндік береді.

Бала тұлғасын дамытудағы ұжымның ролі оның өмірлік іс-әрекетті демократиялық тұрғыдан ұйымдастыруды практикалық жағынан игеруге мүмкіндік беруінде. Педагогикалық жағынан дұрыс бағытталған ұжым әлеуметтік құнды тұлғаның қалыптасуына және оның дербес ерекшеліктерін көрсетуіне жағдай жасайды.

2. Балалар ұжымын қалыптастыру кезеңдері, заңдары.

Ұжым дамуы және құрылуы ұзақ әрі күрделі процесс. Ұжым болып қалыптасуы үшін топ бірнеше кезеңдерден өтуі керек. Педагог ғалымдар оның бірнеше жіктеуін көрсетеді. А.С.Макаренко ұжымның құрылуы мен дамуын кезеңдеуде талапты басты көрсеткіш етіп алады.

А.С.Макаренко бойынша ұжымның даму кезеңдері

<i>Кезеңдер</i>	<i>Сипаты</i>
<i>Бірінші кезең</i>	<i>Тәрбиеленушілерге тәрбиешінің талап қою кезеңі</i>
<i>Екінші кезең</i>	<i>ұжым белсенділерінің ықпалы күшеюі</i>
<i>Үшінші кезең</i>	<i>ұжымда қоғамдық пікір қалыптасуы</i>
<i>Төртінші кезең</i>	<i>берік игерілген ұжым тәжірибе арқасында оқушының өзіне талап қоюы, адамгершілік нормаларды сақтау оның қажеттілігіне айналуы</i>

Л.И.Новикованың ұжымның қалыптасуын кезеңдеуі

<i>Бірінші кезең</i>	<i>Ұжымның бірігу кезеңі</i>
<i>Екінші кезең</i>	<i>Ұжымның барлық оқушыларды тәрбиелеу құралына айналуы</i>
<i>Үшінші кезең</i>	<i>Әлеуметтік тәжірибені түзету және әр тәрбиеленушінің шығармашылық даралығын дамытудың ұжымның қамқорлығына айналуы</i>

Ұжым дамуының барлық кезеңдері мен сатыларында үлкен және кіші дәстүрлер қалыптасып, нығаяды. Дәстүрлер мінез-құлықтың жалпы нормаларын қалыптастырады, ұжым өмірін жандандырады.

Үлкен дәстүрлер – бұл үлкен жаппай өткізілетін шаралар, оларды дайындау балаларда өз ұжымы үшін мақтаныш сезімін, ұжым күшіне сенімін, қоғамдық пікірді сыйлау сезімін тудырады. Кіші, күнделікті қолданылатын дәстүрлер өз көлемі, аясы жағынан аз ауқымды қамтыса да олардың тәрбиелік маңызы өте жоғары.

А.С.Макаренко жеке адам тәрбиесінің қоғамдық бағыттылығы тұрғысынан ұжымның кейбір сапасын, яғни белгілерін көрсетеді:

1. Ұжым тәрбиенің мақсаты және объектісі, жеке адам ұжымнан тыс дамымайды;

2. Ұжым адамдарды жалпы мақсатқа, еңбекке және еңбекті ұйымдастыруға біріктіреді;

3. Ұжым барлық ұжымдармен табиғи байланысты қоғамның бөлігі;

4. Ұжымның өзін-өзі басқару органдары мен органдары – ұйымдастырушылары болады.

Әрбір ұжым – топ, бірақ әрбір топ ұжым бола алмайды. Ол контактілі және негізгі болып екіге бөлінеді. Контактілі ұжым – ұжым белгілері бар бастауыш топ. Негізгі ұжым – бұл контактілі ұжымдардың бірлестігі. Мысалы, контактілі ұжым – бұл студенттер тобы, ал негізгі ұжым – факультет, т.б.

Оқушылар ұжымын қалыптастыру мен нығайтуда аса маңызды мәселелердің бірі – ұжым алдындағы мақсатты – перспективаны таңдау. Оны үшке бөліп қарастыруға болады:

1) Жақын перспектива – бұл күнделікті өмірде пайдаланылатын жеке адамды әр түрлі іс-әрекетке ынталандыру, қызықтыру. Оған жарыс, саяхат, т.б. жатады.

2) Орта перспектива – бұл перспективаға жыл сайын өткізілетін көрмелерге, сайыстарға қатысу, лагерге бару, т.б. жатады.

3) Қашық перспектива – бұл ұжымның немесе жеке адамның бір істі ұзақ мерзімде орындауға талаптану мақсаты. Оған келешекте білім алу, мамандық таңдау, т.б. жатады.

Осы перспективаларды оқу және тәрбие барысында тиімді пайдалануда әрбір мұғалім оны баланың, сыныптың, мектептің пайдасы үшін тандап ала білуі, екіншіден, оқушылардың жас ерекшеліктерін және жалпы дайындық деңгейін есепке ала білуі керек.

3. Ұжымдық іс-әрекеттегі педагог пен оқушылардың өзара әрекеттері

Педагогика ғылымында оқушылар ұжымын ұйымдастыру қажеттілігін, оның тәрбиелік қызметін ашуды негіздеу ғана емес, оны жасаудың теориялық негізі де бар. Ұжым тәрбиелік ықпал жасауы үшін оның дамуы, ілгері жылжуы керек. Балалар ұжымы бір орнында тоқырап қалмайды, даму, ілгері жылжу – ұжым өмірінің заңы, бұл жерде қозғалыстың себебін, даму мүмкіндігінің сырын ашып алған дұрыс.

Мұндай психологиялық күш – перспектива. Адамның болашаққа ұмтылуы, өмірге үміт артуы адам мен ұжым дамуының маңызды сәттерінің бірі. Педагогикалық тұрғыдан перспектива деп тұтас ұжым, балалар тобы, баланың тұлғалық мәні дамуының ішкі қажеттіліктерін қанағаттандыратын, ұжым мүшелерінің даму деңгейіне, олардың жас және дербес ерекшеліктеріне, қоғам талабына сай келетін міндеттерді, мақсаттарды, істерді түсінеміз.

Мектеп тәжірибесі перспективаны алға қоюдың төмендегідей екі жолы бар екенін көрсетеді:

1. оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеріп, мұғалімнің өзі олардың алдына перспективаны міндет етіп қояды және міндетті шешудің жолдарын көрсетіп, балаларды еліктіреді;

2. өздеріне перспектива ретінде алға қойған мақсатқа жету жөніндегі оқушылар бастамасын мұғалім қуаттап, оған жету жолдарын табуға көмектеседі.

Перспектива қоюды ұйымдастырудағы негізгі әдістемелік тәсіл – нақты мақсатқа жету жолындағы күреске балаларды даярлау. Ол даярлыққа перспективаға жетуге көмектесетін

жоспарды, жобаны, ұсыныстарды талқылау мен одан туындайтын ұйымдық және практикалық жұмыстар кіреді. Бұл жұмыс – тәрбие ұжымын біріктіру барысындағы ең маңызды кезең. Ортақ іс-әрекетке барлық оқушылардың қатысуын қамтамасыз ету керек. Ұжым мүшелеріне тапсырмаларды орынды бөлу – балаларды еліктірудің, ұжым істеріне қатынастырудың негізгі жолы. Кез келген іс баланың ақыл-ойын ғана емес, оның сезіміне әсер ететіндей болуы керек.

Белгіленген перспектива жүйелерін жүзеге асыруда әсіресе сынып жетекшісінің үлкен ұйымдастырушылық жұмысы қажет.

Балалар ұжымын педагогикалық басқарудың практикасында келесі маңызды ережелері қалыптасқан:

1) педагогикалық басқаруды балалардың өзіндікке, тәуелсіздікке табиғи ұмтылысымен, өзінің инициативасы мен өзіндік іс-әрекеттерін көрсетуге тырысуымен үйлестіру;

2) ұжым – ылғи даму үстінде болатын дамымалы жүйе болғандықтан, оны педагогикалық басқару да үнемі өзгеріске түсіп отыруы керек. Яғни ұжымның даму сатысына қарай педагог та өз тактикасын өзгертіп отыруы керек;

3) ұжымдық тәрбиеде жоғары жетістікке жету үшін жетекші сол ұжымда жұмыс жасайтын басқа педагогтарға сүйенуі, ұжымды жалпы мектептік әрекетке, басқа ұжымдармен қатынасқа итермелеуі қажет;

4) формализмнен аулақ болу, уақыт өткен сайын ұжымдық тәрбиенің мақсаты мен міндеттерін қайта құру;

5) ұжымда ортақ пікір қалыптастыру, өзара көмек, бір-бірінің пікірін сыйлауға үйрету;

6) ұжымдық тәрбиені демократияландыру, бақылау жүйесін жетілдіру;

7) ұжымда тұлғарарлық қатынастардың дұрыс дамуына ықпал жасау;

8) оқушыларға жүктелетін міндеттерді олардың қызығушылықтарына, қабілеттеріне сәйкестендіру;

9) ұжым ішінде стихиялы қалыптасатын қатынастарды тудыратын факторларды бақылау;

10) оқушылар арасындағы қатынастарды жақсарту мақсатында уақытша ұжымдар қалыптастыру;

11) балаларды жаңа қарым-қатынасқа тартатын ұжымдық іс-әрекеттің сипаты мен түрлерін өзгерту.

Сонымен бірге ұжымды басқаруда мына жайларды еске алған жөн

1. ұжым мүшелері тең құқықты болады;

2. басқарушы міндетін орындаушы ұжым мүшесі тарапынан балаларға қысым жасалмайды;

3. жауапкершілік пен өзара тәуелділік жүйесінде жалпы істі орындаудың барысында әр түрлі бейімделушілікке жол берілмейді.

Ұжым өмірінде гуманистік қатынастар ерекше орын алады, оның негізгі белгілері мынадай:

○ сергектік стилі – ширақтық, белсенділік, қайырымдылық, ұжым мүшелерінің достық бірлігі, бір-біріне ілтипатты болу, өзара жәрдем беру;

○ балалар арасында бақталастық, өз қамын көздеушілік, тұйықтық, бөлектенушілік, лидерлік болмауы керек;

○ басқа ұжымдарға жолдастық көмек беру, үн қосуға дайын тұру;

Мұндай гуманистік қатынас тек қана іс қатынасының көзі емес, ол ұжымда балалардың жеке байланыстарының дамуының құралы болады.

Ұжымда балалардың іс-әрекеті және қарым-қатынасы процесінде жеке адам аралық қатынастар жүйесін, өзара жауапкершілік пен тәуелділік қатынасын, сондай-ақ гуманистік қатынасты есепке алу балалар ұжымын басқарудың жемісті болуына әсер етеді.

Әдебиеттер:

1. Зверев В.И. Диагностика и экспертиза педагогической деятельности аттестуемых учителей. М., 1998.

2. Коломинский Я.Л. Психология детского коллектива: система личностных отношений. Минск, 1984.

3. Фридман Л.М., Пушкина Т.А., Каплунович И.Я. Изучение личности учащегося и ученических коллективов. М., 1988.

4. Караковский В.А., Новиков Л.И., Селиванова Н.А. Воспитание? Воспитание... Воспитание.
5. Кукушин В.С. Теория и методика воспитательной работы. Ростов на –Дону 2002 г.

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ ПЕДАГОГИКАСЫ ПӘНІНІҢ НЕГІЗГІ ҰСТАНАТЫН ПРИНЦИПТЕРІ

Жоспары:

1. Дене шынықтыру және спорт педагогикасы пәнінің негізгі ұстанатын принциптері

2. Спорттық білім беру принциптеріне сипаттама.

Дене шынықтыру және спорт педагогикасында дене жаттығуларының үйрету барысында педагогикалық процестің барлық компоненттері қолданылады. Педагогикалық процесс дегеніміз алдыға қойған мақсат барысында педагогикалық процесс компоненттері арқылы нәтижеге қол жеткізу. Ол тұтас педагогикалық процесс барысында іске асырылады. Тұтас педагогикалық процесс дегеніміз оқу мен тәрбие бірлігі. ТПП жұмыс мазмұнына, ерекшелігіне, тәсілдеріне және ұйымдастыру түрлеріне байланысты іске асырылады. Педагогикалық жұмыста өзінің үйрету заңдылықтарына байланысты принциптер екі түрге бөлінеді. Біріншісі қимыл-қозғалысқа үйрету принципі, ал екіншісі дененің сапалық қасиеттерін, тәрбиелеуде қолданылатын спорттық жаттығулар принциптер. Педагогикалық принциптерді жаттығу жұмысында қимыл әдістерін меңгеруде қолданғандықтан дидактикалық (оқыту) немесе жалпы әдістемелік оқыту принциптері деп те атайды. Педагогикалық ғылымда принциптер бастапқы калыпты жағдайды басқарушы орталық құрылымы, тәрбиеші мен тәрбиеленуші, жаттықтырушы мен жаттығушы арасында іс-әрекеттерді үйрету процесінің заңдылықтар көріністерін көрсетеді. Принцип жәй ғылыми немесе іс жүзінде жүретін нақты фактор ғана емес, онымен бірге мәселенің нақтылы шешілуі мен факторлардың таралуын педагогикалық көзқараста сәйкестендірілу жағын камтиды.

Дене шынықтыру және спорт жүйесінде көптеген басқа да принциптер бар, олар заңдылықты тек қана педагогикалық істе ғана бейнелейді. Дене шынықтыру және спорт педагогикасында оларды «дене шынықтыру және спорт педагогикасы қағидалары» деп атайды. Оқыту барысында балаларға ең алдымен қимыл-қозғалыстарды саналы түрде үйретіп, оны қайталап жасатып дененің қимыл-қозғалыс жасайтын мүмкіншілігін білу. Оқыту тәсілінің үйлесімді болуы ақыл-ойдың дұрыс қалыптасуына әсерін тигізіп, принципті жүзеге асыруда балалардың білімді жүйелі түрде игеруі қарастырылады. Сабақ мазмұнының дұрыстығына көз жеткізіп, оқушы тарапынан туған сұрақтарға жауап беру, көп жағдайларда оқушылардың тәрбиешінің белсенді түрде айналысуына көмегін тигізеді. Оқушылар оқыту кезінде іс-әрекеттен өзінің алдына қойған мақсатты және оны саналы түрде орындауына қатысты тәрбиелік бағытта өтуі керек. Мұғалім әрқашанда өз алдына қоғамдық маңызы бар бір мақсатты қоюы мүмкін, ал оқушының мақсаты жекелеген жаттығуларды жақсы орындап, жақсы баға алумен шектеледі. Кей жағдайларда мұғалім мен оқушының мақсаттары сәйкес болуы да мүмкін. Мысалы: мұғалім өз алдына бақылау сабағын өткізуді мақсат етіп қойса, ал оқушылар бақылау сабағына күні бұрын дайындалады. Осындай сәйкестіктер әрқашанда қиын жағдайлардан мақсатқа жету үшін әрекетті уақытында орындауды тәрбиелеуге, қоғамдық маңызы мақсаттарға жету жолында жақсы нәтижелерін береді.

Саналық пен белсенділік принциптері

Саналық пен белсенділік принциптері оқылатын, үйренетін қимыл-қозғалыс жұмыстарды саналы түрде белсене қабылдап алуға бағытталған. Оқу үйрену ісіне саналы түрдегі көзқарас оқушылардың алдына қойылған жалпы мақсаты мен міндеттеріне ықыласпен қарауына, сондай-ақ әрбір нақты сабақтарда өтетін қимыл-қозғалыстардың жеке мақсаттарынан басталады. Дене тәрбиесі ғылымына үлес қосқан ғалым П.Ф.Лесгафт (1837-1909) өзінің «Дене тәрбиесі жаттығуларына үйрету тәсілі» атты еңбегінде алғашқы рет жаттығуларды орындауды саналық қағидасымен ұштастыруды талап еткен. Ғалымның айтуынша балалар тек мұғалімнің көрсеткенін ғана орындап қоймай,

өздерінің орындайтын жаттығуларын шығармашылық жолмен байқауы, ұғымдар құрауы, талқылауы, салыстыруы және бағалауы үшін дене жаттығуларын орындау кезінде балалардың ойын оятып, оны жұмысқа қатыстыра білуді іске асыру керек дейді. Тек саналы меңгеру ғана жаңа білімді бұрынғы біліммен түсініктер қорына қосуға, оларды топтап, реттеуге, пәндер ішіндегі және пән аралық байланыстарды тұтас бақылап отыруға мүмкіншілік береді. Кез келген жаттығулардың ең алдымен балаларға түсіндірілуін, олардың орындайтын жаттығуы жөнінде өздерінің және жаттығуды орындау ісіне толық саналы түрде талап етеді. Оқыту негізіне жататын заңдылықтар, өзінің функционалды мүмкіншілігіне қарай әртүрлі болады. Сондықтан оқыту принциптерін мақсатқа сәйкес, өзара байланысты төрт топқа бөледі. Олар қарым-қатынас, бағалау, сәйкестілік және құрылу принциптері қимыл-қозғалыстарды қалыптастыруда, балалардың саналы және белсенді түрде оқытуды, бірыңғай негізгі функционалды мүмкіншіліктері мен қарым-қатынас принципіне топтастырылады.

Оқыту мен тәрбиелеу қажеттілігіне байланысты жасқа, жынысқа бөлу және адамның өзіне тән ерекшеліктерін, оның шамасына қарай лайықтығы және көрнекілік қағидасының мақсаты мен мүмкіншіліктеріне қатысты қағиданың сәйкестілік тобына қосылады. Қозғалыс құрамын құрастыру қажеттілігі үйлесімді болуы үшін оқу тапсырмаларын қайталау, жүйелеу бірізділік және сатылап меңгеру қағидаларын құрастыру тобына кіреді. Қағидалар әртүрлі болғанымен, олардың бәрінің көрсетіп бейнелеуі әрқилы педагогикалық ықпал жасаумен адамның жеке басының бір тұтастығына әсерін, жан-жақты көмегін тигізу жағынан көрінеді. Әртүрлі жастағы адамдарды оқыту кезіндегі міндетті түрде керек қағидалар талабын жүзеге асыруды олардың әрқилы дәрежедегі дене дайындығы еске алынуы қажет.

Оқытушы мен оқушының мақсаттары сәйкес келмеген жағдайда оқушы мақсатын бірте-бірте қоғамдық мақсатты шешуге бағыттап, жалпы мақсатты істі орындауға көмектесу қарастырылады.

Оқушы, оқыту үйрету барысында алдына қойылған талаптарды орындауға тиіс, тек сонда ғана алға қойылған мақсат түбірлі шешіледі.

Оқушылар өмір тәжірибесінде керекті, қолданбалы жаттығуларды үйреніп алады. Бұл жұмыс күрделі және ұзақ уақыт жұмсауды керек етеді. Қолданбалы жаттығулардың маңызы денсаулықты жақсарту ретінде, жұмыс қабілеттілігін арттырып саналы түрде өзін өмірге дайындауға машықтанады. Спорттық дайындық нәтижесінде өзінің еңбекке және Отанды қорғауға дайындығын ойламай, тек қана өзінің жеке басының жоғарғы нәтижелерге жеткенін ғана мақұлдайды. Сондықтан да оқушылардың саналы түрде іс-әрекеттерді орындауы мына жолдармен жүргізіледі: 1. Оқытуда алдын-ала қимыл-қозғалысты ойланып орындау. 2. Іскерлікті тәрбиелеуде жататын әдісінің бөліктеріне назарын шоғырландыру. Мысалы: биіктікке секіруді «тебіну» тақтайына аяқтың дәл келуі, одан соң тебінен кейінгі қимыл қозғалысына көңіл аудару. 3. Бұлшық ет сезімінің әсері арқылы ойлау қабілетін қалыптастырып іс-әрекет істеу кезінде ішкі құрылыс жүйесінен хабарын дұрыс пайдалана отырып, жіберілген қателерді түзету, оқушыларды өз ісіне баға беріп отыруға үйрету.

Саналылық пен белсенділік принциптері таным процесінің аяқтау кезеңінде білімді тәжірибе жүзінде пайдалану кезеңінде де бой көрсетеді. Үйретудегі белсенділікке оқушылардың дене тәрбиесіне саналы түрде қарауы арқылы жетуге болады. Үйренудің басты мәні болып қимыл-қозғалыс кезіндегі іс-әрекетті орындаудағы орындаушының белсенділігі болып есептелінеді.

Дене шынықтыру және спорт педагогикасында ілімінде белсенділік екі жақты қаралады: оның біріншісі баланың белсенділігі болса, екіншісі оқу саласындағы сипаттамасы болып табылады. Белсенділік әртүрлі жағдайда пайда болуы мүмкін, атап айтқанда: қимыл-қозғалыс көрінісінде, арнаулы білімді қабылдаудағы белсенділік, жеке дара білім алуға талпыныс кезінде, сабаққа дайындалуға жағдай жасау көрінісінде тәртіпті, жағымды жағымен, әртүрлі жағдайда сабырлы көмегін көрсетуде көзге түседі.

Педагогикалық жұмыста бастапқы бейне мұғалім болып, оның қызметі тәрбиеленушілердің белсенділігіне қажет. Әсіресе, олардың әділетті талпыныстарына жаңалық ашуына жағдай жасап, бойларындағы белсенділік деңгейінің өсуіне көмектесу керек. Жас кезеңдерінің өзгеруіне байланысты оқушылар белсенділігінің үлкен өзгерістерге ұшырауы ықтимал. Мысалы, мектепке дейінгі және бастауыш сынып оқушыларының деңгейі әртүрлі сатыда болады.

Оқушыларды белсенділікке талаптандырудың ең күшті құралы дене шынықтыру сабағы. Сабақты өткізу барысында оқушыларды топ басшылары, төрешілер, бақылаушылар, мұғалімнің жәрдемшілері және басқа да әртүрлі міндеттерді орындау жұмысына тартып баулу керек. Осындай жұмыстар арқылы оқушының саналы белсенділігін арттыруға болады.

2. Үйрету тәсілдерін ғылыми жолмен негіздеу принциптері

Бұл қағида үйретуді ұйымдастырумен оның мазмұнын, үйрету тәсілдері және ілімін іс-тәжірибесімен ұштастыруды ғылыми жолмен негіздеуді талап етеді. Мұғалімнің білім дайындығын жүйелі түрде жаңалап, оқыту жұмысын жоғарғы дәрежеде ұйымдастыруды ғылыми ережеге сәйкес қолданылуы қажет. Сондықтан да ғылыми қағиданы жүзеге асыруда мына бір ережелерді есте сақтау керек. Оқыту құжаттарын жинақтау кезінде ғылымдар жүйесі мен фактілер ғылыми тұрғыдан қолданылуы керек. Ғылыми ережені бұрмалауға және тым жеңілдетуге болмайтынын ескертіп, дидактикалық жүйенің ғылыми жүйені жаңалап шығаруға шамасы келмейді. Сондықтан да ғылыми жаңалықтар дидактикалық жүйеде, педагогикалық заңдылықтармен санасуының арқасында іске асырылады. Оқыту тәсілдерін қолдануда оның педагогикалық және психофизиологиялық негіздеріне назар қажет себебі бір тәсілдің өзі қолдану барысында әртүрлі нәтиже кіреді. Сабақ барысында арнаулы ғылыми сөздерді қолданып, балалардың бойына сіндіре беру.

Сонымен, ғылымилық принциптерді жеке пәндер бойынша мектепте оқылатын ғылыми фактілер, ұғым және заңдылық жүйесі ретінде пайдалану болып табылады. Ғылыми қағида сондай-ақ тұрпайлықтан, аса қайырымдылықпен тым оңайлату

жіберуден, кейбір жеке ғылыми бұрмалаудан, ғылыми ұғымдарды ретсіз пайдаланудан сақтандырады

Қағиданың ғылыми негіздері оқушыларға түсінікті, жас шамасына (лайықты жеңіл және қарапайым өңделген түрде түсіндірілуі тиіс.

3. Беріктік принциптері.

Беріктік принцип білімді, қимыл-қозғалыс дағдысын орнықты меңгеру деген мағынада қарастырылады. Оқушылардың білімді жете меңгеріп алып, оны оқуда күнделікті өмірде пайдаланып, іс жүзінде жүзеге асыруға тиіс.

Ғылыми принцип оқу процесінің барысындағы үйрету, оқыту жұмысын бағаласа, беріктік қағидасы осы жұмыстардың кейінгі ақтық нәтижесінің игерілуіне баға береді. Мұның өзі үйренген қимыл-қозғалыстарды істей алу мен қатар, орындауды ұзақ уақытқа дейін есте сақтап керекті уақытта әртүрлі жағдайларда қолдана біліп, қалыптасқан қимыл-қозғалыс дағдысын жүзеге асыру іскерлігін танытады. Үйретумен оқытуда арнаулы білім беру де тұрақты қарастырылып, оның жалпы негіз етіп есте сақтау заңдылықтарына сүйеніп, педагогикалық маңызын білу қажет. Ол үшін оқушылардың ойлау белсенділігін салыстыру арқылы жалпы қағиданы қорыту, талдап, сапалы түрде ақыл-ойын дамыту. Білімін көтеру қимыл-қозғалыстарды үйрену, меңгеру жұмысымен қоса қатар жүргізіледі. Беріктік қағидасын орнықты қолданудың шартты негіздерінің бірі қимыл-қозғалыс жүйесін қалыптастыру көптеген жағдайдарға тәуелді, оның ішінде қайталау мерзімі, оқушының мүмкіншілігі мен қозғалыс құрылымының сипатына байланысты.

Беріктік принципті жүзеге асыруда негізгі міндетінің бірі басты қозғалыстың қажеттісін саралап алып, оның екінші кезектегі бөлшектеріне бөлудің ерекше маңызы бар. Үйрену барысында оқушының міндетті деп қабылданған қимыл-қозғалысты епті орындауы, оның негізгі қорын толықтырып қана қоймай, сонымен бірге беріктік қағидасының іргетасын қалау болып есептелінеді.

4. Көрнекілік принциптері.

Қимыл-қозғалысты үйретудің басты кезеңі, оны түсіндіруден басталып, оқушылардың көру, есту, сезіну мүшелері

арқылы іске асырылады. Мұғалім, әртүрлі көрнекілік оқу құралдарын пайдалана отырып, үйрету жұмысындағы мақсатты орындауда адам алдымен ой елегінен өткізіп одан соң іс жүзінде іске асырады. Игеру, оқыту кезіндегі мұғалімнің көрсетуі, көлемдік, дыбыстық көрнекілік жаттығудың сипатын суреттеу негізін көрнекілік қағидасына жатады. Мұғалімнің көрнекілік қағидасын орынды пайдалануы оқыту процесінің көздеген мақсатқа жетуінің бірден-бір негізгі кепілі болып табылады. Көрсетуді қолданып іске асыруда бірнеше талаптар қойылады.

1. Жаттығуларды толық немесе бөлшектеп орындап көрсету мен қоса кейбір қимыл-қозғалыстарға көңілін аудару қажет;

2. Жаттығудың дұрыс орындалуын қалыптастыратын қимыл үлгісін кеңінен қолдану;

3. Әрбір көрсетуде жаттығудың негізгі бөліміне, бөлшектеріне оқушылардың ықыласын аудару;

4. Қандай да болсын, қимыл-қозғалыстарды қараудағы тиімді шолу аймағы болады. Кейбір жаттығулар алыстан қырынан қарағанда жақсы көрінеді. Осылай көрсетуді бірінші рет айтып көрсетуде қолдану керек. Мысалы: оқушылар ұзындыққа секіргенде немесе допты лақтыруда қозғалысты қырынан бақылау көп нәтиже береді. Мөлшерлі қашықтық 10-15 метрдей болғанда ғана орындалған жаттығуды басынан аяғына дейін көруге мүмкіндік туады. Сол сияқты әрбір жаттығуды орындағанда тиімді жағын ойластыру қажет;

5. Жаттығуды орындау кезінде сөзбен түсіндіріп, сұрақтарға жауап беру арқылы оқушылардың белсенділігін, қабылдау мүмкіншілігін арттыру;

Кей жағдайларда орындау барысында пайда болатын қателіктерді көрсетіп, одан соң қайталап дұрыс орындалуын көрсету, дұрыс қабылдауға көмегін тигізеді.

Тікелей көрсетуге жаттығуды бейнелеп суреттеуде жатады. Бұл да бастауыш класс оқушылары мен сабақ өткізгенде пайдаланылады.

Көрнекілік қағидасында жанама түрімен жаттығуларды бейнелеу басқа түрде көрсетіледі. Мысалы: кинограмма, сурет, кесте.

Көрнекілік, жаңаны тану ретінде, ой немесе әңгімені елестету үшін аңғарымпаздығын дамыту және құжаттарды есте жақсы сақтау үшін қолданылады.

5. Қайталау принциптері

Қайталау - бұл оқушының сабақты жақсы түсініп саналы игеруе және жоғарғы нәтижеге жетудегі басты да ерекше түрі. Сондықтан, оқытуда қимыл-қозғалыстардың ұдайы қайталануы аталған қағиданы іс жүзінде тәрбиелік маңызы зор, ол балалармен жүйелі түрде жұмыс істеу барысында іскерлік пен дағдылы қозғалыс қабілетін қалыптастырады.

Қайталау принциптері өз жұмысын жүзеге асыруда үш түрлі жағдайға сүйенеді. Бірінші жағдай дене тәрбиесі жаттығуларының әсерлігін қайталау ғана күшейтеді. Екінші жағдай дене тәрбиесі жаттығуларын қайталау барысында қажу мен шаршаудың пайда болып, бірақ ол тұрақты болмайды. Сондықтан да қайталауды қолданғанда оның сипаты мен орындалу санын ғана қарастырмай оның тынығу аралығында еске алған дұрыс. Қимыл-қозғалыстарды үйретуде қайталаудың сипатына қарай түрге бөлуге болады. 1. Жай қайталау қимыл-қозғалысты берілген негізінде өзгеріссіз орындау. Көп жағдайда мұғалімнің көрсеткен жаттығуды бұлжытпай көшіріп, көрген үлгісіне жақындатып орындау. 2. Түрлендіріп (нұсқаны) қайталау. Мұның алдына қойған мақсаты өзгеше. Қимыл қозғалысты орындауда дененің сапалық қасиетін қолдану арқылы жаттығулардың орындалу сипаты өзгеріп отырады.

Дене тәрбиесінің жаттығуларын жүйелі түрде қайталау дағдылы қозғалыстарды қалыптастырудың қажетті әдісі болып табылатындығы тәжірибе жүзінен белгілі. Оқушыларға ой салмай, салыстырмасыз, олардың назарын жаттығулардың түр сипатына, әдісіне жаңа белгілерімен ерекшеліктеріне көңіл аудармай жүргізілген мақсатсыз қайталау қажетті нәтиже бере алмайды.

6. Жүйелік принциптері

Дене тәрбиесі жаттығуларын үйрету процесіне барлық жұмыс белгілі бір жүйемен өтуін талап етеді. Қағиданың негізі тиімді оқыту заңдылықтары, педагогикалық процестің тұтас мазмұндық дәрежесімен тығыз байланыстылығында. Мазмұны-

ның тұтастығына жүйедегі мақсаттарының өзара байланысы, қолданылған құралдар, тәсілдер және есімді уақыттағы сабақты ұйымдастыру түрлері жатады. Жүйелік, оқу пәнінің логикасында көрсетеді, өйткені әрбір пәнде бір-бірінен туындайтын өзара байланысты ұғым жүйесі болады.

Сонымен қатар, белгілі қимыл-қозғалысты байланыстыратын заңды және т.б. жүйелік қағидасының: жұмысын қамтамасыз етуші бағдарламалармен оқу жоспарлары жасалынады. Қажеттілігіне қарай жалпы бағдарламалардың оқу жылына немесе жарты жылдыққа бір тоқсанға дене тәрбиесі жаттығуларының кезеңдеріне, спорт түріне қарай бөлшектенуі мүмкін. Жаттығулар белгілі бір жүйемен үйретілуіне орай қойылатын талаптар да және үйрету тәсілдері де күрделене беруі тиіс. Дене жаттығуларын үйретудегі жүйеліліктің сақталуының маңызы ерекше.

Көптеген жаттығуларды орындағанда оқушылардың қимыл мүшелері мен іш құрылысының жаттығуларды орындауға дайындығы қатаң ескеріледі. Мысалы: оқушылардың саусақ бұлшық еттері, қолдарыны мен бүкіл иық бұлшық еттері дамыған болса ғана тартылу жаттығуларын орындауға болады. Үйрену процесінде оқушылар өзінің әлі мен мүмкіншіліктерінің даму жағынан бір орында тұрып қалмауы қажет.

Жүйелілік оқушылардың үздіксіз алға басуы үшін оларға қиындық туғызатын, көп күш жұмсаудан соң игерілетін жаттығулар беріледі. Мұнда шектен тыс күрделі денеге өте көп күш жұмсауды талап ететін жаттығуларды беруден сақтану керек. Мұғалімнің жұмысында жүйелік қағидасының сақталмауы оқушыларды ықылас-ынтасының төмендеуіне және мұғалімнің беделін түсіруіне апарып соғады.

Әдебиеттер:

1. Тер-Ованесян А.А. Педагогические основы физического воспитания М.Физкультура и спорт. 1978 -206
2. Есмағанбетов З.Е. Дене тәрбиесі ілімінің негіздері. ҚарМУ баспасы. Қарағанды. 2001.

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ – КӘСІБИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗІ

Жоспары:

1. Педагогикалық қарым-қатынас, педагогикалық өнер және шеберлік

2. Әлеуметтік байланыс және қарым-қатынас.

3. Кәсіби қарым-қатынастың негізгі түрлері, құралдары

1. Педагогикалық қарым-қатынас, педагогикалық өнер және шеберлік

Қарым-қатынас – адамның рухани, қоғамдық және тұлғалық жағынан көрінуінің маңызды ортасы, адамдармен өзара түсіністікке қол жеткізу құралы.

Қарым-қатынас қоғам өмірінде бірнеше маңызды функцияларды атқарады:

- коммуникативтік - адамдармен тіл табысуды қамтамасыз ету;
- ақпараттық - адамның білім, білік, дағдыны игеруіне, рухани жетілуіне ықпал ету;

- психотерапевтік - дарындылардың басқаларға салауатты ықпалы;

- педагогикалық - сананы қалыптастыру;

- гедонистік - адамды қарым-қатынас жасаудың нәтижесінде рухани қанағаттандыру, ләззат алу;

- адамгершілік-эстетикалық;

- діни.

Педагогикалық қарым- қатынас жүйесінің құрылымы:

1) бастапқы кезең - қарым-қатынасты модельдеу

2) тікелей қарым-қатынасты ұйымдастыру

3) қарым-қатынасты меңгеру

4) Жүзеге асырылған қарым-қатынасты талдау.

Қарым-қатынас стилі тәрбиеші мен тәрбиеленушінің әлеуметтік-психологиялық өзара әрекетіндегі дербес психологиялық ерекшеліктері екені белгілі:

1) бірлескен шығармашылық қызметке әуестену негізіндегі қарым-қатынас

2) Достық ықылас негізіне құрылған қарым-қатынас стилі

3) Дистанциялық

- 4) Демократиялық
- 5) Қорқыту
- 6) Өзіл-қалжың аралас қарым-қатынас

Педагогикалық өнер деп тәрбиешінің психологиялық-педагогикалық білім, білік, дағды жиынтығын терең меңгерумен қатар, оның кәсіптік құмарлығын, терең педагогикалық ойлауы мен жігер-нанымын, өмірге адамгершілік-эстетикалық қатынасын, сенімі мен еркін айтады. Мұның барлығы тәрбиенің тиімділігі мен сапасын қамтамасыз етеді.

Педагогикалық өнер тұтас құбылыс ретінде бірнеше компоненттерден тұрады. Олардың ішінде:

1. Мақсат жүйесі (бағдарлау мен ынталандыру).

Мақсат барлық педагогикалық іс-әрекетті мағыналы ете отырып, қалған компоненттерді өзара байланыстырып, біріктіреді. Адамгершілік тәрбие беру мақсатының жүйесін жалпы адамзаттық және адамгершілік-эстетикалық мұрат, яғни жеке тұлғаны, оның барлық мәнді күштерін жан-жақты дамыту идеясы анықтайды. Тәрбиеші дүниетанымдық, азаматтық, ақыл-ой, құқықтық, экологиялық, еңбек, политехникалық тәрбиенің негізгі бағыттарын практикада жүзеге асырумен өзара байланыста нақты көре білу керек.

Педагогикалық мақсаттың мәнін түсіну, оны іс жүзінде жүзеге асыра білу - тәрбиеші жұмысының сапасы мен тиімділігін анықтайтын шарт болып табылады.

2. Тәрбиеленуші туралы педагогикалық әлеуметтану, психология және физиологиялық тұрғыдан білімі.

3. Тәрбиешімен өзара қарым-қатынасты ұйымдастырудың этикалық-эстетикалық принциптері:

- 1) мақсатқа талпынушылық пен болашаққа ұмтылушылық. Мақсатқа талпынушылық - адамның өз мінез-құлқын тұрақты өмірлік мақсатқа бағындыруы және оның бұлжытпай іске асырылуы бола отырып, демократиялық қоғамда жеке тұлғаның адамгершілік, қоғамдық және тұлғалық мәні зор сапасы ретінде айқындалады. Тәрбиеші үшін бұл тәрбие мақсатын жақсы біліп қана қоймай, әрбір тәрбиеленушінің бойында мақсатқа талпынушылықты тәрбиелеу қажеттілігін көрсетеді.

2) принципшілдік (айтқан сөзінде тұру, бір бағытты ұстану; «принцип» латын сөзі - негізгі, бастапқы дегенді білдіреді) пен әділдік. Тәрбиешінің қашанда педагогикалық ар-ожданы жоғары тұруы керек, этикалық нормаларды сақтай білуі тиіс. Принципшіл педагог өзіне және тәрбиеленушіге қойылатын талапты қай уақытта болмасын (жұмыс барысында, мінез-құлқында, адамгершілік қатынастарда) төмендетпейді. Этикалық-эстетикалық принциптерге тәрбиешінің қатаң сүйенуі тәрбиеленушіге үлгі-өнеге болады, жүрегінде сенім отын тұтады.

3) талап қоя білушілік, адамның жеке басын құрметтеу мен сыйлау. А.С.Макаренко өз ісінде осы принципке сүйене отырып, былай деген еді: «адамға барынша үлкен талаптар қою керек, бірақ сонымен бірге оны барынша құрметтеу керек». Бұл принципті сақтау адамның дұрыс дамуын қамтамасыз етеді, тәрбие жұмысына ерекше ынтаны тудырады.

4) сенім білдіру, шұғыл шешім қабылдай білу мен нақтылық. Педагог тәрбиеленушіге сенім білдірмесе, оны тәрбиелей алмайды. Әрине, тәрбиеленушінің сенімді ақтамайтын кездері болады. Осының өзі, яғни сенімді ақтамауды талдау, оған баға беру де ерекше педагогикалық мәнге ие болады.

5) тәрбиеші мен тәрбиеленушілер қарым-қатынасында іскерліктің, жинақылықтың, тәртіп пен өз ойын айта білушіліктің болуы. Жұмыстағы сәттіліктер психологиялық өзара әрекетті, өз күшіне сенімділікті тудырып, жақсы адамдық және іскерлік сапаларды жетілдіреді.

6) жеке тұлғаның (тәрбиеленушінің) өмірінің жақсаруына қызығушылықтың болуы, оны қызықты, мәнді етуге талпыну.

7) қарым-қатынастың жоғары этикалық және эстетикалық стилі мен сипатын қалыптастыру. Өзара қарым-қатынасты адамгершілік мұраттарды ұстану, сөйлеу мәдениетіне көңіл бөлу, өзін-өзі ұстай білу ескерілуі шарт.

4. Педагогикалық өнердің келесі компоненті - тәрбиешінің тәрбиеленушінің әлеуметтік мінездемесі мен оның топтағы өзара қарым- қатынасын білуі.

Әлеуметтік әдістеме тәрбиешіге ұжым туралы мәлімет алуға, яғни кімнің көшбасшы екендігін анықтауға, ұжымдағылардың өзара қарым-қатынасын, кім-кіммен араласып, өзара

жақсы көзқараста, кертартпалар кім екендігін көруге мүмкіндік береді. Осы мәліметтерге сүйене отырып, белсенділерді қалыптастыруға, тәрбиеленушілердің өзара-қатынасын ұйымдастыруға болатыны сөзсіз.

Әлеуметтік мінездемені табиғи мінездемемен шатастыруға болмайды.

Әлеуметтік бақылау - сол сәтте ғана объективті түрде қалыптасқан бейне, оны педагогикалық құралдар көмегімен өзгертуге болады.

5. Өнертану, сахна өнері, сөйлеу өнерінен хабардар болу.

Педагог техникалық тәсілдер, әдістер, қарым-қатынас шеберлігінің көмегімен өмірлік, шындық қатынастарды айқын ашып көрсете алады. Адамның нақты бейнесі мен психологиясын көрсететін әдеби, музыкалық, бейнелеу өнері, өзіндік экрандық шығармалар педагог үшін адамтанудың маңызды оқулықтары болып табылады.

Сахна өнері мен сөз өнерінің педагог үшін маңызы зор, ол өзін-өзі ұстауға, анық сөйлеуге тәрбиелейді.

Педагогикалық өнердің осы компоненттерін игеру тәрбиешіні педагогикалық шеберлікке жетелейді.

Шеберлік іс-әрекетте көрінеді. Ол «педагогикалық іс-әрекеттің жоғары деңгейі... белгілі бір уақыт аралығында педагогтің жоғары нәтижелерге қол жеткізуі...» немесе «оқыту мен тәрбиелеудің жоғары және тұрақты деңгейде жетілдірілген өнері» немесе «мұғалімнің әдістемелік өнер туралы ғылыми білім, білік, дағдылары мен жеке тұлғаның қасиеттерінің жиынтығы» (А.И.Щербаков) ретінде анықталады.

Педагогикалық шеберлік іс-әрекетте көрінгенімен (Н.В.Кузмина), оған келіп тірелмейді және арнайы біліктердің жоғары деңгейімен сипатталғанымен, бұл ең бастысы емес. Педагогикалық шеберліктің мәні тәрбиешінің жеке тұлғасына, оның ұстанымы мен іс-әрекетті жоғары кәсіптік деңгейде басқару қабілеттеріне байланысты.

Тәрбиешінің шеберлігі тәрбиелік іс-әрекетте көрінеді, оған мынадай компоненттер жатады: мақсат, құралдар, объект, субъект, осы аталғандар оны басқа іс-әрекеттен ажыратып тұрады.

Тәрбиеші жұмысының мақсатын қоғам анықтайды, яғни тәрбиешінің өз еңбегінің соңғы нәтижелерін таңдап алуға еркі жоқ, оның әрекеті жеке тұлғаны жан-жақты дамытуға бағытталуы тиіс.

Тәрбиелік іс-әрекеттің объектісі - адам, ол табиғаттың өлі материалы емес, қайталанбас өзіндік сапалары бар, өзгеріп отыратын белсенді тіршілік иесі. Сол сияқты, тәрбиелік іс-әрекеттің «объектісі» бір уақытта оның субъектісі, педагогикалық ықпалға әртүрлі қарайтын, оны өзінің ішкі әлемі, өз тұжырымдары бойынша қабылдайтын тіршілік иесі де болады.

Субъект - тәрбиеленушіге ықпал ететіндер - тәрбиеші, ата-ана, ұжым. Тәрбиеленушіге ықпал етудің негізгі құралы – тәрбиешінің жеке тұлғасы, оның білімі мен біліктілігі. Егер тәрбиеленуші тәрбиешінің жеке тұлғасын қабылдаса, оның білімі мен іс-әрекетіне сын көзбен қараса, онда олар оның ықпалына қарсы шығады. Нағыз тәрбиеші жеке тұлғаға адамгершілік тұрғыдан жағымды әсер ететін адам ғана болады.

Тәрбиенің басты құралдары - тәрбиеленушілер атқаратын іс-әрекеттің әртүрлі түрлері: еңбек, қарым-қатынас, ойын, оқу. А.С.Макаренко өзінің тәрбие жүйесінің орталығын - ұжымдық іс-әрекет ретінде ұйымдастырылған өндірістік еңбек деп санады.

Педагогикалық шеберліктің мәнін тұлғалық-әрекеттілік тұрғыдан былай түсінуге болады: шеберлік - кәсіптік іс-әрекетті өздігінен ұйымдастырудың жоғары деңгейін қамтамасыз ететін жеке тұлғаның қасиеттерінің кешені. Мұндай маңызды қасиеттерге мыналар жатады: тәрбиелік іс-әрекеттің гуманистік бағыттылығы, тәрбиешінің кәсіптік білімі, педагогикалық қабілеттілік пен педагогикалық техника.

Жеке тұлғаның бағыттылығын мұрат, қызығушылық, құндылық бағдарлар құрайды.

Тәрбиешінің бағыттылығын құрайтын құндылық бағдарлар: өзіне-өзі сену бағдары; педагогикалық ықпал құралдарына бағдар; тәрбиешіге, ұжымға құндылық бағдар; тәрбиелік іс-әрекеттің мақсатына- гуманистік стратегия.

Педагогикалық шеберліктің негізі - кәсіптік білім, оның негізгі ерекшелігі - кешенді түрде болуында, тұлғалық әсемденуінде, яғни тәрбиешінің жеткізе білуінде.

Қарым-қатынасты адамдардың қоғамдық қатынастарды жүзеге асыру барысында бір-бірінің саналарына ықпал ету белгілері арқасында көрсетілген іс-әрекеттер арқылы олардың жүріс-тұрыстарын өзгерту және үйлестіру мақсатына бағытталады. деп қарастыра отырып, қарым-қатынастың барлық қоғамдық болмысты қамтитындығын айтпай болмайды.

Психологтер (Выготский, С.А.Рубинштейн) адамдар қарым-қатынастарын өзара ойлармен, сенімдермен, әсерлермен бөлісу ретінде анықтай отырып, олар, ол сезім мен ойды берудің бағыттылықтың көрінуімен тығыз байланысты қарастырады.

Қарым-қатынас жалпы қоғамның да және әрбір адамның да мәнін сипаттайтын бір жазықтығында жатыр, себебі қоғамның бөлігі қарым-қатынастағы адам болады. Демек, әрбір жеке индивидтің дамуы онымен қарым-қатынаста болатын басқа да индивидтердің дамуына тәуелді болады.

Жеке тұлға «жалпы қоғамдық қатынастардың» жиынтығы болғандықтан, қарым-қатынассыз қалыптасуы мүмкін емес. сондықтан да, өзін-өзі және өзінің айнала қоршаған ортаға, адамдарға қатынасын түсіну нәтижесінде, адам басқа адамдармен қарым-қатынаста болып, өзінің «Менін» түсінеді. Демек, қарым-қатынас коммуникативтік қызметті жүзеге асырушы.

Жеке тұлғаның әлеуметтенуі В.А.Соковиннің көрсеткендей, күрделі процесс және ол үш деңгейде жүзеге асады.

1) қоғамның жалпы индивидке ықпалы, қоғам өз байлығын, арман мұратын, мақсатын қарым-қатынас арқылы – оның әлеуметтік ұйымдастырылған құрылымы арқылы береді;

2) жалпы қарым-қатынас өрісінде жеке тұлғаға ықпал ету жалпы ақпарат құралдары арқылы жүзеге асады;

3) кіші топтар ішінде жеке тұлғаға ықпал ету түйіскен қарым-қатынас арқылы жүзеге асады.

Оқушы сияқты даму үстіндегі адамға, жеке тұлғаның қалыптасуы кіші түйіскен топтардағы қарым-қатынастан басталады (семья, балалар бақшасы, мектептегі класс). Міндетті түрде осыдан жеке тұлғаның коммуникабельді (сөйлеу мәнерлігі) - үлкен адамға арнайы ізетпен қарау, тіл таба білушілік қабілетін жүзеге асыру, өзіне назар аударта білушілік және т.б. қалыптаса бастайды. «Қиын» балалардың пайда болуының себептерінің

арасында зерттеушілердің «қарым-қатынастың тапшылығын» баса көрсетулері кездейсоқ емес.

Түйіскен топтардағы бала жеке тұлғасының қарым-қатынастарының үшінші деңгейі ұстаз үшін өте маңызды. Зерттеушілер жоғары класс оқушыларында үлкен адамдардың араласпайынша жеке тұлғалық қасиеттердің көрінуін басып тастауға әкелетін, жиі қажет емес қарым-қатынас стилі қалыптасады

Тұрақты орнықты түйіскен топтар болған жағдайда, ол бұл тек қана белгілі бір деңгейде іс-әрекеттерді ұйымдастырғанда ғана мүмкін, топ мүшелерінің бір-бірімен қарым-қатынасуына қолайлы кеңестік жасалынады. Топ мүшелерінің тиімді бірлестікке қызығушылығы, қарым-қатынастың жасампаздығын, екі жаққа да тиімділікке бағыттылығын ұштастыруды жасайды. Балалар ұжымына ұстаздың ықпал ету мүмкіншілігі, оның кіші топтағы байланыстарының психологиялық сенімді болуына, шынайы тілектестіктің қалыптасуына, қарым-қатынастың затының неден тұратындығымен байланысты. Міне сондықтан, мақсаттарды, міндеттерді және түйіскен топтағы іс-әрекеттің жетістіктеріне жету әдістерін ұғыну, ұжымның басты белгісі болады.

Ұжымның мағыналы іс-әрекеті әрбір жеке индивид үшін қарым-қатынастың толық, құнды маңызды болуына ынталандырады. Тек қана, жалпы қоғамдық маңызды іс-әрекеттің нәтижелігіне деген қызығушылық, негізінде әрбір индивидке қарым-қатынас барысында ойлармен, сезімдермен, әсерлермен алмасу есебінен рухани өсуіне мүмкіншілік алады.

Кіші түйіскен топтағы қарым-қатынас, әрбір индивидтің шығармашылық өсуіне қосымша мүмкіндіктер жасайды – топтың әрбір мүшесі үшін толықтырушы принцип, алынатын мәліметтер аумағының дүркін-дүркін өсуіне, басқа индивидтермен қарым-қатынас барысында өз идеяларын, көзқарастарын бірнеше рет тексеруге айналады.

Адамның басқа түйіскен топтың мүшелерімен қарым-қатынасы оған өзін-өзі түсінуге, өз жетістіктері мен қателіктерін бағалауға көмектеседі.

Мұғалімнің іс-әрекетінің түрі болатын әмбебап қарым-қатынас.

Қоғамдық қатынастардың құрылымына байланысты қарым-қатынастың әртүрлі типтері болады.

Мүделері бір-біріне қас антогонистік таптары бар қоғамдық құрылымдарда әдетте қарым-қатынас бір жеке тұлғаның екіншісін өзін жаншуға, адамгершілік сезіміне қысым жасауға, біреуді кемсітіп, тіл тигізіп қорлаумен сипатталатын қатынастың сондай типі үстем болады. Бұл сыртқы белгілер сатылық көрінісі әртүрлі менменділіктен күш көрсетуге дейін, бірақ та олардың мәні бір қожайын мен жұмыскер қатынасы сияқты болып қала береді. Барлық кезеңдер мен халықтардың көркем әдебиеттерді бізге бұл тұрғыда жеткілікті мысалдарға толы.

Көрсетілген қарым-қатынастың типіне жекеше де, ықпал ету өте әртүрлі болуы мүмкін және оған себептер өте көп.

Белгілі бір қарым-қатынастың түріне дағдыланып кету, мысалы үстемдік ету қарым-қатынасы өндірістік құрал-жабдықтарына жеке меншіктіліктен туатын қоғамдық қатынастардың құрылымы мен ғана емес бұл әдет отбасында үлкен мүшелерінің тәжірибелерінің және басқада жағдайларынан шығады.

Ерікті қарым-қатынас, ойын, ақыл және дене еңбектерінің өзіндік ерекшеліктері бар, бұларды мұғалім оқушылардың іс-әрекеттерін ұйымдастыруда естен шығармауы керек. Тіршілік ортасы ретіндегі табиғатпен қарым-қатынаста біздің қоғамымызда қабылданған барлық тірі жан дүниеге деген қамқорлық білінеді.

Болашақ мұғалімдерді қарым-қатынас мәдениетіне оқыту үшін педагогикалық ситуацияларды қолданудың кейбір әдістемелік нұсқаулар.

Ситуацияның толық дамуы (қайшылықтардың пайда болуымен оны шешу) мысал негізінде біз мұғалім мен оқушылармен қарым-қатынастары және оқушылардың өз арасындағы қарым-қатынастарының көбіне мұғалімге байланысты болатындығын көрсеттік. Тек мұғалім ғана, қай жерде және неге қарым-қатынастағы дау жанжал ситуациялар пайда болатындығын және оны шешу жолдарын біледі.

Нақтылы жағдайда педагогикалық жоғары оқу орнының студенті, еңбек жолын жаңа бастаған мұғалім дау жанжалдық ситуацияларды тек қана тіл таба алмаушылық деп бағалайды, шиеленіске әкелетін қарам қайшылықтарды көрмейді.

Сондықтан, болашақ мұғалімдердің еңбек жолын жаңа бастаған ұстаздар проблемалық мәселелердің мәнін ашып көрсетіп теориялық материалдарды меңгерулер

Оқу жұмысы барысында шексіз көп ситуацияларды қарастыру мүмкін емес. Барлық сан алуан педагогикалық ситуацияларды жеті негізгі қарым-қатынастың түрлеріне: екеуін қарым-қатынас типіне, бесеуі қарым-қатынас затынан туатын қарым-қатынас түрлеріне жатқызуға болады. Олардың саны оған қатысушылардың құрамына байланысты көбеюі мүмкін. Бұл дау жанжалдағы қарым-қатынастар ситуацияларын, оған қатысушылар құрамынан тәуелсіз шешудің жалпы принциптерін қарастыруға мүмкіндік береді.

Тек алдын-ала дайындықтан кейін ғана оқу басталады. Ол екі бөлімнен тұрады:

а) қарым-қатынастағы дау-жанжалды талдау мен оның шешімін болжау (сондықтан студенттерге толық ситуация емес, тек қана оның бірінші бөлігі – дау-жанжал бөлігі) беріледі;

б) оның дамуы алдын ала болжаған нәтижелер беруге тиісті ситуация моделдеу.

Қарым-қатынастағы дау-жанжалды талдау қарым-қатынастың ерекшелігінен туатын белгілі бір жоспар бойынша жүзеге асады. Бұл жоспарды дұрыс шешімі бар қарым-қатынас ситуациясын қарастырған соң, студенттермен бірлесіп жасаған дұрыс тұрады;

Талдау жоспары бірнеше пункттерден тұрады;

1. Қарым-қатынасқа қатынасушы екі жақтары қарым-қатынастың қандай типі мен оның түрін ұсынып отыр?

2. Қарым-қатынастың пәні не?

3. Қарым-қатынаста дау жанжалдың пайда болуына не себеп болды?

4. Осы нақты ситуацияға сәйкес дау-жанжалға қатысушы жақтардың әрекеттеріне жанжалды сылып алып шешу үшін қосымша қандай өзгерістер енгізуге мүмкіндік бар?

5. Қарым-қатынастағы дау-жанжалды шешу үшін ситуацияға қатысушы жақтарының өзгеріс енгізілгеннен кейін әрекеттері қандай болады?

6. Қарым-қатынастағы дау-жанжалдық ситуацияны шешу неге әкелетіндігін алдын ала айтып беріңіз?

Дау-жанжал ситуациясын талдаудың жоспарын талқылағаннан кейін студенттерге дау жанжалды баяндап беру талап етіледі (бірақ ситуацияның толық дамуы берілмейді) олар ситуацияда өздерін байқап көреді. Бұл сияқты бейнелеулер мен көріністер оқу құралдарында бар. Оларды алдын ала студенттердің күшімен дайындауға болады.

Қарым-қатынас ситуацияларын талдауды карама-қайшылықтарды шешу нәтижесінде алынған жақсы тәрбиелік әсерді қорытындылаумен аяқтаған жөн.

Педагогикалық процесте ұстаз бен балалардың оқушылардың өз арасында пайда болатын қатынастардың тәрбиелік ролін ұғыну, мұғалімді оқушылардың сабақ барысында және одан да тыс жерлерде өзара әрекеттерін саналы түрде реттеп, тәрбие тетіктерінің әсерін күшейту мақсатында, және кәсіби қарым-қатынас мәдениетінің жоғары деңгейінің нәтижесінде болады.

Ең ақырында кәсіби іс-әрекеттің объектісі арасында белгілі бір байланыс бар, ал ол кәсіпкердің іс-әрекет объектісіне сай қасиеттерді меңгергенде ғана анықталады. Мұғалім үшін ондай қасиеттер: педагогикалық процесті жүйелі түрде көру, педагогикалық құбылыстарды ұғынуға дайындық, ұжымды ұйымдастыруға қабілеттік, оқушылармен шығармашылық қарым-қатынас үшін жағдай жасау.

Әдебиеттер:

1.Сарбасова Қ.А., Шаушекова Б.Қ. Педагогика негіздері. Оқу-әдістемелік құралы. –Қарағанды; ҚарМУ, 2004. 125 бет.

2. Хмель Н.Д. Жалпы білім беретін мектептегі педагогикалық процесс. –Алматы; Ғылым, 2002. -170 бет.

Ахметова Г.К., Исаева Э.А., Әлқожаева Н.С. Педагогика: Оқулық, -Алматы: Қазақ университеті, 2006. -220 бет.

4.Қоянбаев Ж.Б. Педагогика. –Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕАУ 1998. 378 бет.

ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Грек тілінен аударғанда педагогика.

- A) қайта жаңғырту;
 - B) бекіту;
 - C) басқару;
 - D) баланы жетектеу.
 - E) қайталау;
- *****

2. Педагогика алғаш рет осы ғылымның аясында қалыптаса бастады:

- A) психология
 - B) мәдениеттану
 - C) философия
 - D) физиология
 - E) әлеуметтану
- *****

3. Педагогика – ол:

- A) ғылым және өнер
 - B) өнер
 - C) шығармашылық
 - D) технология
 - E) тәрбиелеу шеберлігі
- *****

4. Жалпы педагогика бөлімдері:

- A) Педагогикалық психология, таным теориясы
- B) Әлеуметтік педагогика, педагогика тарихы, әскери педагогика
- C) Логопедия, сурдопедагогика, тифлопедагогика, олигофренопедагогика
- D) Мектепке дейінгі педагогика, мектеп педагогикасы, үлкендер педагогикасы
- E) Жалпы негіздері, тәрбие теориясы, дидактика, мектептану

5. Ғылым ретінде педагогиканың негізін қалаған:

- A) Ж.Ж.Руссо.
- B) Сократ.
- C) Д.Локк.
- D) А.С.Макаренко.
- E) & Я.А.Коменский.

6. Білім беру мазмұнын анықтаудың дидактикалық материализм теориясы бойынша білім беру мақсаты:

- A) оқушылардың ойлауын дамыту
- B) оқушылардың қиялын дамыту
- C) оқушыларға әртүрлі ғылымдардан неғұрлым көп білім беру
- D) іс әрекет әдістерін қалыптастыру
- E) & тұлғаны дамыту

7. Педагогика ғылымы төмендегі ғылымдардың қайсысымен тығыз байланысады?

- A) математика, география, еңбек
- B) филология, физика, тамақ өнеркәсібі
- C) философия, астрономия, медицина
- D) & философия, психология, физиология
- E) дене тәрбиесі, сурет, еңбек

8. Педагогика ғылымының мына саласы дене шынықтыру педагогикасымен байланысты?

- A) Әскери педагогика
- B) Мектеп педагогикасы
- C) Кәсіби техникалық білім беру
- D) & Жалпы педагогика
- E) Дефектология

9.Педагогиканың объектісі:

- A) оқыту процесі
- B) педагогикалық жүйе;
- C) тәрбие процесі
- D)& қоршаған педагогикалық шындық
- E) адамның психикасы

10.Педагогиканың зерттеу пәні:

- A) тәрбие
- B) тұлға
- C)& тұтас педагогикалық процесс
- D) педагогикалық іс әрекет
- E) тұлғаны және оны даму заңдылықтарын зерттеу

11.Педагогиканың негізгі категориялары:

- A)& тәрбие, оқыту, білім беру, педагогикалық процесс;
- B) дене тәрбиесі, валеологиялық тәрбие;
- C) өзін-өзі тәрбиелеу, өздігінен білім алу;
- D) спорттық сауықтыру жұмысы
- E) спорт, дене шынықтыру;

12.Педагогиканың негізгі ұғымдары:

- A) оқыту формалары, оқыту құралдары;
- B) сабақ, оқыту, даму;
- C) оқыту принциптері,; педагогикалық процестің компоненттері
- D)& тәрбие, білім беру, оқыту;
- E) өздігінен білім алу, өзін-өзі тәрбиелеу;

13.Педагогика ғылымының міндеттерінің бірі-

- A) оқушылардың қабілеттерін айқындау;
- B) оқушылар білімін бақылау мен анықтау;
- C) тұлғаның рухани дамуын зерттеу;

- D) балалар ұжымын қалыптастыру.
 - E)& оқыту мен тәрбие заңдылықтарын зерттеу;
- *****

14. "Педагогикалық процесс" ұғымын тұңғыш рет ғылымға енгізген:

- A) М.А. Данилов
 - B) Я.А. Коменский
 - C) Р.Г. Лемберг
 - D) Н.Д. Хмель
 - E)& П.Ф. Каптерев
- *****

15. Педагогикалық процесс:

- A) Оқушылардың сабақ кезіндегі өзіндік танымдық әрекеті.
 - B) мектептің әкімшілік жұмысын басқару.
 - C)& оқушылардың бірлескен ұстаздардың қатысуымен және басшылығымен жүзеге асатын іс-әрекет.
 - D) мұғалімнің танымдық іс-әрекетін бақылау.
 - E) оқушыларға бағытталған педагогикалық іс-әрекет.
- *****

16. Педагогикалық процестің заңдылықтары:

- A) спорттық мектептің оқу-жаттықтыру процесін ұйымдастыруға қойылатын талаптар.
 - B)& процестің әр түрлі жақтары арасындағы объективті байланыстар;
 - C) оқыту принциптері мен ережелері;
 - D) спорттық-педагогикалық процестің ережелері;
 - E) тәрбиелеу принциптері мен ережелері;
- *****

17. Педагогикалық процестің компоненттері:

- A) Педагогтер, оқушылар
- B) Бала-бақша, мектеп, жоғары оқу орындары.
- C) Оқыту, тәрбиелеу, дамыту.

- D) & Мақсат, міндет, мазмұн, әдіс, форма, нәтиже.
E) Оқыту бағдарламалары, оқулықтар, оқу жоспары.

18. Педагогикалық процеске міндетті түрде қатысушылар:

- A) ата-аналар мен қоғамдық ұйымдар.
B) оқушылар, жас спортшылар.
C) & оқушылар, мұғалімдер мен педагог-
жаттықтырушылар.
D) педагогтар мен оқушылар ұжымы, жаттықтырушылар
мен спорттық ұжым.
E) оқушылар ұжымы мен ата-аналар;

19. «Педагогикалық процестің қызметі оқушылардың жас ерекшеліктері мен даму деңгейлеріне сай келуіне байланысты». Бұл:

- A) & педагогикалық процестің заңдылығы
B) білім саласындағы мемлекеттік саясаттың принципі
C) жаттықтырушыларға қойылатын педагогикалық талап
D) спорттық жарыстар ережесі
E) басқару ережесі

20. "Педагогикалық процесс екі жақты процесс, ол ұстаздармен оқушылардың өзара тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің әрекетімен байланысты, міндетті түрдегі екі жақты іс-әрекет". Бұл -

- A) зерттеу әдісі
B) тәрбие принципі;
C) педагогикалық басқару ережесі
D) тәрбиелеу ережесі
E) & педагогикалық процестің заңдылығы

21.Педагогикалық процесі ұйымдастыру принциптері:

- A) спорт жағдайында тәрбиелеу формалары мен құралдары
B) дене шынықтыру пәні мұғаліміне арналған әдістемелік нұсқаулар
C) жас спортшыларды үйрету ережелері
D) мұғалімнің іс-әрекетін ұйымдастыруға қойған негізгі талаптар
E) педагог-жаттықтырушының басқару тәсілдері

22.Педагогикалық мамандықтардың жалпы мақсаты:

- A) жас спортшыларды дайындау
B) мәдениет құндылықтарына адамды бейімдеу
C) балалардың дене тәрбиесі
D) спорт жағдайында тұтас дамыған тұлғаны тәрбиелеу
E) жас өспірімдердің интеллектуалды мәдениетін дамыту

23.Педагогикалық іс-әрекет мәні:

- A) оқушыға әсер ету
B) оқушыларды басқару
C) оқушыларға тек білімдер беру
D) әлеуметтік тәжірибені беру, оқушыны дамыту және өмірге дайындау жағдайын жасауды ұйымдастыру
E) әлеуметтік сұранысты орындау

24.Педагогика ғылымының функциялары:

- A) Оқыту, тәрбиелеу принциптерін құру
B) Ғылыми –теориялық, технологиялық
C) Педагогикалық озық тәжірибені қорыту, игеру, және тарату
D) Зерттеу нәтижелерін практикаға енгізу
E) Оқыту, тәрбиелеу заңдылықтарын ашу

25.Педагогикалық ғылымдар жүйесіне мыналар енеді:

A) Спорттық физиология, спорттық медицина

B) биохимия, биомеханика, этика

C) дене шынықтыру және спорттық құқықтық негіздері,
спорт эконономикасы

D)& жалпы педагогика, жас ерекшеліктері педагогикасы,
педагогика тарихы, дене шынықтыру және спорт педагогикасы,
денсаулық педагогикасы және осындай салалық педагогикалары

E) спорттық метрология, мәдениеттану

26.Педагогика әдіснамасы:

A) Іс-әрекетте қойылатын талап, негізгі ережелер

B)& Педагогикалық теорияның құрлымы және негіздері,
ғылыми-танымдық іс-әрекеттерді құрудың формалары және
әдістері туралы оқу

C) Зерттеу міндеттерін шешу жолдарын көрсетеді

D) Зерттеушінің зерттелетін құбылысқа деген көзқарасы

E) Зерттелетін педагогикалық құбылыстың объективті
қасиеттерін көрсететін заңдылықтар

27.Педагогикалық технология:

A) педагогикалық іс-әрекетті ұйымдастыру ережелері

B) оқыту процесінің техникалық жарақтандыруы

C)& сабақ беру мен ұстаздық жоспарланған мақсаттары
мен оқушылардың іс-әрекеттерінің жетістіктеріне жету процесі

D) әлеуметтік тәжірибені тарату жолдары

E) тәрбиелеу процесін басқару қағидалары

28.Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістері:

A) Педагогика ағарту ісі

B) Конструктивтік жобалар

C) Жарыс, сайыс

D)& Байқау, әңгіме, эксперимент, сауалнама тарату

E) Альтернативтік жобалар.

29. Ғылымның соңғы жетістікері негізінде педагогикалық процесті ұйымдастыруды келесі принцип талап етеді:

- A) Мықтылық
- B) Салалық
- C) Жүйелілік
- D) Көрнекілік
- E) Ғылымилық

30. Қандай бақылауды ғылыми-зерттеу әдісіне жатқызамыз:

- A) бала өз достарының футбол алаңындағы ойындарын бақылады
- B) компьютерлік бағдарламалардың көмегімен мұғалім пәннің жеке тақырыптарын меңгергендегі оқушылардың дамуын бақылайды
- C) сынып жетекшісі оқушылардың дұрыс киінуін бақылайды
- D) кезекші мұғалім асханадағы тәртіпті бақылады
- E) адам белгісіз затты бар назарына салып көрді

31. Зерттеудің теориялық деңгей әдістері тобына кірмейтіндер:

- A) Талдау мен синтез;
- B) Абстракциялау
- C) Үлгілеу
- D) Әдебиет көздерін зерттеу
- E) сұхбат алу, анкета жүргізу

32. Я.А. Коменскийдің «Ұлы дидактика» еңбегі қай жылы шықты:

- A) 1857 ж.;
- B) 1632 ж.;
- C) 1670 ж.;
- D) 1748 ж.;

Е) 1861 ж;

33.«Не үшін? Неге? Қалай? Қай жерде оқыту керек? Қандай ұйымдастыру формаларында?» - осы сұрақтарға жауап беретін:

А)& дидактика

В) мектептану

С) тәрбие теориясы

Д) оқыту әдістемесі

Е) тәрбиелеу мен оқыту технологиясы

34.Оқытудың сөздік әдісінің бір түрі:

А) есеп шығару

В) жаттығу

С) танымдық ойындар

Д)& лекция

Е) тренинг

35.Оқытудың ауызша әдістері:

А) Тәжірибелік жұмыс

В)& Әңгіме, түсіндіру, әңгімелеу, оқулықпен жұмыс

С) Жаттығу, байқау

Д) Иллюстрациялау, демонстрациялау

Е) лабораториялық жұмыс, иллюстрациялау

36."Оқытудың "алтын" ережесін енгізген?

А) С.А.Макаренко

В) А.Дистерверг

С)& Я.А.Коменский

Д) И.Г.Пестолоций

Е) Ж.Ж.Руссо

37.Дәстүрлі оқыту технологиясы:

- A)& сыныптық-сабақтық оқыту жүйесі
- B) проблемалы оқыту
- C) концентрлік оқыту
- D) бағдарламалық оқыту
- E) дистанциялық оқыту

38.Оқытудың көрнекілік әдісі:

- A)& иллюстрация
- B) лабораториялық әдіс
- C) лекция
- D) танымдық ойындар
- E) жаттығу

39.Білімнің мазмұнын, білім алушылардың даярлық деңгейін анықтайды:

- A) Оқулықтар
- B) Бағдарлама
- C) Оқу жоспары
- D) Жылдық жоспар
- E)& Білім беру стандарты

40.Сабақтың құрылымы:

A) сабақта пайдаланатын оқытудың құралдары мен әдістерінің біртұтастығы

B) сабақ үстінде жүзеге асырылатын дидактикалық, дамытушылық және тәрбиелік міндеттердің біртұтастығы

C) сабақта жүзеге асырылатын тәрбиелік және дидактикалық міндеттердің біртұтастығы

D)& сабақтың элементтерінің бір-бірімен байланыстылығы .

E) оқушылардың танымдық әрекетінің біртұтастығы және оқылатын материалды пайдалану

41. Оқыту әдісі дидактикада қандай сұраққа жауап береді:

- A) Қашан оқыту қажет
- B) & Қалай оқыту қажет
- C) Не үшін оқыту қажет
- D) Қайда оқыту қажет
- E) Нені оқыту қажет

42. Оқу жоспары -

- A) Оқу пәндерінің жинақталымы
- B) & Оқу пәндерінің құрамын әрбір сынып және пән бойынша апталық сағат санын анықтайтын мемлекеттік құжат
- C) Оқу пәндерінің саны, сонымен бірге әр оқу пәнінен білімнің мазмұны
- D) Пәндер бойынша оқу материалының мазмұны, тақырыптар мен тарауларға бөлінген сағаттар саны, оқу жылының басталуы мен аяқталуы, оқушылар демалысының ұзақтылығы
- E) Білімнің негізгі «қайнар көзі»

43. Оқыту процесінің компоненті:

- A) Оқыту жоспары
- B) Мұғалім іс-әрекеті
- C) Оқыту бағдарламасы
- D) & Оқыту мазмұны
- E) Сабақ

44. Нәтижесінде білім, іскерлік, дағды, іс әрекет және жүріс-тұрыс (мінез-құлық) тәжірибесі, тұлға қасиеттері қалыптасатын педагог пен оқушылардың белсенді, мақсатты бағытталған өзара қимылдау процесі

- A) Тану
- B) & Оқыту
- C) Сабақ беру
- D) Тәрбие
- E) Білім беру

45. Оқу-жаттықтыру процесінде педагогикалық міндеттерді шешудің жаңа баламаларын табу, жаңа тәсілдерін қолданудың кәсіби икемділіктері – бұл педагогикалық....:

- A) әдеп
- B) қарым-қатынас
- C) шығармашылық
- D) қасиеттер
- E) техника

46. Мектептегі оқытуды ұйымдастырудың жетекші түрі:

- A) оқу пікір-талас
- B) оқу кеңесі
- C) оқу диалогы
- D) сабақ
- E) факультатив сабақ

47. Білім беру мазмұнын анықтау қандай сұраққа жауап береді?

- A) Неге оқыту
- B) Нені оқыту
- C) Қалай оқыту
- D) Қашан оқыту
- E) Кімді оқыту

48. Білім беру мазмұны -

A) оқушылардың жан-жақты дамуына, олардың логикалық ойлауын, танымдық қызығушылығын қалыптасуын, еңбек іс-әрекетіне дайындауды қамтамасыз ететін, мектепте оқытуға іріктелген білімдер, икемділіктер мен дағдылардың жүйесі

B) пән мұғалімі іріктеген пайдалы икемділіктер мен дағдылардың жүйесі

C) ақпарат түріндегі ұрпақтың қоғамдық тәжірибесінің бір бөлігі

Д) әр оқушының өз қажеттіліктері, бейімділігі мен қызығушылығына, өзіндік дамуына сай іріктелген білімдер мөлшері

Е) мектепте оқытылатын пәндердің тізімі, оларға бөлінген сағаттар саны, тақырыптар мен тараулардың сілтемесі.

49.«Білім беру» ұғымына анықтама беріңіз:

А) жеке адамның көзқарасын, адамгершілігін және т.б. қасиеттерін дамыту;

В) жеке тұлғаны кәсіпке даярлаудың нәтижесі

С) қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық, мәдени және дене дамуы мен кәсіби біліктілігінің жоғары деңгейіне қол жеткізуді мақсат ететін үздіксіз тәрбиелеу мен оқыту процесі

Д) ғылымда жинақталған білім жүйесін жеке адамның меңгеруі және оны өмірде қолдану

Е) Оқытушы мен оқушы арасындағы мақсатты бағытталған өзара қарым-қатынастың нәтижесі

50.Білім беру ұғымының анықтамасы:

А) Жеке адамның көзқарасын, адамгершілігін т.б. қасиеттерін дамыту

В) Ғылымда жинақталған білім жүйесін жеке адамның меңгеруі және оны өмірде тиімді етіп қолдана білу

С) Қоршаған өмірді терең де толық білуге құштарлығын арттыру

Д) Оқушылардың жеке пәндерді оқуға ынта-ықыласын арттыру

Е) Қоғам дамуындағы фактілерді, ұғымдарды, заңдарды меңгеру

51.Тұтас үздіксіз білім беру жүйесінің базалық бөлігінің негізі:

- A) Орта білімнен кейінгі кәсіптік білім беру
- B) Доктарантура
- C) Жоғары білім беру
- D) Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу
- E)& Орта білім беру

52.Зерттеудің эксперименталды-эмпирикалық әдістер тобына кірмейтіндер:

- A)& талдау мен синтез;
- B) педагогикалық тәжірибені зерттеу;
- C) педагогикалық эксперимент;
- D) бақылау;
- E) сұрақ-жауап әдістері.

53.Оқыту процесінде іске асырылатын функциялар

- A) Оқушылардың ой-өрісін кеңейту, іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру
- B) Оқыту әдістерін, құралдарын таңдау
- C)& Оқушыларға білім беру, оларды тәрбиелеу, дамыту
- D) Оқыту мақсатын қою, міндеттерін анықтау
- E) Оқыту мазмұнын, ұйымдастыру формаларын анықтау

54."Білім беру приоритеттік салаға айналып, тұлғалық, көпшілік және мемлекеттік құндылық болуы керек". Бұл мазмұндық түсініктеменің мәні:

- A) білім беру нәтиже ретінде;
- B)& білім беру құндылық ретінде;
- C) білім беру жалпымәдениеттілік феномен ретінде.
- D) білім беру жүйе ретінде;
- E) білім беру процесі ретінде.

А) оқыту **55.Оқыту әдісінің жеке көрініс немесе құрамдас бөлігі – бұл::**

принциптері.

В) оқыту заңдылықтары.

С) оқыту құралдары.

Д) оқыту ережелері.

Е)& оқыту тәсілдері.

56.Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы қандай мерзімдерге арналған:

А)& 2005-2010

В) 2005-2015

С) 2003-2010

Д) 2003-2030

Е) 2000-2005

57.ҚР «Білім туралы» Заңы қай жылы қабылданды?

А) 1998 ж.

В) 2005 ж.

С)& 1999 ж.

Д) 2004 ж .

Е) 2000 ж.

58.Тәрбие принциптері:

А) өзін-өзі тәрбиелеу мен қайта тәрбиелеу.

В) көрнекілік.

С) тәрбиеленушілердің белсенділігі мен өзіндік әрекеттенуі

Д)& адамның жақсы қасиеттеріне сүйену.

Е) тәрбиенің объективтілігі мен тәуелділігі

59.Отбасында баланы тәрбиелеу жүйесі сипатталады:

A)& баланың тұлғасын қалыптастыру үшін жасалған жағдайлармен, ата-аналардың мінез-құлқы және өзіндік стилімен

- B) бірлескен еңбекті ұйымдастырумен
- C) моральдық және материалдық көтермеленумен
- D) жиі және уақытша берілетін үй ішілік тапсырмалармен
- E) ата-аналардың тәжірибесін берумен

60.Отбасы тәрбиесін дұрыс ұйымдастыру жағдайларына жататын:

- A) балаларды үнемі жазалау
- B)& баланың өмірлік кеңістігін ұйымдастыру
- C) отбасындағы кикілжіңдер
- D) отбасындағы қарама-қайшылықтар
- E) баланың әр әрекеті мен жүріс-тұрысын үнемі қадағалау

61.Балалар – жасөспірімдер спорттық мектебіне қатысты «педагогикалық процесс» терминінің толық түсінігі:

A) жаттықтырушының оқыту іс-әрекеті және оның нәтижесі

B)& оқыту, тәрбиелеу және жаттықтыру процессінің бірлігі

- C) жаттықтыру процесі
- D) спорттық жарыстар процесі
- E) педагог – жаттықтырушының тәрбие жұмысы

62.Тәрбиелік іс деген:

A) оқушылардың қоғамдық пайдалы еңбегі.

B) оқушыларға арналған сабақтан тыс уақыттағы пайдалы іс

C) мектеп жанындағы тәжірибелік учаскедегі

оқушылардың жұмысына байланысты шара

D) дәстүрлі тәрбиелілік шаралар

Е)& тәрбиеленушілердің нақты тәрбиелілік іс-әрекетін ұйымдастыратын және жүзеге асыратын форма

63.Тәрбиенің ең басты мақсаты

- А) ұлттық тәрбие
- В) тұлғаның құқықтық тәрбиесі
- С) тұлғаның дене дамуы
- Д) тұлғаның жан-жақты және үйлесімді дамуы
- Е) азаматтық тәрбие

64.Тәрбиенің жалпы мақсаты:

- А) еңбекші адамды тәрбиелеу
- В) азамат тәрбиелеу
- С)& жан-жақты, гармониялы дамыған тұлғаны

қалыптастыру

- Д) белсенді тұлға тәрбиелеу
- Е) отбасын тәрбиелеу

65.Тәрбие жұмысын бақылау әдістері:

- А) әңгімелесу анкеталау
- В) әңгіме, дәріс
- С) педагогикалық жағдаяттар
- Д) тестілеу, анкеталау
- Е)& бақылау, құжаттарды тексеру, тестілеу, сауал,

оперативті талдау, есеп.

66.Тәрбие мақсаты:

- А)& тұлғаны қалыптастырудың жобаланған нәтижесі
- В) оқушылар үлгерімінің көрсеткіші
- С) мамандық таңдауға дайындау
- Д) қоғамды өркениеттендірудің деңгейі
- Е) оқушыларды оқытудың түрі

67.Тәрбие мақсаттарының түрі:

- A) & жалпы және жеке
- B) ұжымдық және топтық
- C) ұжымдық
- D) классикалық және қазіргі кезеңдегі
- E) сыныптық, жалпы мектептік

**68.Тәрбие мақсаты адамның қабілеттіліктері мен да-
рынын дамыту деп көрсеткен классик - педагог:**

- A) & И.Герbart
- B) Ж.Ш. Руссо
- C) И.Песталоцци
- D) Я.А. Коменский
- E) Джон Локк

69.Адамгершілік, ақыл-ой, еңбек және дене тәрбиелері:

- A) тәрбие моделі
- B) тәрбие жүйесі
- C) тәрбие құралдары
- D) & тәрбие бағыттары
- E) тәрбие мақсаты

**70.Тәрбие жұмысының дамытушылық функциясының
мәні:**

- A) & жеке қабілеттерді дамытуда
- B) оқушылардың іс әрекеттерін ұйымдастыруда
- C) дүниетанымдық және мінез-құлық негіздерін
қалыптастыруда
- D) оқушылардың танымдық мүмкіншіліктерін меңгеруде
- E) оқушылардың өзіндік іс-әрекеттерін басқаруда

71.Тәрбие (кең мағынада):

A) тұлғаның дамуына әсер ету.

B)& адамзат жинақтаған тәжірибені жас ұрапаққа беру процесі.

C) тәрбиелеу міндеттерін шешу.

D) адамды жетілдіру жүйесі.

E) тұлғаны әлеуметтендіру.

72.Тәрбие (тар мағынада):

A)& тәрбие міндеттерін шешуге бағытталған процесс және оның нәтижелері.

B) жеке адамды қалыптастыру.

C) балаларды түрлі өмірлік жағдайларға дайындау.

D) тәрбиешілердің арнайы бағытталған әсері .

E) тәрбиелілік ықпалы.

73.Өзін-өзі тәрбиелеу-бұл:

A)& Баланың жеке басының бейімділігінің ең жоғарғы формасы

B) Өзінің іс-әрекетімен мінез-құлық дағдысына есеп беру

C) Өз білімін арттыруға талпынуы

D) Өзінің ойлау ерекшелігі мен мінез-құлқына талдау жасау

E) Алға мақсат қою, өзін-өзі бақылау

74.Тәрбиелеу формасы:

A) тәрбиелеу процесінің формасы

B)& тәрбиелілік ықпалдың тиімділігін көтеру тәсілдері;

C) дене шынықтыру пәні мұғаліміне арналған әдістемелік құрал.

D) тәрбиенің жалпы әдісінің бөлігі;

E) тұлғаға ықпал ету ережелері;

75.Тәрбие принципі:

- A) Мықтылық
- B) & Үздіксіздік
- C) Тұрақтылық
- D) Ғылымилық
- E) Көрнекілік

76.Тәрбие құралдары:

- A) тәрбиелеу тәсілдерінің жиынтығы.
- B) тәрбиенің жалпы әдісінің бөлігі.
- C) тәрбиелік ықпалдың тиімділігін көтеру тәсілдері.
- D) & белгілі әдісті қолдану процесінде пайдаланылатын тәрбие жұмысының нақты формалары мен түрлері.
- E) тұлғаға ықпал ету ережелері.

77.Тәрбие жүйесі

- A) мектептің тұтас педагогикалық процесінің теориялық моделі
- B) түрлі тәрбие мекемелерінің ұйымдастыру мекемелері
- C) ағарту саласында мемлекеттік саясаттың негізгі принциптерін жүзеге асыратын, бір-бірімен байланыста тарихи қалыптасқан түрлі типтегі оқу-тәрбие мекемелерінің жиынтығы;
- D) «авторлық» мектептердің жүйесін басқару технологиялары
- E) & мақсаттар жиынтығы, ұжымдық қатынастармен қоршаған ортаға деген жүйенің бірлігі

78.Тәрбие жұмысы:

- A) сынып жетекшісінің қызметі;
- B) балалардың бос уақытын ұйымдастыру;
- C) тәрбиешінің балаларға мақсатталған ықпалы;
- D) & өзін-өзі дамыту мақсатында балалардың ересектермен бірлесе тіршілік іс-әрекетін ұйымдастыруға бағытталған мақсатты қызметі;

Е) жеке педагогтың немесе педагогикалық ұжымның жүзеге асыратын педагогикалық қызметінің түрі;

79.Эстетикалық тәрбиенің міндеттеріне жатады:

- A) & эстетикалық қажеттіліктерді тәрбиелеу
- B) саясаттық мәдениетін қалыптастыру
- C) салауатты өмір салтын қалыптастыру
- D) білім, икемділік пен дағдыларды қалыптастыру
- E) интеллектті дамыту

80.Эстетикалық тәрбиенің құралдары:

- A) & спорт , өнер.
- B) табиғат факторлары
- C) туризм
- D) гигиеналық факторлар
- E) дене жаттығулары

81.Әлеуметтену

- A) тұлға болуға қажеттілік
- B) адамның нақты мақсатқа сәйкес өз тұлғасын қалыптастыруы
- C) адамның әлеуметтік позициясы
- D) тұлғаның сандық және сапалық өзгеруі
- E) & түрлі типтегі әлеуметтік қауымдастықтар мен қатынастардың жүйелеріне жеке адамның интеграциялануы

82.Мамандықты дұрыс таңдауға әсер тигізіп, жалпы еңбектік икемділіктер мен қабілеттіліктерді дамытуға бағытталған оқушылар мен мұғалімдердің бірлескен іс-әрекеті

- A) Құқықтық тәрбие
- B) Экономикалық тәрбие.
- C) Экологиялық тәрбие.
- D) Дене тәрбиесі

Е)& Еңбек тәрбиесі

83.Тәрбиеші мен тәрбиеленушілердің өзара байланысты әрекет тәсілдері, ол:

- А) Жеке сұрау
- В) Тәрбие тәсілдері
- С) Тұлғалық қасиеттер
- Д)& Тәрбие әдістері
- Е) Тәрбие құралдары

84.Тәрбие процесінің заңдылықтары:

- А) Тәрбие мектеп ұжымына және оқушы жағдайына байланысты;
- В) Тәрбие іс-әрекетінің және қарым-қатынастың шешуші рөлі
- С)& Тәрбие іс-әрекетінің және қарым-қатынастың шешуші рөлі
- Д) Тәрбие мемлекеттік және адам қажеттілігіне байланысты

Е) Тәрбие отбасы және ата-ана жағдайына байланысты

85.Мектептің тәрбие жүйесі:

- А) түрлі тәрбие мекемелерінің жиынтығы;
- В) мектептің тұтас педагогикалық процесі
- С) ағарту саласында мемлекеттік саясаттың негізгі принциптерін жүзеге асыратын, бір-бірімен байланысты тарихи қалыптасқан түрлі типтегі оқу-тәрбие мекемелерінің жиынтығы
- Д)& ұжымның өмір сүруі және психологиялық ахуалы сияқты интегративтік қасиеттері бар және негізгі компоненттерінің бір-бірімен байланысты болған жағдайда ғана көрінетін тұтас әлеуметтік организм

Е) «авторлық» мектептердің жүйесі

86. Оқушыларды тәрбиелеу барысында есепке алынады:

- A) Интеллект
- B) Спорт шеберлігі
- C) Дене дайындығы
- D) Жас ерекшеліктері
- E) Білім дайындығы

87. Дене шынықтыру сабағындағы экономикалық тәрбие – бұл:

- A) Экономикалық тәртіп пен кәсіпкерлікті қалыптастыру
- B) Экономикалық ойлауды және экономикалық тәжірибені оқып қалыптастыру.
- C) Менеджмент пен маркетинг білімдерін меңгеру
- D) Экономикалық ойлауды, есті, білім алуды

қалыптастыру

- E) Нарықтық экономиканы білуді меңгеру

88. Тұлғаның өзінде меншікті құлықтық (адамгершілік) қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған саналы іс-әрекет:

- A) өзін басқару
- B) өзін тәрбиелеу
- C) өзін жетілдіру
- D) өзін дамыту
- E) өз бетімен білім алу

89. Интернационализм және патриотизм – азаматтық сезімдер мен қасиеттерді қалыптастыру – бұл:

- A) экономикалық тәрбиенің міндеті
- B) азаматтық тәрбиенің міндеті
- C) дене тәрбиесінің міндеті
- D) ақыл-ой тәрбиесінің міндеті
- E) валеологиялық тәрбиенің міндеті

90. Мұғалімнің басты функциясы:

- A) қоғамдық;
- B) бағалау;
- C) & тәрбиелеу, оқыту, дамыту процестерін басқару;
- D) азаматтық;
- E) аналитикалық.

91. Отбасы тәрбиесінің жалпы әдістеріне жатады:

- A) сұхбат;
- B) социометриялық әдіс;
- C) рейтинг әдісі;
- D) & сендіру;
- E) тестілеу

92. Азаматтық тәрбиенің өзегі

- A) & патриоттық және интернационалистік оймен әрекеті
- B) энциклопедиялық білім
- C) оқушылардың мақсатты әрекеті
- D) политехникалық білім
- E) тәрбиленушілер арасындағы талас тартыстың болмауы

93. Экологиялық тәрбиенің мақсаты

- A) салауатты өмір сүруді қалыптастыру
- B) Әртүрлі әрекеттерді меңгеру
- C) Диалектикалық-материалистік дүниетанымды қалыптастыру
- D) & жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру
- E) Экологиялық мәдениетті қалыптастыру

94.Мектептің тәрбие жүйесі:

- A) Түрлі тәрбие мекемелерінің жиынтығы
 - B)& Ұжымның өмір сүруі және психологиялық ахуалы сияқты интегративтік қасиеттері бар және тәрбиенің негізгі компоненттерінің бір-бірімен байланыста болған жағдайда ғана көрінетін тұтас әлеуметтік организм
 - C) мектептің тұтас педагогикалық процесі
 - D) Ағарту саласында мемлекеттік саясаттың негізгі принциптерін жүзеге асыратын, бір-бірімен байланыста тарихи қалыптасқан түрлі типтегі оқу-тәрбие мекемелерінің жиынтығы
 - E) «Авторлық» мектептердің жүйесі
- *****

95.Еңбек тәрбиесінің негізгі мақсаты:

- A) Құрал-саймандарды оқушыларға таныту.
 - B) Қайрат-жігерді тәрбиелеу.
 - C)& Саналы еңбекке, қоғамдық пайдалы еңбекке баулу.
 - D) Оқу мен еңбек тәрбиесін ұштастыру.
 - E) Өндіріс салаларымен таныстыру
- *****

96.Еңбекке мотивация және позитивтік қатынасты қалыптастыру - бұл:

- A)& Еңбек тәрбиесінің міндеті.
 - B) Экономикалық тәрбиенің міндеті.
 - C) Адамгершілік тәрбиенің міндеті.
 - D) Экологиялық тәрбиенің міндеті
 - E) Валеологиялық тәрбиенің міндеті.
- *****

97.Адамгершілік тәрбиесі балалардың:

- A) Мұғаліммен қарым-қатынас деңгейіне сәйкес жүргізіледі.
- B) Ата-анамен қарым-қатынас деңгейіне сәйкес жүргізіледі.
- C) Оқу үлгерімі деңгейіне сәйкес жүргізіледі.
- D)& Жас және дербес ерекшеліктеріне сәйкес жүргізіледі.

Е) Тәрбиелік деңгейіне сәйкес жүргізіледі.

98.Адамгершілік санасын қалыптастыру-бұл:

А) Ақыл-ой тәрбиесінің міндеті.

В) Эстетикалық тәрбиенің міндеті

С) Еңбек тәрбиесінің міндеті.

Д)& Адамгершілік тәрбиесінің міндеті.

Е) Дене тәрбиесінің міндеті.

99.«Паралелді ықпал ету» принципінің мәні:

А) Мектептің және отбасының ынтымақтастығы

В) Тәрбиеленушінің санасын, жігеріне және жүріс-тұрысына ықпал етуі

С) Мектептің, отбасының және жұртшылықтың ынтымақтастығы

Д) Тәрбиешімен тәрбиеленушінің өзара қарым-қатынасы

Е)& Тәрбиеленушінің тәрбиешілерге ұжым мүшелері, белсенділері арқылы ықпал етуі

100.Салауатты өмір салтының нормалары мен мінез-құлықтың ықпалды мотиві болатын олимпизм құндылықтары мен идеяларын оқушылар мен жас спортшылардың игеруінің арнайы ұйымдастырылған педагогикалық процесі:

А) экологиялық тәрбие мен білім беру

В) еңбек тәрбиесі мен политехникалық білім беру

С) валеологиялық тәрбие мен білім беру

Д)& олимпиадалық тәрбие мен білім беру

Е) экономикалық тәрбие мен білім беру

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қоянбаев Р., Қоянбаев Ж. Педагогика. Алматы 2004.
2. Омаров С.Қ., Мұқатаев А.А., Сарсекеева Ж.Е. Педагогика. Оқытудың несиелік жүйесіндегі сабақтар. Қарағанды, 2007.
3. Педагогика. Дәріс курсы. Алматы 2003.
4. Әбиева Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика. Алматы: Дарын, 2004.
5. Бержанов К. Педагогика тарихы. – А., 1984.
6. Жұмабаев М. Педагогика. А., 1993.
7. Ильина В. Педагогика. –М., 1984.
8. Коменский Я. В. Великая дидактика/ Избр. пед. сочин., 1955.
9. Көшекбаев Н. Оқыту теориясы. –А., 1988.
10. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Мектеп. Алматы, 2002.
11. Қоянбаев Р. Педагогика. –А., 1992.
12. Қоянбаев Р. Білім беру және оқыту теориясы. –А., 1990.
13. Қоянбаев Р. Тәрбие теориясы. –А., 1991.
14. Мектептегі тәрбие жұмысының методикасы. Құрастырған В.М. Коротов. –А., 1978.
15. Менжанова А. Педагогикалық пәндерді оқыту әдістемесі. РБК. Алматы, 1996.
16. Савин Н. Педагогика. –А., 1983.
17. Сарбасова Қ.А., Шаушекова Б.Қ. Педагогика негіздері. Қарағанды, 2004.
18. Сейталиев К. Тәрбие теориясы. –А., 1986.
19. Харламов И. Педагогика. –М., 1990.
20. Хмель Н. Педагогический процесс в общеобразовательной школе. –А., 1984.
21. Педагогика. Учеб. пособие для институтов ФКиС. В.В. Белоусова, И.Н. Решетень. М. 1986.
22. Педагогика спорта. А.А. Тер-Ованисян, И.А. Тер-Ованисян. М. 1987.
23. Педагогические основы физического воспитания. А.А. Тер-Ованисян. М. 1987.
24. Харламов И. Ф. Педагогика, М., 1998.
25. Слостенин В. А. и др. Педагогика. М., 1997.

26. Джуринский А. Н. История педагогики. М., 1999.
27. Леднев В. С. Содержание образования: сущность, структура, перспективы. М., 1991.
28. Поташник М. М. Внутришкольное управление. М., 1998.
29. Гессен С. И. Основы педагогики. М., 1995.
30. Стефановская Т. А. Педагогика: наука и искусство. М., 1998.
31. Управленческая и организаторская деятельность тренера. Н.В. Жмарев. Киев. 1986.
32. Формирование профессионального педагогического мастерства учителя ФКиС. М. 1986.

М А З М Ұ Н Ы

Кіріспе.....	
Дене шынықтыру және спорт педагогикасы – педагогикалық білімдер саласы.....	
Біртұтас педагогикалық процесс – дене шынықтыру мен спорт саласындағы мамандардың кәсіби педагогикалық қызмет нысаны.....	
Дене шынықтыру мен спорт жағдайында жан-жақты біртұтас дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеудің ерекшеліктері.....	
Педагогикалық басқарудың мәні жоспары	
Дене шынықтыру және спорт бойынша педагогикалық жүйелерді басқару мәні, принциптері.....	
Дене шынықтыру және спорт педагогикасы пәнінің негізгі ұстанатын принциптері.....	
Тест тапсырмалары.....	
Пайдаланылған әдебиеттер.....	

Д.Әбдіқадырова, С.Қоңырбаева, Б.Сәрсембаева

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ ПЕДАГОГИКАСЫ

Оқу құралы

Редакторы: Б.Е.Ахметова

Компьютерлік қалыптаушы: С.Е.Смағұлова

Көркемдеуші: А.Қалибекұлы

Басуға 25.06.2014 ж. қол қойылды. Пішімі 60 x 84/¹⁶.

Офсеттік қағаз. Компьютерлік терілім.

Әріп түрі «Times/New Roman» Riso басылымы.

Шартты баспа табағы 10

Таралымы дана.

Тапсырыс №

«Қыздар университеті» баспасы .
050000, Алматы, Гоголь көшесі 116 үй